

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Оглавление

Абдуманап Камила	4
Абилев Амирхан	5
Абилова Даяна	7
Алексеева Милана	8
Амангельды Аяулым	9
Артемяева Дарья	11
Асанбаева Гүлдәурен	13
Әскербеков Диас	15
Бағдат Оңғар	17
Байбекетова Ақерке	19
Байгабулова Нурай	23
Балташ Дархан	24
Баязитова Дания	28
Борашева Нұрхализа	29
Бөдеев Нұрсұлтан	31
Гедрайтис Марина	36
Гладких Наталья	39
Гладких Петр	40
Гурр Роман	42
Джумурбаев Тимур	44
Дроздова Анна	45
Дряхлова Юлия	47
Егешова Айым	49
Ерланқызы Жанерке	51
Есенғалиева Гулим	54
Есімханов Нұржігіт	58
Жақанова Ғалия	60
Жақып Аяулым	62
Жамбыл Асем	64
Жамойтина Софья	67
Жетібаева Сабина	68
Жетпысов Аблай	70
Жумағалиева Айжан	71

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Жумажанова Сабина	72
Жұмағазы Ақжол	73
Жұмагелдина Сәнімай.....	74
Жұмажанов Абылай	76
Заиргельдинова Аружан	78
Ибадилда Назым	80
Игнатченко Анна	84
Камбарова Аружан	86
Каниева Айжан	87
Катарова Акбота	88
Кашина Вера	90
Кәріғұлов Дәуіт.....	92
Келлер Виолетта	93
Кириянова Виктория	94
Колдеев Артур	95
Колесник Владислава.....	97
Көшкінбаева Толғанай	98
Күзенбаева Әлия.....	100
Қайратова Ақнұр	101
Құрымова Мейрамгүл	102
Лавренюк Анастасия	104
Лепихова Екатерина.....	107
Ливарчук Дмитрий	109
Макажанова Камила.....	109
Манатбек Ажар	111
Мекентай Бибарыс.....	113
Морозова Александра	115
Мукушева Ханшайым	117
Мусаева Инкар.....	118
Муталипова Ғайнел	119
Мухамедина Акбота	123
Мұхамадиев Дидар Русланович	125
Мұхамадиев Дидар	127
Мұхаметқали Саян	130

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Накупова Айдана	134
Нұрасылова Камшат	139
Нұрбопаев Еркебұлан	141
Нұрлыбаева Ақбота	143
Омар Альмира	144
Омарханова Роза	146
Ондрус Толкын	147
Өмірбаев Ясин	148
Прохорченко Ева	149
Райым Ақерке	150
Рымбаева Ажар	154
Сабырбаева Аяна	155
Сағындыков Дияр	159
Сағындық Нұрхат	160
Садирбекова Мадина	161
Садыкова Тоғжан	164
Санжарова Аида	166
Сванкулова Енлик	167
Сейтбаттал Сұңқар	168
Сейткамал Назерке	169
Серік Мейрам	170
Серова Александра	172
Тагиева Севиль	176
Тлеуханов Бекболат	177
Тұңғышбеков Сәбит	180
Федотова Мария	182
Хабалхан Ляззат	184
Шакирова Ульяна	186
Шалина Айзере	187
Шапай Торе	190
Шахиджанова Римма	193
Эberman Инна	194
Юрова Лидия	196

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Абдуманап Камила
4 сынып, №15 орта мектебі
Жетекшісі: Жакыпбекова М.Б.

Мектебiм-мақтанышым

Мектеп-кеме,білім-теңіз,
Толқында біз жүреміз
Желбіреген ақ желкені,
Ұстазым сенсің ұланымның ертеңі.

Иә мектеп, білім, ұстазым деген ұлы сөздер бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл сөздердің құдіретін ұға білу де парыз. Дана халқымыз “дарын жанып тұрған жалын”- дейді, әр оқушының өз таланты болады. Шәкірттері білімді, дарынды, қаламыздың қақ төрінен орын тепкен алтын ұя мектебiм жайлы мақтанышпен айтқым келеді. Білім ордамыз аз уақыт ішінде облыстық, республикалық деңгейдегі өткен білім саласы жағынан болсын, әр түрлі мәдени шараларда болсын жоғары дәрежелі деңгейде, қала мектептерінің арасында төрт жыл қатарынан «Жыл мектебі» номинациясымен жоғарғы көрсеткіштерге ие болғаны үшін марапатталды.

Менің мектебiм-менің мақтанышым! Неге десеніз, заманауи талаптарға сай, терезесі тең білім ордасы. Мектеп ұстаздарының арқасында түлектерінің білімділігі мен шығармашылығының нәтижесінде мектебіміз алдыңғы қатарда келеді. Мектебiмнің осы күндері мәртебесі биіктеп, түлектері көптеген беделді оқу орындарына түсіп, өнерлі жастары өркендеп өсуде. Әр оқу жылы, әр оқушыға өз жаңалығын әкеледі. Менің мектебіме биыл 5 жыл толады. Осы 5 жыл ішінде мектеп жан-жақты қырынан көзге түсіп, көп номинациялар, дипломадрға, орындарға ие болды. 5 жыл ішінде көп теген жетістіктерге жетті. Мектебiмнің дәлізінен өтсеңіз көздің жауын алатын, кеудеңді нұрға бөлейтін ақпарттар, оқу, білім туралы, оқушылар туралы баннерлерден сусындайсың. Осынша республика көлемінде атағы шығып, еліміздің көмегіне аз үлесін қосатын азамат пен азаматшалардың ой-санасына отансүйгіштік сезімді, білім нәрін сеуіп жатқан өнегелі орданы басқарып, алға жетелеп отырған мектеп директоры Қарлығаш Шәкәрімқызы-жаңа ұрпаққа заманауи талаптарға сай тәрбие мен білім беруге инновациялық іс әрекеттің ғылыми педогогикалық негіздерін меңгерген, дарынды оқушыларды қалыптастыруда нәтижеге бағытталған сапалы көрсеткіштерге ие болған, жоғары санатты жаңашыл ұстаз. Менің мектебiм - білімділер мектебі. Сабақ үстінде өтілген тақырыптар бойынша, таласа жүріп, тырмыса жүріп қосымша материалдар іздеп, ғылыми жобалар жазуға бейімделіп келеміз. Бұл түрдегі жұмыстарды

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

өнегелі ұстазым және де директордың оқу жөніндегі орынбасары Жакыпбекова Майра Берікболқызы.

Майра Берікболқызы маған 1-сыныптан бастап білім беруде. Көптеген оқушылар өз жобаларын өз жауаптарын үлкен творчестволық ізденіспен жасауда “Мұғалім-мектеп жүрегі” біздерді білім нәрімен сусындатып,маман даярлау жолында аянбай тер төгіп келе жатқан ұстаздардың еңбегі орасан зор.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез
Нұрын сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз.

Еліміздің көркейіп гүлденуі және өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен мына біздерден көрінеді.Ертеңгі куннің бүгіннен де нұрлы да жарқын болуы тек білімге ғана тән.Мектебіміздің тағы бір ерекшелігі “Гүлстан” республикалық ғылыми-танымдық көпшілік журналы әлеуметтік серіктесі бар. Осы әлеуметтік серіктестің көмегімен мектепалды көгалдандыру жұмыстары іске асырылды.

Мектебім менің мақтанышым,киелі алтын ордам. Арманым көп, алдыма қойған мақсатымды көп. Сол арманға, мақсатыма жететініме сенімдімін. Ұстаздарма, жоғары сынып оқушыларына қарап бой түзеймін. Мен қазір мектебімнің жетістігіне мақтанамын. Ал келешекте, мектебім менің қол жеткізген нәтижелеріме мақтанса деген ойдамын. Өсе бер, өркендей бер менің сүйікті мектебім!

Абилев Амирхан

10 сынып, №62 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

**Халық салт-дәстүрі құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық
тәрбие беру**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауындағы, Қазақстан тарихына енетін он негізгі идеяның бірі – патриотизм.Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Қай елде, қай заманда болмасын, бала тәрбиесіне ерекше мән берілген, өйткені бала ата- анаға ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі. Жалпы патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесінен басталады.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы негізгі міндеттерінің бірі: оқушылар мен жастарды патриотизмге, биік мәдениетке, адам құндылықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады деймін.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «... отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды парызы»- деген еді.

Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттің мүддесін қорғайтын патриотпын. Патриоттық тәрбие ұлттық намыс, ұлттық сана – сезім рухани байлықтан көрініс табады, деп ойлаймын. Рухани байлыққа ең алдымен, тіліміз, дініміз, салт – дәстүріміз жатады. Тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт – дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алып, рухани бай адам болғым келеді. Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы», - халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы айтқан. Менің саналы өмірдің, сапалы ұрпағы болу міндетім.

Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиедегі мақсат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару», - деген еді. Мен өз бойымда азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқуға, заңға, қоғамға қарсы келетін іс – әрекеттерден аулақ болуға тырысамын.

Абай Құнанбаев еңбектері жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, адамгершілік қасиеттерін оятуды үнемі мақсат етті. Мен Абайдың шығармаларынан үлгі аламын. Патриоттық тәрбие алу арқылы саналы сезімім, көзқарасым қалыптасты. Отанға деген сүйіспеншілігім өзімді тұлға ретінде сезуіме мүмкіндік береді, ал бұл болса, өмірде өзіме сенімді болуыма септігін тигізеді. Патриоттық рухта тәрбиеленудің алғашқы кезі мектепте деп білемін. Сондықтан, Отанға деген сүйіспеншілік, ана тіліне, салт – дәстүрге деген құрмет сезімдерінің, ең қарапайым түрі – оқушының, яғни менің – ұстазды құрметтеу, күнделікті сабаққа бару, берілген тапсырмаларды уақытында орындау, ізетті, инабатты болуым, деп түсінемін. Менің мақсатым – дені сау, ұлттық сана, сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адам болу.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз жеткіншек ұрпақты босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынайтын нар тәуекел мен іскерлікке тәрбиелеуіміз ләзім» деген сөзі, мені қазірден қоғамдық істерге, өнер мен спортқа, білімге, өнегелі өсиетке бейім болуыма тәрбиелейді.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Ежелгі ата – бабаларымыздың күміс күйі, айтыс өлеңдері, батырлар туралы тарихи дастандары, тәрбиелік бағыттағы «Шілдехана», «Бесікке бөлеу», «Тұсау кесу» тағы да басқа көптеген рәсімдерін оқып, содан өнеге, тәрбие алдым. Осылар арқылы елді, жерді, Отанды сүйшілік қасиеттері қалыптасып, патриоттық сезімім оянды. Отан деген сөзді күнде сезіп жүремін. Отан – адамның туып өскен жері, атамекені, халқы, туған – туыстары, жақындары.

Біздің Президентіміз Н. Ә Назарбаев : «Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», - деп айтты.

Халықтық салт – дәстүр, мәдениет құндылығы – халық қазынасының озығын, ақылды да әдепті жан – жақты жетілген патриоттық сезімдегі азамат тәрбиелеуде пайдалансақ, қателеспейміз. Жан – жақты ел тарихын білетін, Отанын сүйетін, заман талабына сай оқушылар мен жастарды тәрбиелеу бүгінгі күн талабы!

Мен Отаным деген құрметімді, алғысымды өлең жолдармен айтқым келеді:

Отаным,
Достық пен ынтымақ мекені,
Гүлденсін халқымның ертеңі,
Жасай бер, егемен,
Тәуелсіз елім!
Отаным, сүйікті мекенім!

Абилова Даяна
8класс, школа №34
г. Караганда

Моя Караганда

Мы – Карагандинцы, мы испытываем особое чувство гордости за свой край ещё и потому, что здесь начинал свою трудовую деятельность наш Президент Н. А. Назарбаев. Он начинал свою деятельность на Казахстанской Магнитке простым рабочим. Здесь закалился его сильный характер, здесь он прошел суровую школу жизни. Президент так отзывался о Караганде: «Караганда — индустриальное сердце республики. Я горжусь, что здесь

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

прошло моё становление — на этой земле, среди вас, я получил все самое лучшее».

Совсем недавно, а точнее, 10 февраля Караганда отмечала свое день рождения. Караганде исполнилось 80 лет! Все горожане были очень рады такому празднику. Почти 450 тысяч жителей отмечают юбилей города. За это время город обзавёлся сразу несколькими громкими названиями – шахтерская столица, космическая гавань, индустриальное сердце страны. А фраза “Где? В Караганде!” стала едва ли не более известной, чем сам город.

В 1833 году пастух Аппак Байжанов в степях Сары-Арки нашел первые куски каменного угля. Аппак даже и не подозревал о своем великом открытии. Но в те годы его находка никак не отразилась на развитии края.

1856 году после перехода Караганды в руки Петропавловского купца Н.Ушканова, здесь была начата добыча угля. Вот так постепенно город начал развиваться.

Имя города происходит от кустарника – караганника. Но это лишь одна из версий. На нынешний день Караганда самый большой город области по населению и четвертый по численности населения в Казахстане.

На территории города находится около 50 памятников истории и культуры: Дворец культуры горняков, Дворец спорта имени Н. Абдирова, театр им. К. Станиславского и С. Сейфулина, здание цирка, стадион Шахтер и памятники Н. Абдирову, Бухар жырау и многие другие памятники. В городе имеется 5 современных кинотеатров, Карагандинский экологический музей, Карагандинский областной музей изобразительного искусства, Карагандинский областной историко-краеведческий музей и зоопарк. Я люблю свой город и горжусь им. С днем рождения, моя Караганда!

Алексеева Милана

6 класс, гимназия 38,
г. Караганда

Мой независимый Казахстан

Двадцать два года назад наш Казахстан стал независимым государством. Как гласит история, сначала было трудно всем. Но наш народ выдержал. Выдержал всё: и финансовые трудности, и энергетические проблемы.

Зато теперь мы развиваемся в ногу со временем. О нас узнал весь мир. Казахстан известен как стабильное цветущее государство. Мы нормализовали экономические проблемы и улучшили жизнь людей. Всего этого достигнуто

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

благодаря нашему президенту, который уже два десятилетия стоит у руля власти.

Всё чаще можно видеть наш флаг на международных организациях. Всё чаще можно слышать наш гимн на олимпиадах. Это очень радует сердце. Радует то, что о моей стране знают.

Стоит отметить, как сильно преобразилась наша столица Астана. В Казахстане повысился уровень медицины и обучения. Для получения образования в ВУЗы нашей страны приезжает молодёжь из ближнего и дальнего зарубежья. Сейчас и мы можем спокойно пересекать границу в целях отдыха и обучения.

Я рада, что родилась уже в независимом Казахстане ведь именно здесь я смогу реализовать свои мечты и способствовать процветанию моей Родины. Я горжусь своей страной!

Амангельды Аяулым

8 класс, школа №21

г. Караганды

Руководитель: Шаяхметова М.Т.

Мой Казахстан

В самом сердце самого крупного материка нашей планеты раскинулась моя необъятная родина – Мой Казахстан. Казахстан в мире занимает девятую строчку по размерам своей территории. Эта земля – наше наследие. История нашей земли также богата, как и сама страна. Тысячи лет Казахстан был «Золотым мостом между Европой и Азией», таковым он является и по сей день. За сохранение целостности территории было пролито немало крови. История народа, сохранившего и передавшего этот дар своим потомкам, видела, сколько героических подвигов наших предков, столько и трагических судеб.

Великий философ Гегель писал: «Истинное мужество просвещенных народов состоит в готовности к самопожертвованию во имя родины». Крайне ценное географическое расположение Казахстана порождало различных врагов в лице то Джунгарской агрессии, то колонизаторской политики Российской Империи, то Фашистской Германии, то произвола собственной власти. Но несмотря ни на что, Казахстан сумел стать независимым государством, и в новое тысячелетие мы вошли как суверенное молодое государство с высокими темпами развития и серьезными амбициями на

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

будущее. В становлении современного Казахстана следует отметить заслугу Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Сегодня Казахстан – это не только девятая по размеру территории страна в Азии. Современный Казахстан во всех отношениях конкурентоспособная страна с динамично развивающейся экономикой. Казахстан выступает инициатором интегративных отношений на мировой арене. Программа «Казахстан - 2030», принятая еще в прошлом веке была успешно досрочно реализована, и теперь мы поставили еще более амбициозную цель. Являясь флагманом среди всех среднеазиатских стран, Казахстан нацелился укрепить свои позиции на Западе. С этой целью был принят новый курс развития «Казахстан - 2050».

Я верю, что народу Казахстана под силу справиться с любыми поставленными задачами, и в ближайшем будущем мы создадим новый Казахстан, молодую державу. Строительство этой страны ведется еще с конца прошлого века. Явным свидетельством этого является Астана, представленная современными зданиями, построенными в футуристическом стиле, но насквозь пропитанная казахским духом в каждом элементе архитектурной композиции. Неважно, какую цель мы бы не преследовали, Казахстан никогда не отходил от своих прежних ценностей.

Казахский народ высоко ценит свои традиции и обычаи, которые на протяжении столетий сохранились в первозданном виде. Наше богатство – наша земля. Если раньше обширная территория была идеальной для основного занятия казахского народа – кочевого скотоводства, то сегодня ключевую роль в экономике страны играют недра этой земли. Залежи полезных ископаемых поражают своим объемом и разнообразием. Но основным богатством Казахстана был его народ. Народ, который в самые тяжелые дни был со своей страной, со своей Родиной. Патриотизм этот был и остается до сих пор в нашей крови.

Для нас, патриотизм – это куда больше чем просто любовь к Родине, это осознание полной неотъемлемости от страны, от народа, от родины, независимо от того, счастливые годы она переживает или несчастные. Казахский народ пережил свои самые тяжелые дни, и в будущем нас ждет только светлое и счастливое процветание суверенного Казахстана.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Артемяева Дарья

9 класс, школа №12

г. Сатпаев

Моя Земля, Земля моих отцов...

У каждого из нас при слове «Родина» перед мысленным взором возникает вполне конкретный образ. Я вижу перед собой пыльную степь и пшеничные поля, озера и реки, моих соотечественников. Это и есть моя Родина, мой Казахстан. Здесь я родилась, здесь впервые выговорила слово «мама», здесь мой дом, мои друзья, моя школа.

Вот уже 16 лет я живу на этой земле, полной легенд и былей, и называю ее ласковым словом «Родина». Народная мудрость гласит, что Родину не выбирают, как не выбирают отца и мать. Однако можно поспорить с этим утверждением. Более ста лет назад мои прадедушка и прабабушка переселились в Казахстан, прочно осели здесь, обретая вторую Родину. Корни предков прочно вошли в эту землю и прижились в ней. Любовь к Казахстану как самую дорогую реликвию они передали своим детям, внукам и правнукам. Чувство любви к Родине – это чувство не простое. Оно редко выставляется напоказ, а живет, скорее, в тайниках души. Вправе могу считать Казахстан землей моих отцов.

Святое чувство к своей земле с особенной силой проявляется, когда видишь на флагштоках международных организаций флаг нашей страны, а на официальных церемониях, спортивных состязаниях звучит Гимн Казахстана. Планета знает наш Казахстан как миролюбивое государство, которое дорожит своей политической стабильностью, уважает права всех проживающих в нем народов.

Сатпаев, Караганда, Алматы, Астана.... Я стою перед школьной географической картой. И в разноцветье красок карты Казахстана предстают передо мной необъятные просторы Родины. Города, поселки, села... Большие и маленькие, всемирно известные и знакомые лишь местному населению. В их названиях человек запечатлел прошлое и настоящее, своеобразие природы, исторические судьбы народов.

Пожалуй, трудно найти в Казахстане человека, который не знал бы имени первого казахского академика – Каныша Имантаевича Сатпаева, не гордился бы им. Город, в котором я родилась и живу, носит его имя. Здесь каждый камень помнит Сатпаева. У истоков всего, что есть и будет завтра в моем городе, стояли могучий интеллект выдающегося ученого, неукротимая сила воли, великий дар предвидения государственного деятеля. Каныш Имантаевич был разносторонне талантливым человеком, творческой личностью. Он мог бы стать искусствоведом, артистом, учителем, писателем,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

историком. Но любовь к родной земле, интерес к ее недрам помогли Сатпаеву сделать свой выбор в жизни: он стал геологом, ученым. Первым и любимым детищем Каныша Сатпаева стал мой край. Сатпаевский поэт Юрий Грунин об этом сказал так: «Наш ясновидящий геолог здесь русла новых руд открыл».

Я люблю свой город. Люблю ходить по его улицам, уютным и красивым. Мой город молод. Молода и его история. Общеизвестно, что истинным украшением любого города являются люди. И кто знает, может быть кто-то из нас, мальчишек и девчонок, прославит свой город, свою Родину. И тогда на карте Республики Казахстан появится новый город, а в Сатпаеве новая улица. В Сатпаеве много улиц названо в честь достойных людей Казахстана. И среди них улица Дины Нурпеисовой, на которой я живу. Эта улица в городе не новая: она появилась более полувека назад. Даже в этом я вижу уважение к земле моих отцов, уважение к великому имени домбристки. Впервые с творчеством Дины Нурпеисовой я познакомилась в школе. В ее музыке проглядывается человек разносторонний. Особенно волнуют ее кюи. В ее мелодиях нашли отражение разные годы истории казахского народа, ее раздумья, ее беспредельная любовь к родному краю, о бескрайности степных просторов. Музыка Дины звучит и в наши дни, в своей великолепной гармонии она не устарела, она современна и сейчас. Если отразить ее музыку словами, то нет ничего точнее и красивее слов Жамбыла:

Я Родине звонкие песни слагаю
Я каждое слово с любовью дарю
Всему молодому, что в жизни
люблю!

Я думаю, что наше поколение должно предлагать новые идеи и уметь их реализовывать, должно обладать разными качествами: интуицией, воображением, дотошностью, терпением, должно обладать той культурой о которой говорилось выше. А быть культурным человеком, не зная прошлое своего народа невозможно. Нам надо ориентироваться на тех, кто прославил своими делами и поступками нашу Родину.

На мой взгляд, самое главное в нашем государстве – это мир и согласие между народами. Сегодня в Казахстане созданы тысячи совместных предприятий, нет конфликтов на межэтнической почве. В городах действуют национальные центры. Наши люди, независимо от национальной принадлежности, соблюдая обычаи и традиции казахского народа и других национальностей, консолидируются для совместной деятельности во благо процветания нашей Республики.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Нам, молодым, надо учиться как следует делать свое дело, надо разбираться в себе и понимать других. При таком подходе жизнь в дальнейшем будет содержательнее и интереснее. На вопрос «Чем гордишься ты?» кричу во всю мощь своего голоса: каспийский осетр, барс, сайгачьи стада, беркуты и соколы, газ, нефть, Байконур, а самое главное – люди! Джанибек и Керей, Толе би и Казыбек би, Абай и Жамбыл, Исатай и Махамбет, Чингиз Айтматов и Олжас Сулейменов. Чтобы всех перечислить, нужен свиток длиной в дорогу от Алматы до Астаны.

Теперь уже никто не удивляется тому, что Казахстан «рождает собственных Невтонов», что вслед за русским космонавтом Юрием Гагариным в космос устремились казахские космонавты Талгат Мусабаев и Тохтар Аубакиров. Богатырская сила и стать казахстанцев проявились в бессмертных подвигах Талгата Бигельдинова, Сергея Луганского, Ивана Павлова, Леонида Беды, Бауыржана Момыш-улы и многих других известных и неизвестных героев Великой Отечественной войны. Славу нашей стране принесли и олимпийские чемпионы: Серик Сапиев, Илья Ильин, Светлана Подобедова, Александр Винокуров, Ольга Рыпакова, Адильбек Ниязымбетов.

Героическое прошлое Родины, её прекрасное настоящее и величественные планы на будущее рожают у меня высокое чувство гордости. Казахстан! Ты всё испытал, ты всё можешь, тебе всё по плечу! Я искренне верю, что ты станешь ещё богаче, могущественнее и красивее:

Мой Казахстан, живи и процветай.
Ты - колыбель великого народа,
Всю красоту и мудрость передай,
И сохрани для будущего рода.

Вывод один: человек многое может, если есть корни, питающие его личность. А корни эти в гражданственности, в любви к своему Отечеству!

Асанбаева Гүлдәурен
4 курс, ЖИГК
Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Бекбергенов Ә.И.

Ұстаз болу...

Әр адамның асқақ армандарға, биік мұраттарға қолсозатыны ақиқат. Бала жасымнан ұстаздардың ұлы істерге толы ұлағатты әрекеттері мені

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

мұғалім болуға итермеледі. «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді», - деген Мәлік Ғабдуллин ағамыздың пәлсапалық ойы әсер етті ме, кішкене кезімнен «Ұстаз болсам» деген ұлы арманым сәби жүрегімді шымырлатқаны рас. Сол үшін де ұстаздарымның айтқандарын қалт жібермей, «қағілез қыз» деген «атаққа» ие болғанымды несіне жасырайын? Менің ішкі ойымды ұстаздарым да қамшылап, болашаққа қанатымды қомдады. Мақсаттарыма медеу болды, биік мұраттарға құлаш ұруға тамызық болды. Сөйтіп, кіндік қаным тамып өскен қасиетті Ұлытаудан мыс шаһары Жезқазғанға жол тарттым. Таңдауым Жезқазған қаласындағы іргелі оқу орындарының бірі – Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық колледжіне түсті. Бала кезімнен атағы жер жарған білім ордасына ат басын тіреуім де тегін емес болатын. Осы білім шаңырағындағы терең білім, салиқалы тәрбие – менің әдбен қаныққан нәрселерім болды. Сөйтіп, арманның арғымағына мініп, білім сахарасында көсіле бердім, көсіле бердім. Мұғалімдерімнің мол тәжірибесі, тағылымы мен тәлімі бала жастағы арманымның одан әрі беки түсуіне ықпал етті. Білім тереңіне дендеп бойлағанымды өзім де сездім, сездім де үздіксіз ізденісті жаныма серік еттім. Колледжімнің қабырғасында ұйымдастырылатын түрлі шаралар менің «Ұстаз» болып қалыптасуыма мол мүмкіндіктер тудырды.

Әйгілі ұстаз Ахмет Байтұрсынов ағамыздың: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», - деген ойы расқа шығып жатты. Жаны жайсаң ұстаздарымның тағылымынан сапалы білім, салиқалы тәрбиенің сан түрінен шындалып жаттым. Осы қасиеттердің барлығын бойыма үздіксіз сіңіре бердім, сіңіре бердім. Мектеп қабырғаларында тәжірибеден өту барысында мұғалімдерден алған мол білім әжетке жарап жатты. «Ұстаз» деген мамандықтың ұлылығын түйсіндім, маңыздылығын мойындадым.

Біздің қаламыздың жанында орналасқан «Орленок» жазғы сауықтыру лагеріне барып, жыл сайын тәлімгерліктен өтуді дәстүрге айналдырдым. Бала жанының пәктік пен періште пейілді сезіну қандай бақыт десеңізші! Сәбидің бір сәттік шат күлкісіне әлемнің барлық асылын айырбастай алмайтынымызды ұғындым. Әр үйдің шолжандарымен күн мен түнді бірге өткізіп, сол «ел ертеңдерімен» бірге күліп, бірге өкінудің өзі – маған шексіз де шетсіз ләззат сыйлап жатты. Мұғалімдіктің шын мәнінде, қиын да қызық мамандық екендігіне көзім жетті. Көзім жете отырып, Әл-Фараби бабамыздың: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - деген ойына терең бойладым, осы қасиеттердің барлығын бір бойыма жинауға ұйғарым еттім. Сол кішкене балғындардың қоштасар сәттегі: «Апай, біз сізді қимай тұрмыз! Келесі жылы тағы да кездесейікші!», - деген толқыныстары көзіме еріксіз жас әкелді. Бұл – қуаныштың, мамандығыма деген сүйіспеншіліктің көз жасы еді.

Міне, сынаптай сырғыған уақыттар да жылжып, соңғы курста білім алу үстіндемін. Алда – нұрлы болашақ, шетсіз де шексіз келешек. Сол болашақты қияға қызықтыра жетелейтін аяулы мамандықпен байланыстыруға бекіндім. Себебі, әлемнің бар шуағы мен шарапатын ұрпақ бойына дарытқаннан асқан бақыт бар ма? Өз ойымды Ғафу Қайырбеков ағамыздың мына бір шумақтарымен түйіндегім келеді:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның асылдығы.

Әскербеков Диас
7 сынып, №3 ЖББОМ
Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Оспанова Б.Ж.

«Тәуелсіздік – ел бақыты»

Отан. Атамекен. Тарих. Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан – асыр даму көшінің өн бойында жер үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Ғасырлар қойнауының белестеріне үңілсек, өз жерін еш жауға бастырмаған, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Солар көрсеткен үлгі, сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші бір ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп 1986 жылғы желтоқсан жаңғырығына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

- деп ақын жырлағандай 1991 жылы 16 – желтоқсан Тәуелсіздік таңын тудырды. Менің есіме Тәуелсіздік желтоқсан оқиғасы арқылы есте қалады, өйткені мен – сол ғасырдың перзентімін, оған өзімнің куә болғаным – мен үшін шексіз қуаныш. Халқыма ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт – азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы - өшпес өнеге, өлмес мұра. Осылайша бұл тәуелсіздік күнінің оңайлықпен келмегенін білеміз. Ата – бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Байтақ ел, күн сәулелі Қасақстан келісімі жарасқан прогрессивті адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты, дамудың даңғыл жолына түсті. Егемендік алған жылдар ішінде өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет құрылды, оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Елдің демократиялық жолмен дамуының берік іргетасы қаланды, ішкі экономикалық жүйесі түбірімен өзгеріп, нарықтық қатынастар құрылып, дүние жүзілік экономикада өз орны бар елге айналды.

Осы жылдар ішінде өзінің жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт – дәстүрін, қызық та қилы – қилы тарихын жаңғырту, ұлы тұлғаларын бүкіл дүние жүзіне таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруа атқарылды.

Қазақ елі – бейбітсүйгіш, бірлігі жарасқан дархан ел. Сан түрлі ұлттардан құралған халқының ауызбірлігімен аты шықты. Қазақстан халықтарының асамблеясы дүниеге келді. Әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

Еуропалық қауіпсіздік ұйымына төрағалық етіп, еліміздің елордасы Астанада саммит ұйымдастырған қазақ елін бүкіл әлем жасампаз халық ретінде тағы бір мойындады. Күні кеше ғана қысқы спорттық ойындар арасында өткен Азияданың өте жоғары деңгейде өткеніне бүкіл Қазақстан халқы қуанып, ерекше бір мақтаныш сезімге бөленді. Осындай жетістіктер Қазақстанға, Отанға деген құрметтеу сезімін оятады. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген қағиданы ұстанған Қазақстан халықтары бірігіп еңбек етіп, мемлекеттің еңсесін, деңгейін көтерді. Елбасы мен Үкіметтің жүргізген

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

сындарлы саясатының нәтежесінде Қазақстан экономикасы дамыған өркенениетті елдердің қатарына қосылды. «Тәуелсіздік – бұл болашақ ұрпаққа қалдыру үшін көздің қарашығындай сақтайтын және нағайтатын, біздің басты игілігіміз. Еліміз өзінің дамуының 20 жылы ішінде қол жеткізгеннің барлығы Тәуелсіздіктің арқасында келді. Бұл – өткендегі жетістіктеріміз туралы айтуға ғана емес, ертеңгі күнге сеніммен қарауымызға себеп», - деп Елбасы айтақандай 2011 жыл – бұл Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тарихи мәре. Ол ресми түрде «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы» деп жарияланды «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» деген ұранмен өтеді. Негізгі идея - әр айға белгілі бір тақырып арнай отырып, әр түрлі бағыттар бойынша үлкен жұмыс көлемін жоспарлау.

«Бұл мерейтой жаңа өндірістер мен жаңа жұмыс орындары ашылатын, әлеуметтік, мәдени мақстаттағы нысандар пайдалануға берілетін жыл болуы тиіс. Сондықтан жақсы бастамаларды іске асырудың маныздылығын, барлық елді мекендердің бірін қалдырмай ретке келтірудің жақсы мүмкіндігі», - деп атап өтті Елбасы.

Отанымыз, Қазақстанымыз туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп – ақ! Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, жұмыла еңбек етуіміз қажет. Мен әрқашан қазақтың арманы мен мүддесі, елдігі мен еңбегінің баянды болатынына сенемін. Өйткені, біз – жасампаз халықпыз!

Бағдат Оңғар

7 сынып, № 15 орта мектебі

Балхаш қаласы

Жетекшісі: Тойшыбекова Б.Б.

Кітапхана ісін меңгерген

«Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік
ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды
ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның
сақшылары санаймын»
Ә.Кекілбаев

Елбасының «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «XXI ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес, халықты салауатты да, сауатты өмірге бағыттауымыз керек» деген сөздері бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбие

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

берер жандарға міндеттелген тапсырма іспетті. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден-бір руханият ордасы – кітапхананың алар орны ерекше. Өйткені қазіргі таңда кітапханашылар әлемдік деңгейдегі рухани, мәдени сауатты, еңбегі өте қарапайым және маңызды, жан-жақты білімді, өз міндетіне жауапты педагог және тәрбиеші. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір десек, ал кітапханашы - кітапхана тірлігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы екені даусыз. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мектебіміздің кітапханасы заманауи үлгідегіде жабдықталған, оқырмандар сұранысын толық қанағаттандыратын орын.

Біздер бос уақытымыздың барлығын осы кітапханада өткізуге, кітаппен достасуға, кітап оқуға, кітапханадағы жаңа ақпараттармен танысуға асығамыз. Өйткені мектебіміздің кітапхана меңгерушісі Гүлнар Тайкенқызы әр оқырман жүрегіне жол таба білетін, оқырмандарға қажетті ақпараттың тиімдісін беріп отырған, эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырманға кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып отырған инабатты да, еңбекқор, табиғатынан зиялы, кез-келген қиындыққа төтеп бере алатын және де қасиетті қазыналарымызды көзінің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген ең қажетті мамандық иесі деп айтар едім.

Гүлнар Тайкенқызы ұйымдастыруымен қалалық, мектепшілік қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын әдеби кештер «Тіл- елдіктің белгісі», «Туған өлкем – қандай көркем», оқырман конференциялары «Абай дара – Абай дана қазақта», «Өзіңнің поэзия пайғамбары», әр кезде жарық көрген ақын – жазушылардың шығармалары «Өмірін өлеңмен өрнектеген», дәрістеп, түрлі тақырыптық көрмелер «Ата заң - айбынымыз», «Желтоқсан-ерлік тарихы», «Ұлттық дәстүр – ұрпаққа мирас», «Өнеге от басынан» көптеген іс-шараларды бірге өткіземіз.

Мектепшілік «Жас өркен» газеті 2009-2010 оқу жылында мектеп директорының ұсынымен, кітапхананың ұйымдастыруымен мектебімізде ақынжанды оқушыларға арналған «Жас өркен» тілшілері баспасөз орталығы құрылған. Бүгінгі күнде «Жас өркен» баспасөз орталығының тілшілерінің жұмыстары қала, облыс көлеміне танымал. Тілдер мерекесі аясында өткізілген қалалық шарада тілшілеріміз жүлделі I дәрежелі «Үздік тілші» дипломымен марапатталды.

Осындай шаралар арқылы кітапқұмарлыққа, сауаттылыққа, дүниетанымымызды кеңейтуге, сөздік қорымызды молайтуға әсері зор.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Сондықтан, мектеп кітапханасы білімнің бастауы-кітап дей отырып, кітап мәртебесін көтерумен бірге мектептегі жаңалық жаршысы, заман талабына ілесу – әр кітапханашының міндеті деп білетін Гүлнар Тайкенқызы әлемде болып жатқан жаңалықтармен күнделікті ақпараттандырып тілімізді, дінімізді рухани байлығымызды дәріптеуші дер едім. Кітапханада өткізілген әрбір шара біздер үшін мереке дей келе ойымды осы өлең жолдарымен қорытындылаймын.

Ойшылдар мен білімпаздар мекені
Бәріне аян кітапхана екені.
Кітаппенен дос болуға баулитын,
Кітапханашылар мұнда қызмет етеді.

Байбекетова Ақерке

8 сынып, №2 жалпы білім беретін орта мектебі
Жетекшісі: Азирбаева Г.К.

Ұлтшылдықтың кепілі-патриоттық сезімде

Қазіргі уақытта патриотизм тақырыбы Қазақстан Республикасында өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жолдауында да оқу саласының тәрбиелік мәнін күшейту жөнінде ерекше атап көрсетті. Тәрбиелік мәніне патриотизм де жатады. Ең бастысы, біз патриоттық сезімнің не екенін біліп алуымыз керек! Патриоттық сезім неден басталады?

Біріншіден, өз ана тілімізді, яғни қазақ тілін білуіміз керек. Қазіргі қазақ жастары көбінесе шетелдіктерге еліктеп бара жатыр. Бұл дақиын мәселелердің бірі. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ бір-бірімен қазақша сөйлесуі керек деген болатын. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ана тілімізге арнап үлкен тебіреніспен айтқан “Тіл- біздің анамыз өйткені, ол- ұлтымыздың анасы. Қазақ тіліне қамқор жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым” деген ұлағатты сөзін айтқан болатын. Біз мейлі дана болайық, ақын болайық, кім болсақта тіліміз бен елімізден биік емеспіз. Сол себептен тіліміздің алдындағы адамдық борышымызды адал атқарайық! Қадыр Мырза Әлиев айтқандай:

Ана тілің арың бұл,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте,-

демекші өзге тілдерді де білген жөн. Бірақ өз тіліңді құрметтеуің тиіс. Тілін білмеген түбін білмейді ғой, - депті Ғабит Мүсірепов. Сондықтан тілімізді құрметтейік!

Екіншіден, патриоттық сезім отбасынан басталады. Бірақ қазіргі уақытта ата-аналардың балаларға көп көңіл бөлмеушілігі, уақыты жоқтығы қатты әсер етеді. Менің ойымша, балаларға ата-аналар кішкене болса да уақыт бөлу керек. Әсіресе сабағына қатты көңіл бөлгені дұрыс. Себебі, қазіргі жастар көбінесе агентте, интернетте, Watsap, контактіде айта берсең таусылмайтын осындай әлеуметтік желілерде көп отырады. Сол себептен баланың миы соған дағдыланып кетеді. Егерде балалар сабағын жақсы оқыса өздеріне де жақсы. Өйткені әрбір бала - ертеңгі күннің болашағы. Ертеңгі күннің болашағымықты болуға тиіс. Тек қана біліммен ғана шектеліп қалмай сегіз қырлы, бір сырлы болуға тиіс. Мұның бәрі де патриоттық сезіммен тікелей байланысты.

Үшіншіден, өз халқыңның тарихын білу, кешегі қаһармандарын білу, оларды ұлықтау патриоттық сезімнің дамуына көп әсер етеді. Еліміздің барлық орта мектептерінде де, жоғары білім беретін мектептерде де «Қазақстан тарихы» сабағы өтіледі. Кешегі қаһармандардың, елі үшін, жері үшін жан пидә еткен батырлардың есімдері ұлықталып жатыр. Бірақ осының өзі жастарға жетіспейтін сияқты. Менің ойымша, жастарды қызықтыру қажет сияқты. Жастарды қалай қызықтыруға болады? Бұл сұрақтың жауабын мен төмендегі кесте түрінде көрсеткім келді.

Төртіншіден, жастарға патриоттық сезім қалыптастыруда әскери мектептің рөлі зор деп ойлаймын. Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамға, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға әскери мектептердің рөлі зор.

Бесіншіден, патриоттық сананы қалыптастыратын мекеменің бірі – жоғарғы оқу орындары мен мектеп. Мектеп оқушыларын, студенттерін патриоттық тәрбиеге бейімдейтін мекемелердің бірі - осы.

Мектептерде балаларға не үшін сынып сағатын өтеді дейсіздер? Жай уақыт бөлу үшін бе? Жоқ, ол ертеңгі болашақ ұрпақты тәрбиелеу мақсатында, елін, жерін сүйетін патриоттық азамат қалыптастыру үшін және де осы заманға сай денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай азаматтарды тәрбиелеу үшін дұрыс бағыт-бағдар көрсету. Бұл біздің - басты мәселеміз.

Алтыншыдан, тағы да айта кететін жәйт ол-ата бабамыздан мұра ретінде келе жатқан салт-дәстүріміз. Біз оларды сақтай отырып, қадірлеп,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

кастерлеуіміз қажет.Өзіміздің ұлтымызға кір келтіретін жайттар жасамау керек.

Жетіншіден,балаларды спортқа бейімдеу керек. Келешекте еліміздің даңқын асқақтататын,әнұранымызды шырқататын, қазақ ұлтын әлемге танытатын ұрпақ тәрбиелеу үшін.Қазіргі балалардың жартысының уақыты жоқ. Өйткені уақыт бөлмейді. Спортқа қатты қызыға бермейді. Оларды интернеттен босатып,спортқа еліктірер,спортқа қызықтыратын бір қызықты жоба болса деймін және сол жобаны құрастыру өз ойымда бар. Мені таң қалдыратын жәйт, осы адамдардың жаман әдетке көп бой алдырып, жақсы әдеттерден аулақ жүруі неліктене?

Медицина саласынан да алып қарасаң спорт денсаулыққа өте пайдалы. Спортпен айналысқан адам мықты болады. Ал егерде интернетте отырсаң, көзің нашар көретін болады. Бірақ біздің Қазақстан азаматтары еліміздің намысын қорғап басқа елдерден орын алып келгендері де аз емес.

Ойланып қарасам бұрынғы ата-бабаларымыз патриоттық сезімді неден алған, қалай оятқан? Себебі, олар Жұрт дегенде жұмылып, ел дегенде егіліп өмір сүрген адамдар.Олар Отанын өз жанынан да артық жақсы көрген. Міне,басты себебі осы деп ойлаймын.

Сегізіншіден: Өз Отанын құрметтеу, өз Отанының патриоты болу үшін ең алдымен елінің рәміздерін, ән ұранын жатқа біліп, құрмет тұта білу керек. Қазақстан Республикасының Туы маған ыстық және теңдесі жоқ туым. Тудың көк түсі - ашық көк аспанымыздың, тыныштығын бейнелеп тұрса,ал нұрын, сәулесін шашқан күні және өзі жүйрік, еркіндік сүйгіш, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін паш ететін, қанатын жайған қыран құс, бар нәрсенің бастауындай,билік,айбындылық белгісін бейнелеп тұр. Қазақтардың, Қазақстанның символы ою-өрнегіміз «Қошқар мүйіз» туды одан сайын әрлендіре, ерекшелендіре түскен тәрізді.1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының Туы туралы заңға қол қойылғаннан бастап туымыз Ақ Орданың төбесіне мәңгі желбіреп тұратын болды. Егер де, маған басқа елдің тұрғыны, жоқ тіптен президенті келіп, алтынмен апталған, күміспен қапталған туын беріп, осыны мойында, құрметте десе де, мен өзіміздің жақсы бір мағалын, Пәлен жерде алтын бар,өз еліндей қайда бар деп, ешқашан мойындамас едім. Бөтен жердің гүлінен, Туған жердің тікені артық, - демекші, мен үшін елімнің әрбір тасы, қыбырлаған жәндігі қымбат.

Тұрғыдан Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбаның негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.Түндік — таза көк аспанын бейнелейді. Үш-санды айқыш-ұйқыш келген күлдреуіштер қазақтың үш

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жүздің бірлігі бекемдігін көрсетеді. Шаңырақтан шыққан уықтар күн арайларын, сәулесін еске салады. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты түлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты түлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Төменде таспа белдігінде ірі әріппен «ҚАЗАҚСТАН» деген жазуы бар.

Жандарбек Мәлібеков және Шотаман Уәлиханов аталарымыз дәл осылай етіп елтаңбамызды салғанда, терең мағынамен, елден ерекше етіп жасады. Мен елімнің патриотымын деп айқайлап айта алам.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны Отанды, Атамекенді, мемлекетті, тарихи оқиғалар мен олардың батырларын мадақтайтын поэзиялық-музыкалық шығарма. Қазақстан республикасының рәміздерінің бірі. Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны 2006 жылы қабылданды. 1950 жылдардан бері Қазақстанның бейресми әнұраны атанған Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әні болса, мәтіні аз кем өзгертілді. Мәтін авторы ретінде Н. Назарбаев өз ұсыныстарын енгізді.

2006 жылы 7 қаңтарда халық санасына сіңіп, жүрегіне жылы ұялаған Шәмші Қалдаяқовтың әніне, Жұмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазылған "Менің Қазақстаным" әні әнұран болып бекітілді. Ол алғаш рет Елбасын ұлықтау рәсімі кезінде орындалды.

Мен елім үшін не істе десе де, соны істер едім. Кейде патриоттық сезімім арнасынан шығып, асып-тасып кетеді. Әсіресе әлемдік олимпиадаларда жүлделі орындарды алып, еліміздің намысын қорғағанда мен үйде отырып, телеарнадан тамашалап байыз тауып отыра алмаймын. Арыстандай ағаларымыз бен ер мінезді апкелерімізді мақтан тұтып әрқашан да қолдап отырамын. Бұл сезімді бір-екі ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болып жүргенімнің өзі мен үшін үлкен ғанибет.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Байгабулова Нурай
10 класс, гимназия № 26
г. Жезказгана
Руководитель: Чиркина В.И.

Мой любимый город

Мой родной город Жезказган. Что я могу о нем сказать? Самый обычный город, построенный в советскую эпоху, с однообразными, серыми, похожими друг на друга постройками, незатейливыми парками, простыми до боли улицами и регулярно разбивающимися до глубоких ям дорогами, с вечной пылью летом и колючими морозами зимой и, на фоне всего этого, с тянущимися ввысь родными медьзаводскими трубами. Сейчас замершими и молчаливыми. Такое описание можно дать многим городам в нашей стране, да и не только в нашей, но и в других странах бывшего Советского Союза. И живет мой город изо дня в день своими повседневными заботами и проблемами, которые близки и понятны сейчас почти всем городам не только в ближнем зарубежье, но и во всем мире.

Но почему-то уже при первых же звуках имени моего родного города что-то пробуждается в глубине моего подсознания, и сердце начинает стучать в такт быстрым ритмам казахских кюев. Наверное, поэт охарактеризовал бы это так: «душа встрепенулась»... Куда бы ни поехал, как бы далеко не оказался от моего города, хочется скорее вернуться сюда, в Жезказган, как будто здесь находится магнитный полюс нашего шара. Да, конечно, я здесь родилась, здесь мой дом, самые родные мне люди - моя семья, но дело не в этом, вернее, не столько в этом. Ведь можно найти много других городов, где жизнь будет комфортнее, цивилизованнее, веселее, но ... тянет в Жезказган, тянет сам Жезказган. В чем же этот таинственный магнетизм? Откуда эта тяга?

Задавшись целью найти ответы на свои вопросы, я стала интересоваться историей города, региона, Улытауского края, и далее - всего Казахстана. Мои поиски стали уходить не только вширь, но и вглубь веков: Казахское ханство, Золотая Орда, Дешт-и-кыпчак, Тюркский каганат, гунны, саки... А какие имена! Ханы, батыры, акыны, абызы, жырыш.. И эта древнейшая культура, богатейшая история, оказывается, творилась непосредственно на моей родной земле - земле Сарыарки.

Подлинная история наших предков, конечно же, не могла не оставить отпечатка на этой земле, на последующих поколениях, живущих здесь. И этот отпечаток представляет собой мощную, идущую из глубины веков духовность. Именно это и есть тот магнит, который притягивает нас сюда, на нашу родную землю. Именно эта потрясающая духовность делает лично для

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

меня наш город более привлекательным, притягательным и красивым, чем, например, Петербург или другие такие города с великолепной архитектурой, роскошными дворцами, мостами и т.д. Эта духовность, доставшаяся нам от предков, не должна угаснуть, потому что она, как источник с чистой водой, которая дает свежесть и силу, отдохновение и вдохновение, которая очищает тело не только от грязи и пыли, но и душу от ненависти и злобы, от зависти и мелочности, от дурных мыслей.

«Познав себя - познаешь истину», - писал наш великий предок Ходжа Ахмед Яссауи, подразумевая под истиной смысл жизни. Вот так и я, решив понять свои чувства к родному городу, пришла к выводам, которые часто называют жизненными ценностями. Ведь каждый из нас обязательно должен знать свои корни, историю своего народа, его язык, культуру. Казалось бы, эта фраза настолько избита, что уже не прислушиваешься к ее смыслу. Но эту прописную истину надо усвоить каждому человеку, и каждому жезказганцу в том числе, чтобы общими усилиями не забросать грязью тот источник с родниковой водой, чтобы не потерять свою духовность, себя, свою душу в этом жестком, до мозга костей материальном мире. А еще для того, чтобы вновь и вновь, из года в год, с каждой весной встряхиваться и иметь силы обновлять, очищать, украшать город, любить его и жить в нем полной жизнью.

Балташ Дархан

9 класс, СШ №1

г. Атбасара

Руководитель: Токтарова Г.К.

Не зря говорят, что: «Родина – мать, умей ее защищать!». Поэтому мы, мальчики и девочки, не только нашего города, но и всей нашей страны должны любить, уважать и защищать свою Родину, свой Казахстан! Почему я так написала?! Наверное, потому, что я – настоящий патриот своей страны и своего любимого города, Жезказгана.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Дряхлова Юлия

9 сынып, «№21 ЖББОМ» КММ

Теміртау қаласы

Жетекші: Жунусов К.М.

Тәуелсіздігім-мақтанышым

Тәуелсіздік-қазақ елі үшін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. ХХІ ғасырдың ұлы жетістігі – қазақ халқы үшін егемендік алып, көк туымыз желбіреп, ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сондықтан да, біз үшін Тәуелсіздік күні-ең қастерлі күн. «Тәуелсіз елім» деген жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Тәуелсіздік-қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Айта берсе жалғаса берер еліміздің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарымыздың ерен ерлігінің арқасы деп білемін.

Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Міне, Қазақстан осы 23 жыл ішінде зор жетістіктерге қол жеткізіп отырған мемлекет. Көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктеріміз, асқан асуларымыз мен бағындырған жаңа белестеріміз аз емес. Біздің еліміз саяси, әлеуметтік және де халықаралық тұрғыдан Орта Азияның көшбасшысына айналды деп санаймын. Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алатын орны ерекше. Елдегі бірлік пен Елбасының жолын ұстанушылық Қазақстанның қазіргі және болашақ жетістіктерінің кепілі болатыны даусыз. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын.

Біздің бүгінге дейінгі барлық жетістіктеріміз - Тәуелсіздіктің арқасы. Осындай берекелі елде тұру мен үшін үлкен бақыт. Қазақ халқы берекелі! Кең байтақ Қазақ елі ынтымағы жарасқан, бай – қуатты, берекелі ел. Еліміздің әсем де көрікті -Астанадай елордасы мен білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Қазіргі таңда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуроодақ, Халықаралық Валюта Қоры және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдарының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Біз Тәуелсіздіктің аз ғана жылдар ішінде халықаралық дәрежедегі Қысқы Азия ойындарын, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Ұйымының форумын жоғары деңгейде өткізіп, ел мерейін асқақтатқан болатыңбыз. Сонымен қатар, еліміз 2017 жылы «Еуро» көрмесін өткізуге үлкен дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқанын білеміз. Яғни, қазақ елі бұдан да танымал болмақшы. Бұл, біз үшін қуаңтарлық жаңалық. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алағанын мақтанышпен айтсам, артық айтқаным болмас.

«Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» - дейтін даналықтың шындығында, еліміздегі барлық ұлттардың достық пен татулықта, келісімде тұрып жатқаны бәрімізге аян. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың осыншалықты тамыр тартуы мемлекет құрушы қазақхалықның мейірбандығы мен қонақжайлығына үйренген басқа ұлттардың өзара татулығының нәтижесі деу орынды. Қазақстан достық пен ынтымақтың жерұйығы деуге әбден лайық. Менің ойымша, қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы - елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестірілуі, тәуелсіз еліміздің жетістігі деп білемін.

Міне, бүгінгі күнде еліміз бақытты күн кешуде. «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп атауымыздың астарында үлкен мән бар. Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиялық жолдауы осынау мәңгілік жолдағы ұрпақтар бірлігінің, сабақтастығының көрінісі. Бәріміздің де туған жеріміз біреу - қасиетті Қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Мың жаса тәуелсіз Қазақ Елі! Тәуелсіз елім-гүлденіп, өсе бер!-деп тілеймін.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Елімізді әрі қарай көркейтетін мына біз болашақ жастар боламыз! Біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі болашақ ұрпақ – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің ертеңі екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. Мен осындай бейбіт және тату елде тұрып жатқанымды мақтан тұтамын. Мен – егеменді елімнің ертеңімін. Мен де тәуелсіздік елімнің табысына мақтана отырып, ортақ мақсатқа бір кісідей жұмыла түсуім, менің болашақтағы міндетті парызым. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын Мағжан Жұмабаев атамыз болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Болашақта Қазақстанды дамыған өркениетті отыз елдің

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

қатарына енгізетін – ол бүгінгі біздер жастармыз. Біз жастар – елдің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу, ел ертеңі бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ортақ отанымызды дамыту мен көркейту – біздің мүдделі мұратымыз.

Егешова Айым

10 сынып, № 74 ЖББ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ходжаев С.Ә.

Бақыттың кіндігі – Отан

XX ғасыр аяқталды. Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдерді бастан кешірді. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түскен болатын. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген кең жазира жері.

Тәуелсіз – Қазақ елі. Сол тәуелсіздік жолында ата-бабаларымыз не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, әріректен бастасақ, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тарихы, беріректе патша үкіметінің отарлау саясатының бастау алуы кезеңінде «Зар заман» ақындарының зарлаған ащы зарындай, шұрайлы жерлерінен айырылып, халықтың әл-ауқаты нашарлап, халықтың салт-дәстүрлеріне нұқсан келіп, «қой үстіне, бозторғай жұмыртқалаған» дәуірінен, туған жерінен айырылып, сол үшін атқа қонған әрі батыр, әрі ақын бабаларымыздың жерін, елін қорғауы біз үшін өшпес тарих пен үлкен мақтаныш. «Білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап», бізге аманат етіп табыстаған сүйікті Отанымызды, қонақ жайлы, ақ көңіл халқымызды, мақтан сүйгіш ұл-қыздарымызды көргенде, дұшпандарың «іші күйсе, тұз жаласын» дегің келеді. Міне, осындай кең байтақ даламыздың жер асты байлыққа толы болса, жер үсітінің сәні бір бөлек...

Еліміздің сол сұлу табиғатына тамсанып, таңдай қақтырар жерлерімізді айтсаңшы! Мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқындары асу арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады. Сондықтан да, толғауы тоқсан жырларымызда – «Ұшса

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік, » - деп толғаған. Еңбеккері маңдай терін тамшылата төгіп жатса, сыршыл ақыны:

Боз жорға, боз інгенді, боз торғайлы,
Боз дала, ием саған, боз басымды!

– деп жүрек лүпілімен суарылған ақ қанатты жырына қосады.

«Отан – оттан ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» - деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс, күймейсің», - дейді. Міне, біздің халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, біз үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен тараған, ана сүтімен дарыған.

Батырлар жырындағы:

Атам күйеу болған жер,
Анам келін болған жер,
Кіндік қаным тамған жер,

- деген қарапайым жолдарда адамның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен терең де ыстық сезімі бейнеленген.

XX ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын да бай мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін, сұлулық пен парасаттың салтанат құруы үшін, жаппай келісімі жарасқан прогрессшіл адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты. Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әр түрлі этностардың да Отаны болып табылатын біздің еліміз бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты сақтаудың, әр түрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын үлгісін көрсетіп берді.

Шыңғыс хан заманында айтады екен: “Құлаш бойым құласа да, тіккен туым құламасын” деп, міне, ендігі тілек – осы. Қазақта “бақыт” деген ұғым бар. Шын мәнінде бақытты болудың негізі: ол –тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Ол – сенің тіккен ордаң. Бақыттың кіндігі – Отан. “Отан” деп лүпіл қаққан жүрек болса, “Отан” деп ағындаған тілек болса, “Отан” деп сыбанған білек болса, “Отан” деп ел үшін егілген, халық үшін қайысқан лек болса, арман орындалды дей бер.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Қазақ – өр халық, білімді халық! Осы білімділігіміздің арқасында біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахнасына «Егеменді ел» ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтаңбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуелеген Өнұранымызды естігенде бойынды ерекше бір асқақ азаматтық сезім билейді. Мұны көру, сезіну де бір бақыт, маңдайға біткен бақ емес пе?! Ұлт намысын қамшыласақ, біз алмайтын қамал жоқ...

Ерланқызы Жанерке

1 сынып, Ә.Бөкейхан атындағы №76ЖББОМ
Жетекшісі: Жұманбаева А.А.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

"Халық-қалың орман,әрі пана,әрі қорған", - деп Қ.Мырзалиев ағамыз жырлағандай, әр халықтың өзінің кәсібіне,сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын салт-дәстүрі болады.

Салт-дәстүр бірнеше түрге бөлінеді. Соның ішінде:

Құрсақ шашу,жарыс қазан,шілдехана,сүйінші,балаға ат қою,бесік тойы,атқа мінгізу,баланы қырқынан шығару,тұсау кесер тойы,сүндет той,тілашар,тоқым қағар.Бала дүниеге келмей тұрып анасының құрсағында жатқан күннің өзінде-ақ,құрсақ шашу тойын жасайды.

Сүйінші: Қазақ халқының жақсы дәстүрінің бірі "Сүйінші". Жас нәресте дүниеге келгенде немересі ата-әжесінен сүйінші сұрайды.Сүйінші сұраған немересіне сыйлығын береді.

Дүниеге келген жас нәрестеге ата-анасы мен ата-әжелерінен ат қою дәстүрін жасайды.

Ат қою. Балаға ат қою – қазақта аса салтанатты жағдай. Әдемі, атақты, құрметті адамдардың атын қоюға тырысады. Сол атқа лайықты болуын қалайды. Атты сыйлы құрметті адамға қойғызады. Бүгін де құрметті адамдардың аттарын қояды: Бауыржан, Абай, Сәкен, Абылай, Фариза, Олжас т.б. Қазақта «ат қою» мен «ат тергеу» бар. Келін күйеу әкесін - «ата», інісін - «қайны», қарындасын - «қайнысіңілім», үлкен ағасы – «ағаке», «мырза қайнаға», «би атам», «еркем» т.б. деп атайды. «Ат тергеу» үлкен кішіге дер құрмет. Үлкендердің атын атау – құрметтің жоқтығы, әдепсіздік болады.Атты

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

азанмен жұртқа естірте айтып, онан соң бесіктегі баланың екі құлағына: «Сенің атын пәлен» деп 3 рет айтады.

Қырқынан шығару. Қырық күн өткен соң баланы әйелдер суға түсіріп, шашын, тырнағын алады. Суға түсірген әйелдерге сый-құрмет көрсетіліп, рахмет айтады. Жыйналған адамдарды дастарханға шақырады. Қазақта 3,7,41 сандарды ерекше қайырлы сандар деп есептеледі. Сәби дүниеге келгеніне 40 толған соң, нәрестенің "сүт тырнағы мен қарын шашын"- алып, теңгелер салынған ыдысқа 40 қасық су құйып шомылдырады.

Шілдехана. Жарыс қазанның арты іле-шала не сол күні түнде, ертеңіндегі кеште шілдеханамен жалғасады. Шілдехана тойына нағашы ата-апасы қалжа қойын сойып, қоржын әкеледі. Шілдехана тойына арналып мал сойылады. Сол малдың барлық етін асады. Мойыннан әйелдерге ауыз тигізеді, баланың мойыны қатаю үшін жоғары іліп қояды.

Бесік тойы. Бесік қасиетті, киелі мүлік, сәбидің алтын ұясы болып саналады. Бұған-да ел-жұртына аяулы, ұрпақты бір әжесі лайық. Бұрынғы шаман дінінің отқа табынған салты бойынша әлгі бәйбіше темірді отқа қыздыртып сәбидің маңына пәле-жала, жын-шайтан жоламасын деп бесіктің арқалығын бірнеше жерден қарайтып тұрып қариды. Басқа бәйбішелер қырандай болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды. Бұл бесік дегеніңіз баланың тазалығы үшін, көшпелі елдің көші-қоны, ат үсті үшін табылмайтын қолайлы нәрсе. Бесіктегі бала көбінесе омыраудан шыққанша жатады. Ит көйлегі тозып, қарын шәші алынған бала талпынып, артынан бақа тірсегі бір бүктеліп, бір созылып еңбектей бастайды. Бала бұл шамаға келген соң бесікті аса кәдірлейтін қазақ әдемілеп тазалап, келешек ұрпақ тезірек келсін, енді сол жатады деп үйдің ең бір сенімді жеріне сақтайды. Бесікті қазақ құрметтейтіні, сақтайтыны соншалық, атасы жатқан бесікке немерелері жатады. Кейде қазақтың туған жерді де алтын бесік деуі де осы ардақтаудан шыққан болар. Сондықтан да бесік тойы қазақ өмірінде үлкен орын алады. Бесікке баланы қырқынан шыққан соң салады.

Тұсау кесу. Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң қаз-қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап бет алады. Ұядан өз қанатымен қалықтап ұшқан балапандай бала да, ең алғашқы тіршілігін бастайды. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер жасайды. Бұған да мал сойып, жұрт жияды. Баланың анасы ала-құла шуда жіптен екі-үш қарыс дайындап, оны ауылдағы ең бір желаяқ пысық әйелге: «Ал, тұсауды сен кес. Өзіндей пысық болсын» деп ұсынады. Ол кісі ала жіпті баланың екі аяғына тұсамысша байлап сонан соң ортасынан кеседі. Бала андайдағы апасына қарай тәлтіректей жөнеледі. Тұсау кесу қазақтың өмір сапарының сәтті болу үшін ақ ниетпен жасаған ырымы, құдайға деген құлшылығы. Біреудің ала жібін аттама,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

бүлінгеннен бүлдірге алма дегенді әу бастан ақ құлағына сіңісті етеді.

Сүндет тойы. Атқа міну жасына толған, яғни үш жасқа толған ұл балаға тән тағы бір той – сүндет тойы. Баланы сүндетке тақ жасында отырғызады. Яғни үш жаста, бес, жеті, тоғыз, тым кешіксе он үш жаста. Баланың сүндетінің жеңіл болуы, біріншіден, баланың күтіміне байланысты болса, екіншіден сүндет жасаған адамның қолының жеңілдігіне байланысты болатын. Сүндет тойы думанды тойдың бірі. Мұнда баланы арнаулы «Сүндет ат» деп аталатын атқа мінгізіп, сәндеп киіндіріп, үкі тағып, ауыл-аймақты аралатады, баланың өз аузымен тойға шақыртады. Дәстүрлі салт бойынша ойын-сауықтың бар түрі көрсетіледі. Баласы сүндетке отырғанда ата-анасы «балам мұсылман санатына қосылады» деп қуанады.

Тоқым қағу. Ашамайға мінген соң іле-шала бәсіресіне мінген бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылаған да әке-шешесі бір малын сойып, оның тоқым қағарын өткізеді. Ал тоқым қағу ақ инеттен, адал көңілден міндетті түрде атқарылатын әдет. Міне, осыдан кейін қазақ бұл балаға арнайы айыл-тұрман, ер-тоқым, жүген-ноқта, шідер мен кісен, арқан дайындайды.

Қыз баланың құлағын тесу. Екі-үш жасқа келген соң-ақ қыз бала өз табиғатына тартып қуыршақ жасап, үй жасап ойнауға әуестенеді. Жылтырауық заттарға, қызылды-жасылды киімге қызығады. Осы тұста қыз балаға арналған жаңа бір қуаныштың сәті түседі. Ол – қызша киіндіріп, құлағын тесу. Құлағын тесетін күні қыз балаға қос етек көйлек, кестелі камзол, үкілі тақия кигізеді. Ауыл әйелдері түгел жиналып, ең қолы жеңіл деп танылған әйелге жол береді. Құлақ тесудің де екі түрлі әдісі болған. Оның бірі – күміс инемен тесу, екіншісі – тарымен тесу. Күміс инемен тескенде иненің ұшын қарсалып, әбден салқындаған кезде бала сезбей қалатындай шапшаңдықпен тесіп, орнына жіңішке жібек жіп, не болмаса жіңішке күміс сым өткізіп қояды. Инемен тескен жер әбден жазылып, жіптің не күміс сымның орны бітеліп қалмайтындай болған кезде жеңіл сырға тағылады. Шеміршегі қатпаған уыз ет пен теріні екі түйір тары лезде тесіп шығады. Мұнда құлақтан қан да шықпайды. Кесілген жерге жібек жіп, не жіңішке күміс сым, кейде тіпті жеңіл сырғаның өзін өткізіп тастайды.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Есенгалиева Гулим

9 класс, школа № 10

г. Жезказган

Моя Родина – Казахстан

Я родилась и живу в Казахстане. Казахстан - моя Родина, мое Отечество. Земля, где родился человек и вырос, остается в его сердце навсегда. Горы и равнины, реки и озера, бескрайние степи и песчаные пустыни - все это наш Казахстан. До чего же разнообразен животный мир! Каспийский осетр, горный барс, архары, сайгачье стада, беркут и сокол, много-много других животных и птиц всегда являлись и являются гордостью казахстанцев. Смотрю на карту и поражаюсь, ведь вся таблица Менделеева находится в недрах Казахстана, и ведь не просто находится, а имеется в огромных количествах: и газ, и нефть, и металлы, и соли, и огромные запасы пресной и минеральной воды.

Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы заселить, освоить, защитить её от врагов и передать в наследство нам, ныне живущим. Сколько труда, пота и крови, радости и страданий выпало на долю минувших поколений. Поэтическое наследие нашего народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, её безбрежных просторов, белоснежных громад гор, лазурных гладей озёр... Великие акыны воспевали красоту и историю казахской земли. Народная память хранит и передаёт из поколения в поколение славные и трагические события в жизни казахского народа. Слушая народные мотивы домбры, представляешь себе огромные степи, колышущиеся степные травы от вольного ветра, всадника на лихом коне, летящего на нём, как на крыльях, к солнцу.

Широко и привольно раскинулся Казахстан. Солнце встаёт из степи, весь день идет над степью, встречаясь с дремучими лесами и тысячами озёр, заходит оно тоже в степи. Когда на севере ещё лежит снег, у подножия гор на юге уже зацветают плодовые деревья. Республика омывается водами Каспийского и Аральского морей, на её территории находятся много рек и озёр. Сказочно богаты недра древней казахской земли. Уголь, нефть, золото, титан, свинец, цинк, железо – всё можно найти в казахской земле.

Сколько хорошего хочется сказать о своем Казахстане! Взять хотя бы наш город Жезказган. Как изменился его внешний облик: прекрасная архитектура, европейский стиль, обилие культурных центров, мест, где молодежь может отдохнуть и провести свой досуг.

У каждого человека есть фамилия, имя, отчество. А что является фамилией, именем, отчеством моей страны? Гимн, флаг, герб! Флаг голубого цвета означает мир и благополучие. Золотое солнце с лучами - покой и богатство. А парящий орел олицетворяет щедрость и зоркость, высоту

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

помыслов. Голубой флаг с золотистым национальным орнаментом слева, золотистым солнцем и парящим силуэтом орла в центре сегодня украшает административные здания в республике, развевается над зданиями посольств суверенного Казахстана в иностранных государствах, установлен возле здания Организации Объединенных Наций. Он ныне всеми воспринимается как символ свободы, независимости и суверенитета нашей республики. Его автор Шакен Ниязбеков. Этот наш новый символ является результатом его творческих исканий и самоотверженного труда. Главным элементом государственного флага является его цвет. Светло-голубой цвет относится к числу тех цветов, который человечеством с давних времен широко используется как один из ярких, выразительных и приятных. Это не случайно. Ведь данный цвет преобладает в природе. Он является одним из семи священных цветов радуги. Цвет неба и воды. В международном плане чистый голубой цвет нашего флага свидетельствует о культурно-этническом единстве народа и одновременно указывает на идею неделимости государства.

Солнце - источник жизни и энергии. Поэтому силуэт солнца является символом жизни. Человек не вечен. Приход в мир и уход человека из жизни измеряется временем. А время определяется для кочевника движением солнца. Восход и заход солнца, одно измерение - день. По закону геральдики, силуэт солнца является символом богатства и изобилия. Поэтому не случайно при внимательном рассмотрении лучи солнца в нашем флаге одновременно имеют форму зерна - основы изобилия и благополучия.

В миропонимании кочевников особое место занимает степной орел или беркут. Его изображение в гербах и флагах народов и этнических групп, населявших Казахстан, имеет давнюю традицию. На языке символики силуэт орла означает государственную власть, широту и прозорливость. Для степняков это символ свободы, независимости, стремления к цели, к высоте, полет в будущее. Вместе с тем, орел, имея мощную силу, способен дать достойный отпор любому, кто пытается помешать в достижении будущего. Силуэт орла возник и от идеи стремления молодого суверенного Казахстана в высоты мировой цивилизации.

Еще одним элементом, дающим новизну и неповторимость нашему флагу, является параллельная к его древку полоса, состоящая из национального орнамента. Здесь изображен казахский орнамент "кошкар-муйз - бараньи рога".

4 июня 1992 года навсегда останется в истории и в памяти народа как день рождения государственного герба Республики Казахстан. Вообще широко применяемый сегодня термин "герб" происходит от немецкого слова "ербо". В переводе на казахский он означает понятие "танба" (тамга, знак). Сегодняшний герб суверенного Казахстана является результатом огромного

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

труда, творческих исканий двух известных архитекторов: Жандарбека Малибекова и Шоты Уалиханова. Герб имеет форму круга. В мире самой совершенной формой считается форма шара. А круг как самый близкий к этому совершенству элемент, особо ценится у кочевников. Круг как элемент геральдики имеет применение везде, но он в особом почете и уважении у восточных кочевников. Это символ жизни, вечности.

Центральным элементом, вобравшим в себя основную идею нашего Герба, является шанырак - круговое навершие купола юрты. Шанырак - символ семейного благополучия, мира, спокойствия. Мастерски, эффективно и красиво изображенный тундык - зенитное отверстие юрты, напоминает яркое солнце на фоне голубого, мирного неба. Купольные жерди - уык, равномерно расходящиеся от центра по голубому пространству герба, напоминают лучи солнца - источник жизни и тепла. Авторам удалось решить проблему изображения кереге - раздвижных решетчатых основ юрты. Крестообразные, тройные, кульдреуши шанырака символизируют единство трех жузов, которое обеспечивает его прочность. Таким образом, языком геральдики авторы отражают миролюбивую сущность казахов. Призывают все народы республики под общий шанырак, стремиться превратиться в крепкие мощные несущие конструкции нашего общего дома - Казахстана.

Следующей составной частью композиционной структуры герба являются золотокрылые с рогами в форме полумесяца, фантастические скакуны - тулпары. Силуэт скакунов на языке геральдистов имеет глубокий смысл и содержание. Он означает: бесстрашие льва, прозорливость сокола, физическую мощь и силу быка, быстроту, скорость и пластику лани, хитрость и находчивость лисы в борьбе против врагов. Золотые крылья скакунов напоминают также снопы зерна, золотых колосьев, т.е. признак труда, изобилия и материального благополучия.

В центре герба находится пятиконечная звезда. Наше сердце и объятия открыты представителям всех пяти континентов.

Остается отметить световую гамму нашего герба. В основном их две: золотистая и голубая. Первая соответствует светлому, ясному будущему наших народов. Голубое небо едино для всех народов мира. Его цвет в нашем гербе олицетворяет наше стремление к миру, согласию, дружбе и единству со всеми народами планеты.

Текст Государственного гимна Республики Казахстан написан Жумекеном Нажимеденовым, Нурсултаном Назарбаевым, музыка Шамши Калдаякова.

О, мой народ! О, моя страна!
Я твой цветок, возвращенный тобой.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Я песня, звенящая на твоих устах,
Родина моя – мой Казахстан.
У меня простор неоглядный,
И дорога, открытая в будущее.
У меня независимый,
Сплоченный, единый народ.

В этих проникновенных строках государственного гимна Республики Казахстан заключена идея единства народов, любовь к Родине каждого казахстанца и стремление к мирному светлому будущему.

В Казахстане единой семьёй живёт пятнадцать миллионов человек, представителей более ста национальностей и народностей. Я не перестаю удивляться тому, как дружно уживаются в нашей стране люди разных национальностей, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. И всё это сопровождается не только хорошим отношением, но и симпатией друг к другу. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы радио и телевидения. Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана. Стремление к согласию живёт в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев. Щедро казахская земля, и характер у казахского народа то же щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землёй напевы домбры, украинские и немецкие песни. Пусть танцуют люди польку и лезгинку. Народ Казахстана един. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие будущего процветания.

Я думаю, что неважно, на каких языках говорят дети Казахстана. Всех нас, независимо от цвета кожи и разреза глаз. Объединяет чувство любви и благодарности родной земле. Помните наказ Ы. Алтынсарина: "Долг каждого из нас - внести посильную лепту на пользу своей Родине". И если есть у человека дар, талант, ум, он непременно употребит их во славу своей Отчизны. Я люблю тебя, Казахстан, современный, независимый, устремленный в будущее. Мой Казахстан – это самая дорогая, важная, драгоценная, горячо любимая страна. Это Родина моя...

Сейчас мы только дети, но уже сейчас мы строим планы на будущее, мечтаем кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников, многое должно нас интересовать, мы не должны быть равнодушными к бедам и страданиям

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Қарағандинская область**

людей. Потому что именно таков наш Президент. Мы уважаем нашего Президента – Нурсултана Абишевича Назарбаева, благодаря которому мы имеем возможность жить в мирной и благополучной стране. А что в жизни нужно человеку? Конечно, чтобы люди, засыпая, были бы уверены в том, что их жизни, их будущему ничего не грозит. Мир и согласие на земле – вот самое главное для каждого человека. Мы уверены в своем будущем, наш Президент сделает все для того, чтобы мы жили счастливо. Я ему верю!

Вот какой мой Казахстан: мирный, свободный, богатый, многонациональный. Разве можно не любить такую страну? Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизнь её настоящему во имя нашего общего будущего.

Есімханов Нұржігіт
2 сынып, №76 ЖББОМ
Октябрь ауданы, Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Омарова А.М.

Қазақстандық патриотизм

«Тегінде, адам баласы ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген екен қазақ елінің ұлы ақыны А. Құнанбаев. Біз қадам басқан ХХІ ғасырдың азаматы қандай болуы керек? Біз бұл сұраққа ақылды, білімді, мәдениетті, Отансүйгіштік қасиеті жоғары, жаңаны тануға деген ұмтылысы зор болу керек деген жауап алған болар едік.

Қазақстандық патриотизм ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп отырған мемлекетін – «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілерін білу керек деген ой келіп туады.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егемен ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мемлекеттерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсысы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегідей) жүйелі патриотизмге тәрбиелеудің тезіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәжірибесіндегі отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалының күшті болғанын көреміз. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл – қоғамның жай-күйі оның әрбір азаматына байланысты деген сөз. Демек, Қазақ Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігінің нығайып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі.

Жаңа тарихи әлеуметтік жағдайда патриотизм жаңа сипатқа ие болады, өйткені, енді Қазақстанда өмір сүріп отырған «Қазақстан» деген мемлекетке бірікті. Демек, олардың мүддесі, мақсаты, күн көріс жағдайлары да бір бағыт ұстануы керек. Міне, осының өзі бұдан былайғы кезде «қазақстандық патриотизм» ұғымын қалыптастыру мақсатын қойып отыр. Ендігі кезеңде қазақстандықтардың күш-қуаты «қазақстандық патриотизмді» орнықтыруға жұмсалуды керек.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан. Ал оның мазмұны туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкемдегі тамаша киелі орындар – жалпыұлттық құндылықтармен толықтырылады. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне жел сөзбен алдап-арбап сүйгізе алмайсың. Елін сүю – әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзі келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзаттың бойында біртіндеп қалыптасатын құдыретті сезім.

Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақ мемлекетін Отаным деп сезіну, басқа ұлттардың қазақ халқына сый-құрметпен қарауы, әр ұлттың

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін көркейтуге және оны қорғауға дайын болуы.

Мен өзімді Қазақстан азаматымын деп мақтана айта аламын, өйткені мен оның тілін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін білемін. Егер қазақ болып тұрып, өз мәдениетін, тілін білмесе, ол Қазақстан азаматы атағына ие бола алмайды деп ойлаймын.

Келешекте мен де өзімнің еліме көп еңбек сіңіруге тырысамын.

Жақанова Ғалия

1 сынып, Ә. Бөкейхан атындағы
№ 76 ЖББОМ КММ
Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Жұманбаева А.А.

Рәміздерім – мақтанышым

Әрбір адам өз отанын, елін, жерін мақтаныш тұтады. Мен де өзімнің отанымды, елімді, жерімді сүйемін және құрметтеймін. Әрбір тәуелсіз мемлекеттің басқа мемлекеттерден айырып тұратын өз таңбалары болады. Ол таңбаларды біз рәміздер деп атаймыз. Мемлекеттік рәміздер әрбір адамның мемлекетіндегі бірлігін сезінуге көмектеседі. Біздің мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба және Әнұран. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет тәуелсіз еліміздің Туын, Елтаңбасын бекітті.

Мен өз елімнің мемлекеттік рәміздерін құрметтеймін. Өз елінің мемлекеттік рәміздерін сыйламау өз елін, халқын, тіпті, өзін - өзі сыйламау болып табылады.

Біздің Республикамыздың ең негізгі рәміздерінің бірі – Ту. Біздің мемлекеттік Туымыз тік бұрышты, көгілдір түсті. Оның көгілдір түсі біздің байтақ еліміздің аспаны ашық және бейбітшілік пен тыныштық орнаған мемлекет екенімізді білдіреді. Тудың ортасында барлық әлемге сәулесін шашып, нұрын төгетін күн және қазағымның қасиетті жеті қазынасының бірі болып табылатын қыран құс бейнеленген. Күн - өмір сүрудің белгісі. Оның жылуы жер бетіндегі тіршіліктің барлығына ортақ. Яғни біздің көп ұлтты мемлекетіміз сияқты, ешкімді бөлектемей барлық ұлттардың басын бір ортаға біріктірген.

Қазақ халқы ерте заманнан бері қыранды киелі құс деп есептеген. Қыранның Тудың ортасында орын алуы – біздің мемлекетіміздің қыран құс

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

сияқты әрқашанда биікте болсын деген ақ тілегінің белгісі.

Ту қазақтың ежелден келе жатқан өнерінің жемісі ою - өрнекпен безендірілген. Ертеде ою - өрнек жаман күштерден сақтайды деп есептелген.

Біздің мемлекетіміздің көк аспанда нұрын шашып тұрған күн астында шарықтаған қыран құстай, ешбір жаман күштер тыныштығымыз бен бірлігімізді бұзбай, тек биіктерден көрінуін тілеймін.

Кез – келген мемлекеттің өзінің таңбасы болады. Біздің мемлекетіміздің де өз елтаңбасы бар. Елтаңба дөңгелек пішінді және басым бөлігі алтын түстес болып безендірілген. Оның ортасында күн сәулесін шашып тұрғандай әсер қалдыратын шаңырақ бейнеленген. Бабаларымыз шаңырақты құрметтеген. Шаңырақ бейнесі Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтың Отаны, үйі бір дегенді білдіреді. Біздің көп ұлтты мемлекетіміздің ешкімді бөлектемей барлығына бірдей пана боламыз дегенді білдіреді. Шаңырақты күн сәулесіндей тараған уықтардың ұстап тұруы, біздің мемлекетіміздегі бірліктің белгісі болып табылады.

Елтаңбаның екі жағында орналасқан қанатты аттар ертеден біздің ер азаматтарымыздың адал серігі деп есептелген және қазақ халқының мықтылығын сипаттайды. Сонымен қатар, біздің ортақ шаңырағымызды екі жағынан қоршап, сыртқы жаман күштерден қорғап тұрғандай әсер қалдырады.

Мемлекеттік елтаңбаның ең жоғарғы жағында орналасқан жұлдыз бейнесі мемлекетіміздің жұлдызы жарық болсын деген тілекпен тығыз байланысқан.

2006 жылы қаңтарда Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны болып бекітілді. Анам маған: «бұл ән Әнұран болмай тұрған кездің өзінде барлық ел оны жақсы көретін, осы әнді орындаған кезде орындаушының көзінен отанға деген бір ыстық сезім байқалатын, ал қазір бұл әнді барлығы біледі, барлығы сүйіп тыңдайды, сүйіп орындайды», - деді.

Мемлекеттік Әнұран – ол салтанатты ән. Оның сөздері өткен тарихымызды, бүгінгі өмірімізді, келешек арманымызды сипаттайды. Әнұранның сөзін еңбектеген баладан, еңкейген қарттарға дейін білуге міндетті. Әнұранды жүрегімізге оң қолымызды қойып тұрып айтамыз, тұрып тыңдаймыз. Бұл біздің жүрек түбінен шыққан Әнұранымызға деген үлкен құрметтің белгісі. Кез – келген салтанатты жиындар Әнұранмен ашылады.

Біздің спортшыларымыз олимпиадаларда үлкен жүлделі орындарға ие болған кезде де біздің көк Туымыз биікте желбіреп, Әнұранымыз шырқалады. Сондықтан да менің байтақ елімнің атын бар әлемге танытатын, Туым көкке көтеріліп, Әнұраным шарықтап шырқалатын күндер көп болсын деп тілеймін.

Еліміздің Әнұраны біздің мектепте алғашқы қоңырау, соңғы қоңырау және тағы басқа жиындарда орындалады.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Мемлекеттік рәміздермен мен ең алғашқы рет балабақшада таныстым. Ол кезде апайлар рәміздерді сыйлау керектігін бізге түсіндірді және әнұранымызды жаттатқызды. Одан кейін менің жақсы көретін мұғалімдерім – Райхан мұғалім мен Алмаш мұғалім рәміздер туралы көп әңгімелер айтып берді. Рәміздердің әрбір бөлшегін, мәнін, мағынасын бізге түсіндірді.

Менің Алмаш мұғалімім: «Сендер Қазақстанның болашағысыңдар, сондықтан да туған елдеріңді, рәміздеріңді, елбасыны қазірден бастап сыйлаңдар», - деп үнемі айтып отырады.

Елімізде тыныштық болып, көк Туымыз биікте желбіреп, Елтаңбамыз әлемге танылып, Әнұранымыз шарықтап шырқалатын болса, біздің келешегіміз де ұзақ және жарқын болады деп ойлаймын.

Қазақ елінің, Қазақстанымның мәртебесі биік, өмірі ұзақ болып, Мемлекеттік рәміздерімізге деген құрмет арта берсін!

Жақып Аяулым

10 сынып, №6 Талап орта мектебі
Талап селосы, Жезқазған қаласы
Жетекшісі: Алибаева Гүлденсін

Қазақ елінің әскери рәміздері

Қазақ... Осы сөздің әрбір қазақ елінде тұратын адамға ерекше бір рух берері сөзсіз. Қазақ – намысы мен абыройын, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін барлық қасиеттерден жоғары қоя білген, ерекше халық. Қазақ халқының бүгінгі кешіп отырған бейбіт өміріне қол жеткізудегі көрген қиянаттары мен қиыншылықтарын сөзбен айтып жеткізуге болмасы анық. Еліміздің шаңырағы биікке көтеріліп, керегесінің нығаюы ата – бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы төккен қанды тері мен жасының арқасында екенін келер ұрпақ, яғни біздер ұмытпауымыз керек деп білемін. Жылдар, тіпті ғасырлар бойғы қазақ халқының егеменді ел болып қалыптасуы үшін жалғасқан қантөгістердің бүгінде еліміздің тәуелсіз, қарқынды дамып келе жатқан жас та болса күшті мемлекет болып қалыптасуының бір көрінісі болар.

Егер, бір сәт өткен күндерге көз жүгіртсек... Шыныменде, үнемі, дәл бүгінгідей бейбіт өмір мен тыныштық пен ымыра бірлік болмады. Талай ғасырлар бойы еліміздің кең байтақ, құнарлы жеріне көз салғандар оның шекарасын өздеріне бағындыру мақсатында сан қилы соғыстар жариялады. Сол кездердегі ата – бабаларымыз, қазақ халқының көзайым батырлары мен көсемгер хандарының батырлығы мен даналығының арқасында бүгін біз

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

арқамызды керіп, барша кеудемін дем алып отырмыз. Қазақ хандығының бастан кешкен қиындықтары мен қасіреттерінің шексіз болғандығын ескере отырсақ та қазақ халқы ешқашан рухымен құлап, ертеңінен түңілмеген, бойында ерекше қуат пен күш – жігері бар дана халық бола білген.

Сол жылдардағы қазақ хандығының құрылымы әрине көбіне жауынгерлерден құралды. Әрбір отбасынан бір қару ұстай алатын ержүрек азамат шықса, отбасының абыройы арта түскен. Соғыстың сан жылдарға созылып, елімізді зар илеткен шайқастарда талай мәрте еліміздің байрағы мен нақышы көкке көтеріліп отырған. Сол кезеңдегі әрбір жауынгерге рух пен батылдықтың символы болып еліміздің әскери рәмізі болған. Ол шайқас майдандарында көтерілгенде әрбір қазақ азаматына сарқылмас күш сыйлайтындай аса қасиетті ұлттық нақыш болған. Байырғы әскери рәміздер – әскери белгілер ретінде қолданылған. Олар түрлі әскери мағыналар мен ұғымдарды білдірген. Байырғы әскери рәміздерін: киелі рәміздер; әскери дәреже және лауазым белгілері; түрлі айырым белгілері деп бөлуге болады. Ертеде әскер қосындары соғысқа өздері табынатын киелі бейнелерді әскери рәміздік белгі ретінде көтеріп шыққан. Олар ұрыста күш беріп, жеңіске жеткізеді, қауіп-қатерден қорғайды деп ырым еткен. Ондай бейнелер металдан соғылып, алыстан көріну үшін қанық түсті матадан тігілген әскери туға жапсырылып, оның жоғарғы жағына қасиетті аңның құйрығы байланып, тігінен не көлденеңінен ағаш сапқа бекітілген. Туда әскердің киесі, күші болады, тудың құлауы әскердің жеңілуі деп түсінгендіктен әрбір жауынгер, бүкіл әскер туды сақтауға, қорғауға міндетті болған. Әр әскер қосындарының туы өз түсімен ерекшеленген. Бүкіл әскерлік ту үлкен, үшбұрышты етіп жасалады. Ту алыстан айқын көріну үшін ашық көк, қызыл, сары, жасыл, ақ түсті маталар, кейде бір туда екі-үш түс бірдей қолданылған. Әр түс көшпелі халықтар мәдениетінде белгілі бір ұғымды білдіретін болған. Қазақтарда ақ түс тазалықтың, әділдіктің, қызыл түс ерліктің, жасыл түс жаңғырудың, өркендеудің нышаны болған. Жазбаша, ауызша әдеби деректерде Қаракерей Қабанбай батырдың ақ туы, Абылайдың жасыл туы болғаны айтылады. Бұрынғы кездері арнайы әскери киім болмағандықтан, өз әскерін жау әскерінен айыру үшін жауынгерлер дулығаға және найзаға түсті айырым белгі таққан. Оны жалау деп атаған. “Жалаулы найза қолға алып” деген осыдан шыққан болар сірә. Әр әскери бөлімнің жауынгерлері жалауды бір түстен таққан болса, қолбасшы сол арқылы олардың қимыл-әрекетін бақылап, басқарып отырған. Жалау алыстан көріну үшін ашық, шаңқан түсті маталар таңдалған. Түсті матадан тігілген айырым-белгілер найза мен бас киімнен басқа жеңге, иыққа да тағылуы мүмкін болған. Мысалы, Кенесары сарбаздары мұндай белгілерді киімнің жеңіне таққан. Жалаулы найза ұстаған қазақ

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жауынгерлерінің бейнесін тастағы суреттерден, XIX ғасырдағы өнер туындыларынан көруге болады. Айырым-белгі тағу дәстүрі Еуропа елдеріне де ауысып, қазір бұл белгі жауынгердің бас киіміндегі әскер түрін белгілейтін түсті жиекке айналып, осы күнге жетіп отыр.

Әскери рәміздік белгі ретінде ең бірінші пайда болған байрақ қазір қолданыстан шыққан. Қасиетті әскери атрибут — жауынгерлік ту осы заманғы армияға орнықты да, кейін пайда болған жалау әскери айырым-белгі ретінде ғана емес, әр түрлі ұйымдардың, мемлекеттердің, қоғамдардың айырым-белгісі ретінде кең қолданылатын рәмізге айналды. Ескі әскери рәміздердің ұмтылуына байланысты және мәнінде, сыртқы пішінінде ұқсастық болғандықтан, қазіргі түркі тектес халықтар тілінде ту, байрақ, жалау атаулары бір-бірінің синонимі ретінде қолданыла береді. Байырғы әскери белгілер қатарына хандардың, патшалардың, қолбасшылардың дәреже белгісі ретінде бас киімге, дулығаға тағылатын құстың қауырсыны — жығаны, аттың тұрманына тағылатын шоқты да жатқызуға болады. Әскери рәміздердің жауынгерлер арасында ерекше құрметке ие болған. Оны сыйлап, әскери рух беріп алға жеңіске жетелейтін күш деп білген.

Қазақ елі өзінің сарбаздары мен батырларымен әрдайым мақтанған. Олардың сыз түспеген жүректегі батырлықтарының арқасында бүгін біз терезесі өзге елмен тең келген мемлекетте өмір сүріп жатырмыз.

Қазақ елі бүгінде алдына мақсатын айқындап алған, бәсекеге қабілетті елдермен иық теңестіруге бел буған жас та болса қуатты мемлекет. Оның әрбір азаматының бойында еліне, жеріне, еліміздің рәміздері мен тарихына деген сүйіспеншілігі ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, ұрпақтан ұрпаққа таралып отырады.

Жамбыл Асем

10 класс, школа-гимназия им.Ы.Алтынсарина

Шетский район

Руководитель: КарибековаС.Т.

Моя Родина!

Какой высокий смысл заложен в одном коротком слове – родина! И для каждого человека это содержит в себе что-то свое, личное, особенное и что-то общее, более значительное. Думая о родине, мы думаем о той великой,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

прекрасной стране, в которой родились, связываем понятие родины со сложной интересной, насыщенной и иногда трагической историей родной земли. Мы чувствуем гордость оттого, что являемся частью этой страны, частью этого большого мира. Любовь к родине нам прививают с детства – родители, воспитатели, учителя. Из поколения в поколение передаются рассказы о важнейших событиях, выдающихся личностях, об их подвигах и великих делах. Поэтому, думая о родине, мы думаем и о героях прошлого и настоящего, и об известных писателях, поэтах, музыкантах, художниках. Все это – наша история, все это – наша родина. Наша родина – это и люди, которые нас окружают в повседневной жизни. Люди, которые родились в одном краю, всегда как-то ближе друг к другу, всегда лучше смогут понять друг друга, им легче найти общий язык и стать друзьями. Потому, наверное, что у них есть одно общее – та страна, в которой они родились, а это уже много! Не потому ли люди, оказавшиеся в другой стране, бывает так искренне рады встретить земляка – любого, пусть деле совсем незнакомого человека из родной страны, родного города, родных мест. Но у каждого из нас есть свой родной уголок – своя маленькая родина. Это тот город, поселок или деревня, та улица и тот дом, где мы родились, где сделали свои первые шаги, сказали первое слово, узнали первые радости и первые обиды. Возможно, став старше, мы сможем более глубоко оценить, понять и полюбить нашу большую родину, нашу страну. Хотя в глубине сердца, конечно же, каждый из нас уже испытывает искреннюю любовь к своей родине. Но мне кажется, что сейчас нам намного ближе, дороже и понятнее именно наша маленькая родина – дом наших родителей, бабушек, дедушек.

Я горжусь своей Родиной. Это многонациональное государство Казахстан. Оно занимает девятое место в мире по величине территории! Казахстан – большое государство, построенное в непростых природных условиях. Это степи, полупустыни и пустыни. Казахстан обрел независимость около двадцать лет назад, после распада Советского Союза. Но национальную культуру Казахстана еще много веков назад стало создавать казахи, кочевники, которые большую часть жизни проводили в седле. Бескрайние степи и пустыни, заросшие типчаком, ковылем, полынью, стали единственным богатством. Казахстан пословица гласит: « Цветы лишь на своей поляне – цветы », человек лишь на Родине – человек. В слове заключена вековая хранимая и бережно передаваемая из поколения в поколение истина о Человеке и Родине. Только чувство Родины, осмысление своего единения с ней, своей сопричастности к жизни и судьбе Отчество делает нас настоящими людьми. Поэтическое наследие нашего народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, ее безбрежных просторов, белоснежных громад гор, лазурных гладей озер. Великие писатели воспевали

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

красоту и историю казахской земли. Меня всегда интересовало и волновало одна история, ведь без прошлого нет будущего. Народная память хранит и передает из поколения в поколение события в жизни казахского народа. Моё воображение рисовало образы славных батыров, доблестно защищавших свою Родину.

Основой единства и стабильного развития Республики Казахстан как независимого государства, основным фактором объединения полиэтнического, поликультурного общества на уровне единой нации определенно выступает наличие государственного языка. Как подчеркнул Президент нашей страны Н.Назарбаев, государственный язык – это сила, которая организует, сплачивает, объединяет народы, проживающие на территории Республики Казахстан. Исторические этапы становления казахского языка как государственного и достижения им высокого уровня развития восходят вглубь истории. Обеспечение стабильного развития государственного языка, в первую очередь, начинается с изучения его прошлого. В настоящее время казахский язык как государственный широко применяется в сферах науки и образования, техника, промышленности. Это, конечно, в первую очередь связано с приобретением независимости нашим государством. Действительно, не только казахский народ, но и другие народы долгое время подвергались дискриминации, угнетались и притеснялись со стороны советской власти. С приобретением независимости нашего государства мы возвращаем утраченное годами и возрождаем забытое прошлое. Именно поэтому государственный язык, который, по словам Главы нашего государства, является « фактором, объединяющим представителей всех национальностей», должен быть основной опорой единства и развития Казахстана.

Казахстан – не просто красивейшая страна с неповторимой, многовековой историей и культурой. Казахстан – это молодое, свободное, независимое государство, успешно развивающее свою экономику и идущее вперед дорогой реформ и преобразований к процветанию и стабильности нашей страны. Я думаю, главное богатство любого государства – это его люди, их жизни, заботы и чаяния, горести и радости. Я хочу сверить свою судьбу своей семьи с судьбой моей страны. Этот год отмечен несколькими событиями в жизни государства. Особо мы отметили десятилетний юбилей нашей Конституции, благодаря которой наша страна добилась высоких темпов развития, стабильности и экономического процветания. Это был большой праздник для всех. Вторая важная дата – десятилетие Ассамблеи народов Казахстана. Наше государство многонациональное. Живя в мире и дружбе, рука об руку в разных сферах деятельности трудятся казахи и русские, татары и немцы, украинцы и

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

корейцы... Я часто задумываюсь о том, что за последние сто лет землю Казахстана населили разные народы.

Здесь единой семьей живут
Немец, русский, казах и удмурт,
Украинец, китаец и грек,
Здесь прекрасен душой человек!..

Не только потому, что здесь замечательная культура, но и сам человек, ступая на землю Казахстанскую, становится краше душой и телом. Здесь все живут в мире и согласии друг с другом.

Жамойтина Софья

6 класс, гимназия им. Т. Аубакирова
г. Темиртау

Мой Казахстан – это самая дорогая и горячо любимая страна. Это моя родина. Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы облагородить нашу богатую землю. Очень много вложить труда и пота пришлось пролить минувшим поколениям, чтобы наша родина была такой красивой. Великие акыны воспевали красоту и историю Казахской земли. Они пели о белоснежных вершинах гор, о бескрайних просторах и о лазурных гладях озер. В памяти казахстанцев передаются из поколения в поколение славные и трагические события, происходившее в стране. В Казахстане единой семьей живут 16 миллионов человек, представителей более 100 национальностей и народностей. Государственный язык в Казахстане – казахский, но в нашей стране разговаривают на русском, узбекском, татарском и других языках. Народ в Казахстане един. Это помогает сохранить мир и благополучие Казахской земли. Мы уважаем нашего президента Нурсултана Абишевича Назарбаева благодаря ему мы видим над головой яркое солнце и мирное небо, а в семьях благополучие и достаток. Я родилась и живу в Казахстане. С самого детства я изучаю государственный язык. Все мои родственники приехали в Казахстан в годы Великой Отечественной войны. Также я изучаю иностранные языки : английский, немецкий и французский. Моя семья очень много путешествует , но всегда тянет на родину как говорят: „ В гостях хорошо, а дома лучше,.. Я люблю читать произведения казахских писателей : Ш. Аулиханова, Абай Кунанбаева, А. Ауэзова. Мы гордимся прошлым нашей страны, посвятим жизни ее настоящему во имя нашего общего будущего.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Жетібаева Сабина

8 сынып, № 74 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Ходжаев С.Ә.

Егемен елдің еңсесі биік!

Менің Отаным - экономикасын, мәдениетін, ғылымын, зияттылығын, демократиясын, құқығын, дамуының мақсатын биік шыңдарға жеткізуге ұмтылған және осы ұмтылысын дүние жүзі таныған және мойындаған ұлы кемеңгерлер мен батырлар құрған мемлекет –Қазақстан.

Төрт мұхиттың арғы жағында Қазақстан - жері кең байтақ,халқы бауырмашыл,ғылымға,ілімге құштар ретіндігі ел болып танылды, шекарасы көптеген мемле-кеттерге ашылып, халықаралық қарым-қатынасқа түскен мемлекеттер алдында сыйлы және мәртебесі биік мемлекет.

Қазақ халқында «Жері байдың- елі бай» деген керемет кемеңгерлі мақал бар,осы мақалдың мағынасына үңілетін болсақ,ел аузындағы осындай дана сөзге дәлел табуға болады.Өйткені Қазақстанның жері кең байтақ ғана емес,сонымен қатар ғалым Менделеев таблицасындағы 111 элементтің 99-ы біздің жер қойнауында бар.Бұл жер байлығы ғана емес,бұл Отанымыздың, халқымыздың болашағы.Себебі алпауыт ірі еуропалық мемлекеттердің біздің мемлекетпен достық қарым-қатынаста болуы,бұл біздің Қазақстанды дүние жүзіндегі ең толерантты,адал серіктес ретінде сенуі.

Қазақстанның оңтүстігі,солтүстігі,шығысы мен батысында қазба байлықтар мол болуы – мемлекетіміздің болашақта бақытты,экономикасы мықты,дамыған мемлекеттердің алды болуына кәміл сенуі,сонымен қатар,Қазақстанды көп ұлтты,демократиялық,кұқықтық зайырлы,жоғары интеллектуалды мемлекет ретінде дүние жүзі таныды.Оған дәлел менің туған қалам Қарағандыда 30-дан астам өзге ұлт өкілдерінің күнделікті жанымызда,бір үйде,бір көшеде бейбіт өмір сүруі.Туған қаламда көптеген мектептердің,жоғары оқу орындарының болуы халқы-мыздың ұлттық тілді,ресми тіл орыс тілін және ағылшын тілін жастайынан еркін меңгеруі – қазақстандықтардың білім деңгейлерінің жоғарылығын көрсетеді.

Мен өз Отанымды туған қалам Қарағанды мен байланыстырамын.Өйткені, бұл қалада мен дүниеге келдім,бақытты балалық шағым менің есею кезім,жақын туыстарым,ата-анам,жолдастарым,ұстаздарымның арасында ертеңгі күнге алаңдамай өтіп жатыр.Болашақта мен белгілі бір ел басқаратын азамат болмасамда,сайының

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

тасы болайын деп мақсат қойдым.Мектепте жақсы оқып,үлкендерді сыйлап, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеп Отаныма адал қызмет етемін.Өз елім – алтын бесігім-де, Отаным –қуатым,отбасым –шуағым,туған жерімнің түтіні де тәтті деп ойлай-мын.

«Отан-оттан да ыстық»,- деп бекер айтылмаған мақал екенін, жазғы демалыста көрші ел Қырғызстанда болғанымда түсіндім.Ол елдің жері, Ыстықкөлі қанша әдемі болса да,өзімнің үйімді қатты сағынғанда түсіндім.Сондықтан өз елім,Отаным,Қазақстаным өзіме өте қымбат,жолда туған елге қайтіп келе жатқанда Қазақстанның шекара бекетіне келгенде Қазақстанның желбіреген көк байрығы,өзімнің ұлттық тілімде сөйлеп жатқан отандастарымызды көргенде бір апта болған Қырғызстан жеріндегі экономикалық қиындықтарды байқағандықтан,өз елімнің бейбітшілігі,ынтымағы жарасқан,тоқшылық, ырысы мол,берекелі ел екендігіне өте қуандым.

Осындай Отанымның болуы елді басқарып отырған кемеңгер,данышпан Елбасымыздың еңбегі деп айқын айта аламын.Елбасының Қазақстан халқына жасап жатқан істерін ерлікке теңеуге болады.Ердің ісі – елдің мойнында,елдің ісі –ердің ойында деп бекер айтпаған.Яғни,«Ел барда – ер қор болмас,ер барда ел қор болмас»,- деген сөзді бекем ұстанғым келеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан әлемдегі көптеген мемлекеттердің ортасындағы инновацияланған,индустрияланған,алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің ортасындағы жасы кіші болғанына қарамастан, ең үздіктердің қатарынан көрініп келеді. Біз Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы күні-түні еліміздің дамуына,елді көркейту үшін халықтың армандаған қиялдарын іске асырып,күш жұмсағанына тек біздер ғана емес, бүкіл халықаралық арена куә болуда.Яғни, Елбасы өзінің еңбектерінің аз уақыт, яғни жиырма жыл ішінде жемісін көріп жатыр. Қазақтың халық мақалында: «Не ексең, соны орасың»,-дейді емес пе?Расында бұл сөздерді астарлап қарасақ,ішінде құнды ойлар жатыр.Елбасымыз Қазақстанның байтақ еліндегі әрбір жарқырап атқан таңы мен алаулап батқан кеші бейбіт өмір мен ертеңгі болашақтың ғұмырлы болуына кепіл береді және халқы кәміл сеніп әрқашанда мемлекет басшысының барлық игі істерін қолдайды.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Жетпысов Аблай

10 сынып, №16 ЖОББ

Саран қаласы

Жетекшісі: Аханов А.К.

Менің Отаным

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқан мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздің бейбітшілікте өмір сүруіміз. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі сарбаздармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті.

Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз.. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады.

Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Жумағалиева Айжан

7 класс, школа № 65

г.Караганда

Руководитель: Ануарова А. А.

Мне как-то приснился сон, как-будто, какой-то дедушка с бородкой дает мне уздечку и сбрую коня, и указывает мне дорогу. Проснувшись я подумала, не зря ведь он мне приснился, значит, он дает мне напутствие в хорошее, светлое будущее. Мое будущее – это мой Казахстан. Страна больших возможностей и решений. Президентом которого является Нурсултан Абишевич Назарбаев.

В своем обращении к молодежи Нурсултан Абишевич возлагает всю свою надежду на молодое, здоровое поколение. Он верит нам, он знает, что молодежь Казахстана продолжит дело, начатое нашими великими предками, сохранив традиции, обычаи, культуру казахского народа, и богатство бескрайней степи. Много веков понадобилось нашим предкам защищать эту землю от иноземных захватчиков и передать в наследство нам.

Нам не нужна война! Нам нужен мир! Наши успехи и победы только в единстве всех национальностей проживающих в нашем молодом государстве – Казахстан.

Я дочь степи твоей, моя земля!
Без запаха дыма твоего очага,
Без чистого неба и солнечного дня,
Ни дня не проживу я без тебя!
Так поет моя душа, когда я думаю о тебе, моя родная земля!

Благодаря нашему президенту мы имеем возможность жить в мирной и благополучной стране, поэтому мы обязаны оправдать его доверие к нам, чтобы наша земля жила и процветала, не забывая свои истоки. Для этого надо воспитывать в себе нравственные и духовные качества, уважение к старшим и молодому поколению.

- Дедушка, во сне моем, я исполню то, что Вы хотели мне сказать. Я сяду на коня. Я пойду по той дороге, что Вы мне указали, и тогда воспоеет наша степь еще краше, зацветет и зазеленеет трава, укажет мне дорогу свободолюбивая птица, а над головой моей будет веять флаг наш голубой.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Жумажанова Сабина

8 сынып, КММ № 92 гимназия

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Жаркеева Гулназ Бекетовна

Мен елімнің патриотымын

XXI ғасыр білім мен ғылым, технология заманы екенін барлығы жақсы біледі. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып, тәрбиені елеусіз қалдырсақ, ұтарымыздан ұтыларымыз көп болар. Менің ойымша, бала тәрбиесі әр ата-ана үшін бірінші орында. Отбасы тәрбиесі- бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. "Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз" дегендей, отбасындағы тәрбие арқылы ғана бала елінің нағыз патриоты, елі мен жерін сүйер азаматы болып қалыптасады. Менің пікірім бойынша, баланың болашағына толғанар және ойланар отбасы көп болса, еліміздің болашағы зор болмақ. «Тәрбие басы - тал бесік» деп бабаларымыз тауып айтқан болса, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе»,- деп отбасы тәрбиесінің маңыздылығын ескерткен.

Ұрпақ кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі болып өссін десе, бар назар келешек ұрпақ тәрбиесіне аударылуы керек. Әсіресе, патриоттық тәрбиеге көңіл бөлген дұрыс деп ойлаймын. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің халыққа жолдауларында маңызды орынды патриоттық тәрбиеге береді. Қазақстан Республикасы бүкіл әлемге тәуелсіз мемлекет екендігін дәлелдеді. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсаты болғандықтан, біздің елді мекендеген барлық халықтар отаншылдық рухта тәрбиеленуі дұрыс деп ойлаймын. Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін қазақ халқының басынан өткен қилы замандарды ұрпаққа айтып, түсіндіру өте маңызды. Адамзат қоғамы өзінен бұрынғы ата – бабаларының ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Қай ел, қай халық болмасын, озық тәжірибесін жатсынбай қабылдайды. Өзге емес, өзіміздің ата-бабалырымыз, батырларымыз арғысы Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Баян батырлар, бергісі Бауыржан Момышұлы, Әлия, Мәншүк апаларымыз, Төлеген Тоқтаров, қанды желтоқсандағы Қайрат ағаларымыз және тағы да басқа қазақ қаһармандарының елі мен жерін қорғаудағы көрсеткен ерліктері жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне зор үлесін қосады. Қазақ жастарын патриоттық сезімде тәрбиелеу үшін, желтоқсан оқиғасының маңызын, біз, өсіп келе жатқан жас буын санамызға сіңдіруіміз керек, түсіне білуіміз керек. Қазақ халқының

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

батыр екендігін, тәуелсіздікке ұмтылған ұрпақ екендігін көрсетуіміз керек. Сол арқылы біз мемлекеттің болашағын тәрбиелейміз деп ойлаймын.

Ұлттың тілі - ұлттық тәрбиенің басты құралы. Тіл мәселесі ешкімге де құпия емес. «Ұлттың тілінің кеми бастауы-оның құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұр», - деп Мағжан атамыз қазақ тілінің қасиетін қастерлеп көрсетіпті. Шынымен де тілін, туған елін, жерін қадірлеген әр жеткіншек нағыз патриот болып өседі. Бауыржан атамыз айтқандай: «Жау қолында кеткен жерінді қайтарып алуға болады, ал тілінді ешқашан қайтара алмассың». Сондықтан да ұрпаққа берер тәрбие – ана тілге деген құрметтен басталуы заңдылық. Өркениеттің ұлы көшінен кеш қалмайық десек, ұрпағымызға қазақы тәрбие беру құралы болған ұлтымыздың тілін қастерлейік!

Қорыта айтсам, мен ынтымағы жарасқан Қазақстанда дүниеге келіп, өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын. Еліміздің болашағына зор үмітпен қараймын. Еліме, Отаныма адал қызмет етіп, «дүниенің бір кірпіші болып қаланып», үлесімді қосқым келеді. «Болашаққа жоспар құрсаң, баланы тәрбиеле» - деп шығыс нақылында айтылғандай, жас ұрпақты барынша жақсы тәрбиелесе, егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгі желбіреме.

Мен сияқты бүгінгі бүлдіршін ертеңгі еліміздің аптал азаматы болатынына сеніңіздер!

Жұмағазы Ақжол

1 сынып, Ә.Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ

Менің елім

«Менің ұлтым –қазақ,елім-Қазақстан»- деп мақтанышпен айта аламын. Себебі мен тәуелсіз елдің ұрпағымын.Біздің елбасымыз НұрсұлтанНазарбаев. Елбасы-ұлттың көшбасшысы, тірегі.Әлемге әйгілі Астанамыз бой көтерді.Астана қаласы күннен –күнге көркейіп келе жатыр.

Әр елдің тәуелсіздігін,ерекшелігін көрсететін белгілер – мемлекеттік рәміздер. Мен рәміздер туралы алғаш рет балабақшада апайдан естідім. -Апай рәміздер дегеніміз не? Олар бізге не үшін қажет?- деп сұрадым.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Сонда апай маған рәміздер біздің еліміздің теуелсіз екендігін, айқындайтын мемлекеттік нышандар олар-ту, әнұран, елтаңба деп жауап берді және олардың суреттерін көрсетті. Тудың түсі-көк. Көк түс бейбітшіліктің, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі, ортасында күн, күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік елтаңбамыздың басты белгісі-шаңырақ. Шаңырақтың айналасында уықтар. Оны пырақтар қанаты қоршап тұр. Сонан соң апай бізге мемлекеттік рәміздерге байланысты өлең жаттауға тапсырма берді. Мен үйге келгеннен соң анамнан басқа елдердің мемлекеттік рәміздерін көрсетуін сұрадым. Анам маған басқа елдердің туларын көрсетті. Мен бірнеше елдің туларының ішінен еліміздің туын бірден таныдым. Ол аспан түстес, басқа ешқандай елдің туы оған ұқсамайды. Олар басқа елдердің рәміздеріне қарағанда маған қатты ұнайды. Содан мен ертеңіне балабақшаға:

Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы,
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы,—

деген өлең шумағын жаттап бардым. Мемлекеттік рәміздерді білу, оларға құрметпен қарау әр оқушының міндеті.

Жұмагелдина Сәнімай

10 сынып, ЖББ №74 орта мектебі

Қарағанды қаласы

Жетекшісі қазақ: Ходжаев С.Ә.

Менің жүрегімдегі Қазақстан

Қазақстан — Еуразия құрлығындағы ең үлкен мемлекеттердің бірі. Еліміздің жер көлемі ұлан-байтақ. Қазақстанның кең даласын, биік тауларын, ормандары мен көлдерін көрген адам оны еш уақытта ұмыта алмайды. Қазақстан дегенде көз алдыма шалқыған жайлау, түтіні бұрқыраған ауыл, жазық дала елестеп, бақтағы бұлбұл құстың үні мен айдын көлдегі аққу құстың сұңқылдаған дауысы құлағыма келеді. Біз жер шарының осындай сұлу, бай өлкесінде тұрамыз.

Қазақ халқы — ежелден еркіндікті аңсаған, соның жолында талай қиыншылық-ты кешіріп, күресе білген, жауынгер халық атанған ел.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Тәуелсіздік үшін басын бәйгеге тіккен қазақтың біртұтастығына, ұланғайыр өлкесіне көзін алартқандар аз болған жоқ. Сол тәуелсіздік жолында ата-бабам не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдарын- дағы аштық, отызыншы жылдардағы тотолитарлық жүйе, Ұлы Отан соғысы, мың тоғызыншы сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген «Желтоқсан оқиға-сы». Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз, айыптамаймыз да. Себебі, бұл тарих. «Өтке-німізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналықты жадымызда ұстайық!

Қазіргі таңда Қазақстан өркениетті, дамыған елдер қатарында келеді. Еліміз тәуелсіз ел, дербес мемлекет болып, ХХІ ғасыр табалдырығын сенімді қадам басып келеміз. Ел өз қалауымен президентін сайлап, Ата заңымыз бен мемлекеттік рәміздерді қабылдадық. Ана тіліміз, қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып жариялан-ды. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Ол күннен күнге жаңарып, жаңа белестерге көтерілуде. Сонымен қатар Қазақстан Астанада Халықаралық маман-дандырылған ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу құқығына қол жеткізді. Біз елеулі үміткер, осындай халықаралық форум өткізуде тәжірибесі бар бельгиялық Льеж қаласын жеңіп шықтық. Бұл Қазақстанның зор табысы. Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта олар негізінен экономикалық алыптар саналатын – АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқа елдерде өтті. Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр. Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналғанымызды тағы да көрсетіп дәлелдеп отыр. Сондықтан ЭКСПО-2017-ні өткізу – бұл, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның бүкіл әлем алдындағы орасан зор жауапкершілікті мой-нына алды. Алдағы уақытта біз осы жауапкершіліктен сүрінбей өтуге тиіспіз.

Елбасымыз айтқандай, ХХІ ғасыр – жастар ғасыры. Егемен еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар жас ұрпақ екенімізді естен шығармай, туымызды биік ұстаймыз. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі болашақ иелері. Ұрпақ үшін жасалатын игілік – келешек өміріміздің айқындар жолы. Елбасымыз: «Қазақстан өзге елдермен тең дәрежелі қарым-қатынас жасау үшін жастар білімді де білікті болуы қажет», - деген. Тіпті алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек», - деген. Ендігі болашақ жастардың қолында деп өлеңдетіп, жырлап жазған ақын аға-апаларымыздың өлеңдерінен де көруге болады.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Арқауы ерен ерлік дастанының,
Қайраты елге әйгі жастарының.
Желбіреп көк байрағы тұрған шақта,
Жұлдызы жарқырайды аспанының,

- деп ақындарымыз да, жастарды арқау етеді.

Менің ойымша әрбір адам бала кезінен: Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің борышымыз деп білемін. Жастар ойланайық, толға-найық! Қазақ дейтін айбарлы елдің намысын еш уақытта таптатпайық! Егеменді еліміздің азаматы болайық! *Олай болса, от жүректі, көзі ашық, көкірегі ояу, еліміздің болашағы – жалынды жастар, жанын пида еткен бабаларымыздың аманатын, мұра етіп қалдырған елін, жерін, тілін шұбарламай қаз қалпында келесі ұрпақтар-ға табыстайық. Күніміз шуақты, халқымыз қуатты болып, көк туымыз көк аспанда мәңгілік қалықтасын!*

Жұмажанов Абылай

5 сынып, №40 орта мектебі

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Мұқышева М. К.

Тәрбие басы – тал бесік

Ел боламын десең – бесігіңді түзе!

Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал Қазақ халқы татулық пен достықта өмір сүруді ежелден серік еткен. Қазақстан-өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті де қасиетті ел. Тарихқа үңілсек: «Кеше кім едік, бүгін кіміз, ертең кім боламыз?»- деп ойлансақ бұл-туған елінің, халқының өткені мен келешегіне көз жіберген әрбір азаматтың жүрек түкпіріндегі сөзі. Менің елім – Қазақстан Республикасы. Менің ана тілім – қазақ тілі. Мен - туған елімнің ұрпағымын, болашағымын. Әр адамның өз туған елі, жері бар, Отаны бар. Осы уақытқа дейін Отаны жоқ елдер де бар екен.

«Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» деген сөз тегін айтылмаса керек. Ел болу деген сөз өз алдына тәуелсіз, егеменді болып, білімді әрі сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Қазақ халқы – қонақжай, ақкөңіл, қолы ашық, жанашыр халық. Отбасындағы балаға берілетін тәрбиесі де ерекше болған. Ертеректе балаларын шешен болуға, қара қылды қақ жаратын әділетті болуға, ауыз әдебиетінен сусындап өсуге, жыраулардың жырын тыңдауға үйреткен. Қазір менің ойымша, заман талабы солай ма, әйтеуір, балалар көркем әдебиетті сирек оқиды. Дайын дүниелерді тек компьютерден алып шектеледі. Өлең, прозалық шығармалар оқыған адам бойына адамгершілікті, ұлтжандылықты, мәдениеттілікті сіңірген, ой- өрісі кең тұлға болады. Себебі Қазақстанның өркендеп дамуы, құлаштап қанат жаюы, гүлденуі біз сияқты ұрпақтың қолында. Біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең, туған жерді қасиет тұту, Отанын сүю – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным қанымызға ана сүтімен тараған, ана тілімен дарыған. Отан, туған жер, Тәуелсіздік, ана тілі- мағынасы өте терең, ең қасиетті де қастерлі тәтті ұғымдар. Осы ұғымдарды әр отбасындағы балаға, мектеп қабырғасында жүрген жеткіншектерге барынша түсіндіріп, ұғындыру қажет деп ойлаймын.

Бабалардан қалған мұра, қаншама жыл теперіш көріп келген қасиетті ана тіліміздің өз жерінде төрге шығып, мемлекеттік мәртебе алуы да – қасиетті тәуелсіздіктің арқасы. Қазақ халқының ана тілі – қазақ тілі, қазақ тілі – мемлекеттік тіл екенін бәрі де жақсы біледі. Десек те, қазақ тілінде сөйлейтіндер қатары әлі де аздық етеді. Әрине, тіл саясатында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Бірақ қаракөз қандастарымыз бір – бірімен орысша сөйлесіп, сол тілде сөйлегендерін мақтаныш ететін сияқты. Бұл жеке өз пікірім. Неге олар өз тілінде сөйлемеске?

Қазақстан- көп ұлтты ел. Көптеген ұлттар біздің жерімізде өмір сүріп, суын ішіп, күн көріп жатыр емес пе? Ендеше сол әр ұлттың адамдары қазақша сөйлеу керек деп есептеймін. Біз кезінде Ресейдің қол астына өткенде орыс тілін білмесең, нан сатып ала алмайсың дегенұғым болған. Бірақ қазақтар орыс тілін тез меңгеріп алды. Қазіргі кезде қазақ тілін жан- жақты үйренуге барлық жағдайлар жасалған. Ол туралы Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңында» да айтылған. Тілін білмеген - өзін де білмейді. Сондықтан тілімізді дамытып, барлық құжат таза қазақ тілінде ғана болса нұр үстіне нұр болатын еді. Ұлтжанды болу үшін туған тіліңе деген сүйіспеншілігің ерекше болған жөн. Бірлігіміз жарасқан, түтініміз түзу ұшатын ел болу үшін қазақ тіліне деген құрметіміз ерекше болу керек.

Қазақстанның әрбір азаматының парызы – туған Отанының төл тарихын, әдебиетін, тәуелсіздікке қандай қиындықпен жеткенін түсіне білу. Алайда, бостандық, тәуелсіздік- бұлттан шыққан күндей жарқ ете қалмағаны да ақиқат. Тәуелсіздік-біз үшін қонған бақ, астыға тиген тақ. Күллі қазақ халқын өз туының астына жинап, үш жүздің басын қосқан Абылай ханды, елінің азаттығы үшін аянбай қан мен тер төккен Кенесарыны айтуға болады.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат – қабат тарихының басты мазмұны – азаттық үшін күрес.

Заиргельдинова Аружан

7 сынып, №3 ЖББОМ

Жезқазған қаласы

Жетекшісі: Оспанова Б.Ж.

Жаһандану үрдісінде менің тілімнің мәдениеті, тағдыры қалай болмақ?

Білектің күші, найзаның ұшымен келіп, Абылай хан арман еткен тәуелсіз, еркін елдікке қол жеткіздік. Мемлекеттік тіліміз, дініміз, ұлттық нақыштарымыз бар. «Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі-тәуелсіздік». Бұл сөзді бойымызға сіңіре отырып, халқымыздың салт-дәстүрін, тілін, дінін, қасиет тұтуымыз керек.

Алайда, ата-бабаларымыз аманат етіп қалдырған осы құнды дүниелерді кейінгі ұрпақ, қазіргі жастар көздің қарашығындай сақтай алып отыр ма? «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» -деп Елбасының айтқан сөздері саналы жас ұрпаққа ой салып, үлкен үміт артып, міндет жүктейді. Бұл дегеніміз халқымыздың мәдениеті, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұғым-түсініктері ата-бабалардан қалған мирас болып келе жатқан бай тарихи-рухани, материалдық-мәдени мұраларымызды сақтап, өркен жаюы әр қазақ азаматының парызы, мойнындағы міндеті. Кез келген ұлтты қалыптастыратын орта- оның ұлттық мектебі. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары, мұны әрқашан ескертіп отырған. Ұлттық тілді, ұлттық тарихты, салт-дәстүрді бойына сіңірмеген адам елге тірек бола алмайды, ұлттық мүддені қорғай алмайды. Сондықтан, Елбасы ескертіп отырғандай өз келбетінен айырылып қалмау мәселесі-өзекті де өткір. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін, рухани мәңгірттіктен сақтану, алдын-алу шараларын бүгінгі күннен бастаған жөн. Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты,-деп атап көрсетті.

Ғаламдану үрдісінде өз құндылықтарын сақтаған ұлт ретінде қалыптасуымыз негізгі мақсат болуы керек. Ұлттың сақталуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Тіл байлығы-әр халықтың ұлттық мақтанышы. Тіл-халықтың жан жүрегі, оның рухани-имандылық, тарихи-

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

құқықтық ырыс-игіліктерінің негізі. Тіл- атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес асыл мұра, көненің көзі, бабалар сөзі ғана емес халықтың өзі.

Халықтың дүниетанымын, көзқарасын ана тілінен, әдебиетінен танымыз. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Оның түп төркіні сонау VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл- Фараби бабамыздан бастап, түркі тілдес халықтарға өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұни, Қашқари, Яссауи хикметтері, Дулати, Хорезми еңбектері –ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазыналар. Ал Асан Қайғы, Ақтамберді, Шалкиіз, Махамбет, Майлықожа ақын – жыраулардың өмір құбылыстары, адам мен қоғам, тіршілік туралы толғаныстары мен өсиеттерінің қазіргі жастарға берер пайдасы мен тәрбиесі қаншама. Адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының алар орны бір бөлек. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары-Шоқан, Ыбырайлармен қатар XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптар ұлттық дәстүрді өз туындыларының арқауы еткен. Осы асылдардан нәр алып, халық намысын ту етіп, әрбір қазақ баласы өз ана тілінде білім алар.

Халқымыз ерте заманнан тіл шеберлігіне, сөйлеу мәдениетіне айрықша мән беріп, ұқыпты қараған. Сөз қадірін білуге баланы тілі шыққан кезден-ақ тәрбиелеген. Оның айғағы-сан ғасыр бойы жасаған ауыз әдебиетіміз. Сөздің айтулы шеберлерін «от тілді, орақ ауызды», «сөзден жығылды», «сөзі мірдің оғындай» деп мадақтаған. Ел ішіндегі қарапайым адамдардың жатық, тартымды сөйлейтіндері сый-құрметке ие болған. Өзге ұлт тілін білмегенді ешкім сөкпейді, ана тілін білмеу ұяттың үлкені. Ойы шолақ, тілі өшкен халықтың басқаның жетегінде кетуі оңай, сондықтан ана тілін меңгеруді өзімізден, келешек жастардан бастаған абзал. Ана тілін бойына дарытып, санасы, намысы, қажыр-қайраты бар ұрпақ тәрбиелесек, еліміз көркейіп, ұлттық мүддемізді жоғалтпаймыз.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Ибадилда Назым
8 класс, школа № 10
г. Жезказган

Мой дом, моя судьба, мой Казахстан!

Утро. Солнечные лучи заглядывают в окна, наполняя комнату светом и теплом. Начинается новый день! Душа наполняется радостью и огромным желанием жить, творить и совершать добрые дела.

Я считаю себя счастливым человеком. Мне дарит свою любовь мама, заботится и оберегает сестра, поддерживают верные и надежные друзья, открывают удивительный мир знаний любимые учителя. С особым трепетом я говорю о тихом дворике, в котором прошли мои первые детские годы, об улице, ставшей родной вместе с ее стремящимися ввысь тополями. А самым лучшим городом считаю мой Жезказган, расположенный в самом центре нашей необъятной страны. И это моя Родина, частичкой которой я и являюсь. Родной край. Земля родителей и прадедов наших. Безграничные степи, зеленые аллеи, высокие голубые небеса! Разве есть что-то в мире лучше?

Счастлива я, что родилась и живу на такой замечательной, богатой, живописной земле. Мой родной край! Обвеянный ветрами истории, воспетый в песнях, прославленный в легендах. Зеленой скатертью простерлись плодородные земли. Лежит кругом пространство широкое, степь волнистая, как море, бескрайнее. А любить свой город, свою Родину – это означает уважать язык, культуру, литературу, быт, историю... Все стремления, все достижения тебе, родной Казахстан!

Ты такая, что не сыщешь краше,
Хоть всю землю трижды обойди.
Ты — как море, нет, как сердце наше,
Вечно с нами, Родина, в груди!

Мне хочется рассказать и своим сверстникам, и подрастающим малышам, да и взрослому населению о нашем городе и его проблемах, породить в их душах любовь к родному краю, гордость за него, желание помочь ему и сделать наш Жезказган еще краше. Люблю бродить по его приветливым зеленым улочкам, встречать знакомые лица, наслаждаться чистым воздухом.

А если бы вы знали, как красив мой родной город в разные времена года! Летом он весь в сочной зелени, в ярких красках клумб и лугов, в солнечной позолоте. А осенью... Разноцветные клены, желтые липы, еще зеленые тополя и плакучие ивы, коричневатые карагачи... В Жезказгане осень — это не „унылая пора“, а прекрасное время года, просто „очей очарованье“. Зимой же

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

наполнен волшебством и поэзией. Когда смотришь в окно или выходишь на улицу, всегда тут же поднимается настроение от вида, искрящегося и скрипучего снега и покрытых серебристым инеем деревьев. И, конечно, весна... Море света, зелени, цветов и ароматов. Украшают себя роскошными сережками белоствольные березки, хрупкие ивы, нежные сирени. Деревья одеваются в легкие зеленые платья. Надевают свой подвенечный наряд яблони, груши, вишни, сливы... Жезказган благоухает, утопая в изумрудной зелени, цветущих липах, ароматах садов.

Возможно, известная поговорка права, что каждый кулик свое болото хвалит. Но без этой самой «хвалы», которую проще заменить словом любовь, невозможно представить такое понятие как патриотизм. Ведь развить в себе данное чувство нужно начинать с небольшого, по крайней мере, с уважения к отчему дому и земле, которая тебя вырастила, и которую ты называешь родным краем.

Моей Родиной является прекрасная страна, Республика Казахстан. Это – великое государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой. Широки просторы казахстанских земель. Когда на севере ещё лежит снег, у подножия гор на юге уже зацветают плодовые деревья. “Берёзовые ситцы” севера, могучие сосны Борового, золотые нивы целинного края, седые ковыли Великой Степи, высокие горы Алатау и Тянь-Шаня – всё мой Казахстан. Эти картины меня поражают своей невиданной красотой. Я никогда не перестану ими восхищаться. Недра Казахстана богаты природными ресурсами: газом, нефтью, углем, черными и цветными металлами. Это все достояния народа Казахстана, которые достались ему не просто.

Если углубиться в историю, то Казахстану потребовалось более двух сотен лет, чтобы получить свою независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны, многие погибли за будущее своей Родины. С древних времён предки защищали наши земли от набегов джунгар. В период царизма люди видели смерть и несправедливость, горе и несчастье, они знали, что такое потеря. Также казахстанский народ принимал активное участие в годы Великой Отечественной войны, являясь частью единой страны. Десятки тысяч героев из Казахстана проявили смелость и волю к общей победе. Именно благодаря этим людям мы живем в государстве, свободном и независимом. Всё это благодаря единству, сплоченности народа и общей вере в светлое будущее. Мы должны помнить этих людей и гордиться настоящими патриотами нашей страны.

Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, когда мы получили независимость. Действительно, это не просто праздник, а результат трудолюбия и дружбы всех народов, проживающих в Казахстане. Я благодарна своей родине за семью, друзей и мирное небо над

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

головой.

Современный Казахстан - независимое, суверенное, демократическое государство со стабильной экономикой и беспроигрышным планом на будущее. Сегодня Казахстан смело заявляет о себе, о своих правах и целях. Президентом нашей страны является поистине мудрый человек, тонкий политик, стратег и настоящий патриот, Н.А.Назарбаев. Благодаря ему мы достигли стабильности и процветания. С приобретением независимости начала развиваться экономика, наука, культура. Конечно, нашей стране было нелегко начинать “строить” своё государство, выйти из кризиса, преодолеть безработицу, но мы прошли эти трудности. Мы встали на ноги, и теперь наша страна продолжает двигаться вперед. За время нашей независимости мы сделали немало: построили крепкое государство, создали одну из самых динамичных экономик, улучшили уровень жизни людей. Нурсултан Назарбаев, президент нашей Родины, всегда на первом месте ставит народ. Люди верят ему и любят этого человека. Президент Республики Казахстан является гарантом Конституции. Конституция - основной закон практически любого современного государства, а также гарант стабильности завтрашнего дня. В её первой статье сказано, что Казахстан является демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшей ценностью которого является его народ. “Как гарант Конституции Республики Казахстан я буду жёстко требовать от всех неукоснительного исполнения её положений”, – говорит лидер нашей страны. Казахстан имеет собственные государственные символы: Флаг, Герб, Гимн. Они отражают независимость, свободу, национальность государства.

Наша страна многонациональна, и в этом еще одно преимущество, потому что мы все - единое целое, и нас объединяет наша Родина, дружба, уважение, взаимовыручка и общая культура. В Казахстане единой семьёй живёт более пятнадцати миллионов человек, представителей более ста национальностей и народностей. И всё это сопровождается хорошим отношением и симпатией друг к другу. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы на радио и телевидении. И как сказал Н.А. Назарбаев: «Дружба народов, взаимопонимание и солидарность – вот основа, на которой мы строим новый Казахстан!». Миролюбивая политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов - залог будущего благополучия. Символом Казахстана можно считать нашу новую прекрасную столицу Астану. Она, за короткий срок ставшая неповторимым, современным мегаполисом, символизирует мощь и силу Казахстана. Наша столица преобразается с каждым днем. Мы не успеваем следить за новыми

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

изменениями, которые происходят в жизни Астаны, особенно на фоне строительства грандиозных объектов нового века: “Аккорда”, “Байтерек”, “Думан”, Дворец мира и согласия, столичный цирк - всего не перечислить. Главной достопримечательностью и визитной карточкой Астаны является величественное сооружение на левом берегу реки Ишим – Байтерек. По легенде Байтерек символизирует сказочное дерево, растущее на горе Кок-Тобе. Ежегодно в его листве священная птица Самрук откладывала золотое яйцо – солнце. Каждый год дракон съедал светило, что символически означало смену Дня и Ночи, Лета и Зимы. Красивая легенда!

Астана – это олицетворение процветания нашей страны, это символ надежды и уверенности народа в своем будущем. Это – прекрасный и мирный город с архитектурным ландшафтом и уникальными скульптурными символами. Я уверена, что в будущем наша столица станет еще лучше. Своему родному, самому прекраснейшему для меня городу Астане искренне пожелала бы дальнейшего роста и благосостояния. Сейчас XXI век - век нового поколения, которому предстоит стать опорой молодого государства. Нам следует уделять большое внимание учёбе, стараться приобрести максимум знаний. Государству нового тысячелетия необходимы образованные, активные люди. От нас будет зависеть будущее государства. “Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить и реализовать потенциал нашей нации” – говорит Н.А.Назарбаев.

Лично я буду стараться учиться, работать на благо государства, чтобы внести вклад в развитие моей родины, Республики Казахстан. Мой Независимый Казахстан - это мой дом, моя Родина!

Сейчас я только подросток, но уже сейчас я строю планы на будущее, мечтаю кем-нибудь стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатство своей Родины, хорошо учиться, быть доброй и щедрой, уважать пожилых людей и сверстников. Нынешняя молодёжь должна больше внимания уделять не только к новым технологическим разработкам, но и к учёбе, а самое главное она должна чаще задумываться о таком понятии как патриотизм.

Я хочу пожелать мира и согласия гражданам нашего великого и могучего Казахстана. Дальнейшего процветания и экономического роста, а также еще большего мирового признания.

Живи и расцветай, мой родной Казахстан!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Игнатченко Анна

11 класс, гимназия №5

г.Шахтинск

Руководитель: Шатерник Е.В.

Мой родной город

Город, в котором я живу, - это маленький рай на земном шаре. Мой родной Шахтинск – очень скромный город, но именно он будет меня ждать в гости, с какого бы уголка света я не вернулась. Это удивительно, но с каждым годом этот город становится для меня, а возможно, и для других его жителей все более родным, значимым.

Внешний облик Шахтинска приобретал свою красоту постепенно, год за годом. Только сейчас я поняла, что каждая аллея, каждый памятник – это история и труд наших современников, наших родителей, потому что город создавался практически на их, а потом и на наших глазах. Моему славному городу всего лишь полвека. Горожане продолжают вкладывать свой труд в развитие любимого Шахтинска, и я считаю, что это главный показатель преданности и любви к тому месту, в котором ты живёшь. Каждый человек, в какой бы точке мира бы ни находился, хранит память о родных местах в своём сердце, самые светлые воспоминания в его душе – это думы о своём детстве, о первом светлом чувстве, о школьных друзьях, а значит, и о своём родном городе. Я горжусь тем, что в Шахтинске живут поэты, воплощающие в художественной форме сегодняшний день. Это местные поэты М.Искаков, В.Сандрацких, Н.Дрокин, Л.Солуянова. Так писала Вера Сандрацких:

Вгрызались люди в мерзлоту,
Дома построили и шахты,
Спугнув столетий немоту,
Родился город – Шахтинск.
...Глаз не смыкает день и ночь
Мой город – труженик, рабочий.
Чтоб в трудный час стране помочь.
И ритм труда всё круче, жёстче.

На гербе нашего города, в самом его центре, изображён шнек – рабочий орган угледобывающего комбайна. Внутри него – кусок угля, из которого вырываются языки пламени. Это символ нашего города, потому что главное, на чем основана жизнь нашего города, - это уголь. Благодаря шахтам, родился наш город. Его не случайно называют шахтёрской столицей Казахстана.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Славен наш город такими именами, как Н.А.Дрижд, Р.Э.Литман, А.Ф.Сидоренко. Это под их чутким руководством внедрялись новые системы разработки добычи угля, строился и облагораживался из посёлка Тентекского город, решались социальные вопросы. Сейчас в нашем регионе действуют четыре шахты, отличающиеся высокими производственными мощностями, работающие на современном оборудовании. Усилиями инженеров, конструкторов, талантливых умельцев завода НОММ (нестандартного оборудования, машин и механизмов) создаётся много новой техники, ремонтируется горное оборудование. Владимир Ын-Мунович Ким, директор этого завода, не просто грамотный руководитель и специалист высокого класса, удостоенный высоких наград, но и чуткий человек, болеющий душой за своё дело и свой коллектив, просто неравнодушный человек.

На мой взгляд, развитие и процветание любого общества невозможно без серьёзного отношения к таким сферам жизнедеятельности человека, как здравоохранение, образование и спорт. Имя Глазун Лидии Николаевны известно, наверное, всем жителям нашего Шахтинска. На протяжении 45 лет она была главным врачом родильного дома нашего города. Твёрдый характер, трудолюбие, профессионализм, ответственность и бесконечная любовь и уважение к своим пациентам - вот главные качества нашего лучшего акушера-гинеколога. Несмотря на свой преклонный возраст, Лидия Николаевна продолжает трудиться, ведёт активный образ жизни, радуется своей жизнерадостностью друзей, близких и заражает оптимизмом пациентов.

Несколько слов мне хочется сказать и о первом директоре нашей школы Макаренко Ниле Ивановне. Это Педагог с большой буквы, прекрасный организатор, замечательный человек. Это она открывала настежь своё доброе сердце маленьким деткам, вела по тернистой тропе знаний учеников, учила видеть прекрасное, приобщала к миру литературы, видела в каждой ребёнке не просто ученика... Огромное ей спасибо от наших родителей. Нила Ивановна положила начало всем традициям нашей школы, сумела привлечь в нашу школу лучших, сильных учителей, благодаря которым мы не просто получаем знания, а учимся жизни, стараемся идти в ногу со временем, ценить то, что нас окружает. Славу нашему городу принёс и Виктор Мазин, чемпион Олимпийских Игр 1980 года по тяжёлой атлетике. Его традиции продолжают и молодые спортсмены, за ними будущее!

С историей нашего города довольно тесно связана история всего бывшего СССР. Прикоснуться к трагическим событиям сталинских репрессий возможно, если побывать на экскурсии в недавно открытом Музее политических репрессий, расположенном в посёлке Долинка. Это часть нашей истории, написанной кровью. Забыть такое нельзя!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Мы молоды. Нам предстоит еще многое: учиться наукам, получать профессию, искать себя в этом непростом мире. Возможно, кому-то придётся уехать, кто-то останется здесь, кто-то найдёт своё счастье в дальнем зарубежье. Но я знаю точно: для своего маленького города, для своих школьных друзей и детских воспоминаний каждый из нас обязательно оставит уголок в своём сердце.

Камбарова Аружан

КГУ «Основная средняя школа-интернат №22», 9 класс
Октябрьский район, г. Караганда
Руководитель: Сарсенбаева Ж.А.

Здравствуй, мой маленький друг! Пишет тебе ученица 9 класса Камбарова Аружан. Я учусь в этой школе с первого класса, и первые свои шаги в мир познания сделала именно здесь. Ежедневно, заходя сюда и переступая порог, я ощущаю волнение, трепет, как перед чем-то высоким, недостижимым. Не знаю, сможешь ли ты меня понять, но я не представляю себя в стенах другой школы. Это ощущение можно, пожалуй, сравнить с расставанием со страной на долгие годы и потом с восторженной встречей.

Многие мои ровесники после начального и среднего уровня перевелись в другие школы. Причин было много: переезд в другой район, статус школы выше – гимназии, лицеи. На мой взгляд, это просто предательство.

Условно, как мне кажется, у каждого человека есть Родина «большая» и «малая». «Большая» - это страна, в которой он вырос и окреп. «Малая» – это, я думаю, школа. Где дольше всего мы проводим свое время? В школе. Где мы начинаем осознавать все жизненные принципы? Именно здесь. И в родных стенах нам всегда рады и ждут нас. Здесь нас учат не только науке, но и патриотизму.

Слово патриотизм очень широкое по своему назначению. И все-таки изначально, как мне кажется, оно должно проявляться в полном своем осмыслении по отношению к школе. Мой друг, в твоём маленьком сердечке обязательно найдется место для «малой» родины!

Маленький человечек, ты приходишь в школу, словно пустой сосуд, и учителя начинают «вселять» в тебя не только простые навыки грамматики и арифметики, но и человеческие качества: добро, уважение, совесть... Это можно сравнить с работой скульптора, который начинает ваять свою фигуру. Только если скульптор результаты своего труда видит через короткий

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

промежуток времени, то учителю приходится ждать плоды своей работы годы и годы.

Мой будущий первоклассник! Вскоре ты будешь полноправным учеником этой замечательной школы, хозяином маленькой планеты. К сожалению, мы с тобой не будем встречаться на шумных переменах в просторных коридорах. Но я уверена, что ты станешь достойным учеником, и будешь заботиться и бережно относиться к традициям и обычаям своего народа. Я твердо знаю, что ты обязательно полюбишь нашу школу, итак же будешь любить и заботиться в дальнейшем и о своей стране. Ведь большое всегда начинается с малого. Шагай уверенно по страницам знаний и по жизненному пути! Маленькая страна, нашашкола-родинаукажет тебе верный, безошибочный путь!

Каниева Айжан

1 сынып, Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп
Жетекшісі: Сұраған А.С.

Отан отбасынан басталады

Отбасы – мемлекеттің дұрыс қалыптасуының ең басты тірегі. Оған «Отан отбасынан басталады» деген сөзді дәлел ретінде алсақ болады. Отбасылық құндылықтар мол болуы керек. Сонда ғана әр отбасында тәрбиеленіп жатқан өскелең ұрпақ отбасылық махаббатқа, ата-ана мейіріміне бөленіп, болашақта отанымыздың дамуына айтарлықтай үлес қоса алатын азамат болып шығады. Бұл қасиеттер тек тәрбие арқылы келетінін ұмытпауымыз керек. Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан жастар осы құндылықты бағалай алмайтын сияқты.

Осы кезде дана Әл-Фарабидің мына сөзі ойға келеді: Білім алмас бұрын, мықты тәрбиені қалыптастыру керек олай болмаған жағдайда яғни тәрбиесіз алған білім қоғамға өте қауіпті екенін айтады. Осыдан келіп өз өмірлерін қажетсіз дүниелерге сап етіп жүрген адамдарды көруге болады. Бұл адамдардың өзіндік мені, ішкі дүние танымы, өзіндік санасы қалыптаспаған. Осындай адамдарға (сен кімсің? өмірдегі орның қандай? болашақта кім боласың? - деген сұрақтарды қоятын болсаңыз «білеймін» деген жауап естисіз. Бұл деген аталған азаматтың өзіндік ойы, шешімі жоқ екенін дәлелдейді, және қоғамға етене араласып кете алмауының себебі де осы.

Жасыратыны жоқ қазіргі жаһандану заманында отбасылық құндылықтарды қалыптастыратын негізгі факторларды ғаламтор, ашық түрде көрсетілетін ақпарат, бұқаралық ақпарат құралдары алмастырған. Әрине бұл

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

заманның талабы да шығар... Бірақ ғаламтардың зияны сол адамның санасын улап тастайды, әсіресе жас балалардың. Қазіргі уақытта тіпті бастауыш сыныптардың өзіне реферат жазуға беріледі, әрине үйінде ғаламторлары бар балалар ақпаратты соның ішінен іздейді, бірақ қандайда бір ақпаратты іздеп тапқанның өзінде, ашылған маниторды жан-жағынан басып кеткен уятты суреттер шыға келеді. Жоғарыда отырған әкімшілік осы мәселеге баса назар аударып осындай сайттардың шығуына тыйым салса екен дейміз. Өйткені қазіргі ақпараттандыру заманында бұл жағдай қоғам дамуына өте қауіпті. Бұл айтылған мәселелер қазіргі кезеңде әлеуметтік мәселеге айналып отыр.

Дегенмен де, біздің қоғамның азаматтарының бәрі бірдей өмірде өз орынын таба алмай жүр деуден аулақпын, қалай десек те отбасылық құндылықты қалыптастыратын ата-бабамыздың қанымен келген салт-дәстүріміз бар емес пе. Байқап қарасақ қазақ халқының салт дәстүрінің 90 пайызға жуығы отбасылық қарым-қатынастарды дәріптейтін дүниелерге арналған екен. Бұл деген қазақ халқының отбасылық бірлікті, татулықты қатаң сақтау арқылы ғана берекелі ел боламыз дегені. Мысалы, қой сойылғанның өзінде әр мүшесін келген қонаққа мүшелеп беруінің өзінде мән бар, асар жасау (көптің көмегі асар деген мақал осыдан қалған) бұлда бірліктің негізі. Жалпы айтқанда, адам өмірінің тал бесіктен жер бесікке дейінгі жағдайы осы салт-дәстүрлерде ерекше мәнге толы. Мемлекеттің болашағы жастар. Әрбір өскелең ұрпақ осы жақсы қасиеттердің бәрін бойына сіңіріп, болашақты дұрыс болжай алатын саналы азаматтар болса нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттың сақталуы, елдің бірлігі – бойында патриоттық сезім ұялаған жастардың қолында екенін ұмытпайық!

Катарова Акбота

9 класс, школа № 64

г. Караганда

Руководитель: Иманкулова Н.К.

Казахстан стремится ввысь

Свеча – символ светлого будущего, счастья народа и связи поколений, которая не должна прерваться. Каждое поколение вносит что-то новое в развитие страны, в жизнь своего народа. Невольно вспоминаешь маленький, нежный цветок, который стремится ввысь, к солнцу.

Эти строки Магжана Жумабаева, пронизанные острой болью за судьбу своего народа, являются свидетельством того, что для «казахского Пушкина» не было ничего дороже своего народа и его истории. О чем бы он ни писал, он

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Күндердің күнінде осы Балқаш айдай толып, алмадай пісіп, кемеліне келіп бой жетіпті. Осы шақта жастайынан айттырып, қалың малын тегіс төлеп бітірген бай құдалық қамына кірісіп «қамдана берсін, келінімді биыл күзде түсірем» деп қыздың әкесіне сәлем жолдапты. Бесік құдасынан хабар келген әке қам жасай бастайды. Ал айттырып қойған күйеудің тілі сақау, есерлеу жігіт екен. Балқашқа бұл хабар төбесінен тас түскендей болып тиеді. Ас

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ішпей, ұйқы кірмей, сарғайып, сола бастайды. Мұны сезген ата-ана, ағайын-туған «бір байдың еркесі, өсе келе есі кіріп, ел ағасы болып кетеді», «Ақ батаны, шарифат жолын бұзуға болмайды» - деп жұбатысады. Күнде ойын, күнде думан жасап, көңілін бөлмек болады. Қайғы-қасірет жүрегін кернеген Балқаш, мұның біріне де назар салмайды. Жадыраған жаз өтіп, қоңыр күз келе жатады. Қыз елден безіп қаңғырып өлсе де, есуас сақауға бармауға бел байлайды. Өзімен көңіл қосып жүрген осы ауылға ертеден сіңісіп кеткен, еті тірі Ерден деген жігітке Балқаш жолығады.

«Қайтсең де мені мына пәледен құтқар, өле-өлгенше алдыңнан шығып, айтқаныңды екі етпеймін, өлсең көріңе бірге түсейін»- деп асылып отырып алады. Паналар жері, бетке ұстар елі жоқ жігіт не істерін білмей қатты қысылады. Ақыры, қыздың зарынан қабырғасы сөгілген, бір жағынан жатқа қиғысы келмеген ер көңілді жігіт, бір түнді қызды атпен алып қашады. Барар бағыты бұдан бір жыл бұрын жау алған жылқыны іздеп жүріп кез болған қалың қамысты үлкен көл. Мұз қатқанша соның жағасында жасырынып жатып, қысқа қарай оның аржағына, Ұлы жүз еліне өтіп кетпек болады.

Екі жас түн жамылып, тау бөктерлеп, жапан түз сусыз шөлді кезіп өтеді. Қамыстың құрағы күректей, сабаулары білектей, толқыны жар соққан үлкен көлге де келіп жетеді. Аттарын арқандап тастап, қамыстан күрке жасап, мұздың қатуын күтеді. Ауыл бұлардың қайда кетіп, қайда қонғанын білмей елден – елге кісі шаптырып, сұрау салып, сабылысуда болады.

Ерден күндіс аң аулайды. Балқаш жартасқа шығып, ұшқан құсқа асыр салып, ойнаған шабақтарға қарап, бір ғана соны ермек етеді. Елін сағынып, болашағын ойлап зар қағады:

Бұл көлдің біз жатырмыз жағасында,
Өмірдің өлім менен арасында.
Шабақтай мына жүрген тайрандаған
Туған ел, қайран жұртым қаласың ба?
Уа, шіркін, құс боп ұшсам қанат бітіп,
Балық боп су астымен кетсем зытып,
Қолында дұшпанымның пенде болмай.
Қор етіп көрінгенге мазақтатып,
Құдай-ау, шыбын жанды бердің неге?

Күндер өтіп, күн салқындап, көлдің қататын мезгілі де жақындай бастайды. Екі жас мұны асыға күтіп, жүректері алып-ұшуда. Өстіп жүргенде бір күні інірде арқандаулы аттар оскырып, аласұрады. Қостан жүгіре шыққан Ерден екі аттың жанында жарғалы тұрған қабанды көреді. Жігіт мұны көре сала қос жанында жатқан сойылды ала жүгіреді. Аттарды құтқармақ болып

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жанталдасып жүрген Ерденді қарыстай ауызымен түйреп өтеді. Сол мезетте оқырынған арқандаулы аттар байлауын үзіп қашады. Қабан солардың соңынан кетеді.

Бағанадан бері безек қағып, маңайларына бара алмай жүрген Балқаш жүгіріп келіп, қызыл қанға боялып жатқан Ерденге бас салады. Сүйемелдеп қосқа кіргізіп жарасына қараса қабан шабын жарып кеткен екен. Киіз тоқымды отқа күйдіріп, жарасына басады. Күл себеді. Ал босанған сәйгүліктер сол кеткеннен елге барып тіреледі....

...Бұл күндері жарасы денесіне жайылып өне бойын қанды ірің кеулеп кеткен Ерденнің әлі азая бастайды. Қыршын жас көп ұзамай қайтыс болады. Жалаң түзде жан жолдасынан айырылып, қыс Балқаш ботадай боздап, жалғыз қалады. Еңіреген өксігін басып, есін жиғаннан кейін, қостың жанындағы майда құмды қазып, астына қамыс төсейді. Ерденді арулап көмеді. Жас қабірді құшақтап жылаған Балқаш енді өзіне ор қазады. Содан кейін дүниемен қоштасу үшін жартастың басына көтеріледі.

Осы мезетте иек ортадан бір топ атты сау ете қалады. Қыз олардың ішінен өз туыстарын, қайын жұртын таниды. Қолға түсіп, пенде болмас үшін Балқаш жар соғып, көбік шашып жатқан көлге секіреді. Қаңқылдаған қаз, сұңқылдаған қу көлді айнала ұшып, адамзаттың аруы Балқашты жоқтасты.

Содан бері, көл баурайын жайлай қонған ел, көлді Балқаш атап кеткен екен.

Балқаш қаласы келешекте әлем таңғалатын теңдесіз саяхатшылар мекені, шипажай – демалыс орындарына айналатын қала болатынына сенімдімін. Өйткені қазірдің өзінде еліміздің әр өңіренен, алыс- жақын шетелден де қонақтар келіп демалады.

Бұл менің қалам, туған жерімнің ырысымен, байлығымен мақтанамын.

Мекентай Бибарыс

4 сынып, № 15 орта мектебі

Балхаш қаласы

Жетекшісі: М.Б.Жакыпбекова

Ескерткіштер – елдігіміздің белгісі

Еліміз Тәуелсіздік алған жиырма жылдан астам ішінде еліміздің қай өңірі болмасын дамудың даңғыл жолына түсіп, жыл сайын құлпырып келеді. Бұл

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

қай-қайсымыз үшін үлкен мәртебе, қол жетпес бақыт, сөз жетпес қуаныш. Осындай бақытты күндер үшін ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен небір қиын жолдардан өтті. Оның қадіріне жету, қастерлеу, киесін ұғыну бәрімізге парыз. Елімізді әлем таныды. Тереземіз теңелді. Бұл халықтың тілегі еді.

Дамудың даңғыл жолына түсіп, алға басып келе жатқан өндірісті қала жерінің асты да, үсті де бай, көрікті де сұлу әсем қаламның көркеюін көріп қуанамын. Өйткені, бұл менің туған қалам. Қаламдағы ескерткіштер қала көркін одан әрі көріктендіре түсіп, әр ескерткіштің өзіндік тарихы бар. Атап айтсам:

- ✓ 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза болған Балқаштық батырларға арналған,
- ✓ Т-34 танкі,
- ✓ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған стелла,
- ✓ «Балқаш осы жерден басталған» - монументтік тақтасы
- ✓ қаланың 50 жылдығына арналған стелла,
- ✓ «Прибалхашстрой» тресінің құрылғанына 50 жылдығына арналған монумент,
- ✓ алғашқы құрлысшыларға арналған,
- ✓ қуғын-сүргін құрбандарына арналған,
- ✓ ақын Шашубай Қошқарбайұлының құрметіне арналған мемориалдық тақта өнер мектебінің алдында орналасқан ,
- ✓ шертпе күйдің шебері М.Хамзинге арналған ескерткіш мысшылар мәдениет сарайының алдында орнатылған.,
- ✓ М.П.Русаковқа арналған монументалдық ескерткіші,
- ✓ қаланың кіре берісіндегі екі балық ескерткішін мақтанышпен айта аламын.

Туған өлкедемізде жыл сайын ғимараттар, жаңа үйлер салынып, қаламыз гүлденіп келеді, біз оған қуанамыз. Балқаш қаласының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында, қаламыздың қақ ортасында орнатылған, еңсесі биік Ағыбай Қоңырбайұлының мүсіні. Ескерткіште Ағыбай барлық әскери киімімен, қолында найзасы, ат үстінде келе жатқан кезі бейнеленген. Ұлттық ерекшелік, қазаққа тән динамика да сақталған. Батырдың қазаққа тән күші ғана емес, рухани парасаты да көрсетілген. Бұл батырдың ат үстіндегі нық және еңселі отырысы мен аттың жүрісінен сезіледі. Мұның өзі «Батырлары мен данышпан ерлерін ұмытпаған ел – мәңгі ел! Есте сақтайық, Ұмытпайық!» – деген қағидатқа сүйенгенге ұқсайды. Қаламыздың қақ ортасынан орын тепкен батырымыздың мүсіні тұла бойы парасаттылыққа тұнған, күш-жігерге бай, мәдениетті, ержүректілігімен ерекшеленеді. Осы көркемдіктің өзі қазақ

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

азаматтарын рухани бай, парасатты азамат болуға тәрбиелейді. Жоба авторы- белгілі қарағандылық мүсінші Жаубасар Қалиев, Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі, Ленинград көркем академиясының түлегі. Өзінің шығармашылығын қазақ ұлттық монумент өнеріне арнады. Туған қаламыздың халқын еркіндікке бағыттау мақсатымен осы ескерткішті орнатуға көп маңдай терін төкті десек қателеспейміз.

Бүгінгі таңда елдігімізді танытып, қазақ елін әлемге таныту үшін «Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» деген елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қанатты сөзін есімізден шығармайық дегім келеді достарыма.

Морозова Александра

КГКП «Дворец детей и юношества»

г. Жезказган

Руководитель: Дроздова Л. А.

Казахстан – сердце мое, Родина моя!...

«...Человеку нельзя жить без родины, как нельзя жить без сердца»- говорит нам знаменитая цитата К. Паустовского. Однажды бродя по просторам Интернета и читая афоризмы, я обратила внимание именно на эту цитату. Я поняла, что место, где ты родился, играет важную роль в жизни каждого человека. Моя Родина - мой Казахстан, сердце мое!»

Для каждого из нас слова Родина, Отечество, связаны с самым дорогим и самым лучшим. Таким местом для меня является город, в котором я родилась - это Жезказган. Я считаю, совсем неважно большой твой город или маленький, самое главное, что он существует и занимает немаловажную роль в твоём сердце. Мой Жезказган не мегаполис с высотными зданиями и техникой последней модели. Для меня это маленький оазис! Так ласково я называю свой городок. Здесь всё родное: люди, дома, улицы. Я горжусь Жезказганом!

С самого детства я принимаю активное участие в жизни города: выступаю на городских мероприятиях, пишу стихи, узнаю историю «медной столицы». Кто-то подумает, что это очень скучно и пустая трата времени. Для меня же мой город нечто большее в жизни! В нашей школе организован историко-краеведческий кружок «Елим ай», членом которого я являюсь.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Наш кружок изучает историю городского театра имени Серке Кожамкулова. Мало кто может представить, как это интересно! Если вы никогда не были в стенах театра, не интересовались его историей, вам не понять моих эмоций и чувств. Театр - наша колыбель, наше сокровище, часть истории Казахстана! Это гордость моего города!

В период с 6-9 класс я состояла в ДЮО «Болашак». В это время мой патриотизм стал сильнее, я стала понимать насколько люблю свою Родину. Именно тогда меня стала интересовать политика нашего президента. Каждый год я читаю послания Нурсултана Абишевича Наазрбаева и анализирую их. Всё-таки наша страна достигла очень больших высот и в этом вся заслуга Нурсултана Абишевича.

Спасибо ему, за «шанырак» под которым проживают сотни национальностей на территории Казахстана. Мирное небо и дружба народов - успех любого государства! Я мечтаю, что когда-нибудь Нурсултан Абишевич придет к нам в Жезказган и я скажу ему «спасибо!» за нашу страну, за свою Родину! Благодаря мудрой политике Нурсултана Абишевича наша Отчизна цветёт!

Патриотизм - это не только защита Родины с автоматом в руках. Патриотом можно быть в повседневной жизни, следуя за своей страной. В наше время патриотизм даётся с молоком матери. Молодёжь сегодня активно участвует в жизни страны. Таким активистом являюсь и я.

Пройдут года, и я обязательно пригожусь своей стране. Нужно делать всё, чтобы твоя Отчизна цвела! В заключение хочу написать стихотворение, посвящённое моему любимому «маленькому оазису»:

В центре крупной, независимой страны,
Жезказганские раскинулись просторы.
О тебе мой Жезказган мои стихи,
О тебе поэта искренние строки!
Мой оазис! Это детства родной дом,
Здесь вскормила мать душистым молоком.
Пусть ты не велик, но я тебя люблю,
Детства край священный, тебя благодарю!
И если я уеду, разлук не миновать...
Но город свой родной я буду восхвалять!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Мукушева Ханшайым

10 класс, школа №19

г. Сатпаев

Руководитель: Мизамбаева Г.К

Моя Родина

Родина для меня – это память о трагической истории моей страны и знания об их проблемах, которые возникают в ней сейчас. Родина для меня – это родная культура и стремление ее сохранить. И, конечно, родина – это мой родной город, его улицы и переулки. Родина – это друзья и знакомые, моя семья. Думая о родине, мы думаем о той великой, прекрасной стране, в которой родились, связываем понятие родины со сложной и интересной, насыщенной историей родной земли.

Наша земля очень богата своей многовековой историей. Народная память хранит и передает из поколения в поколение славные и трагические события в жизни казахского народа. Поэтому хочу перелистнуть страницу истории, ведь без прошлого нет настоящего. Образование Казахского ханства приходится к XV веку, у истоков которого стояли Керей хан и Жанибек хан. С тех пор не одно поколение храбрых батыров сложило свои головы во имя защиты своей земли. В истории казахской государственности свято почитается имя Абылая, сыгравшего огромную роль в сохранении и укреплении Казахского ханства. Хан Абылай предпринимал огромные усилия по объединению всех трех жузов Казахского ханства и сплочению народа под одним знаменем. Также одним из самых выдающихся государственных деятелей Казахского ханства, внесший неоценимый вклад в национальную историю является Тауке хан. Время его правления ассоциируется с «Золотым веком» Казахского ханства, когда народ жил в мире и согласии.

Этот путь преодоления и созидания, проложенный нашими прадедами, продолжает наш Президент. Думается, эта высокая энергетика земли отцов и дедов, всю жизнь дает Нурсултану Назарбаеву силу, непоколебимую веру в свое дело и судьбу, решимость идти и вести народ по пути независимости, к его лучшему будущему. Наш Президент – пример политического лидера. Это человек и политик, который вызывает у меня чувство восхищения. Он состоялся как успешный государственный деятель. Именно он стоял у истоков становления нового государства, граждане которого с радостью говорят, что живут в свободной суверенной стране. Граждане, которые с уверенностью смотрят в будущее, ничуть не сомневаясь в правильности выбранного пути. Казахстан смело идет к дальнейшему развитию и процветанию. Бесспорно, что

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

с приобретением независимости возросла роль Казахстана на мировой арене. Сейчас в любом уголке мира знают или слышали о Казахстане, знают нашего Президента, который входит в «пятерку» мировых лидеров.

Мне довелось родиться в момент становления нашего государства. Я расту вместе с моей страной. Передо мною открыты все дороги. Я, как и тысячи молодых казахстанцев, уверенно смотрю в будущее. Для нас, молодежи, созданы все условия для успешной учебы и гармоничного развития. Ведь именно нам предстоит строить будущее суверенного Казахстана. После окончания школы мы имеем возможность поступить на грант, бесплатно учиться в высших учебных заведениях. Перед нами открыты все дороги. Все зависит только от нас, от нашего желания добиться успехов в жизни. Я понимаю, какую огромную значимость для нашей страны имеет образование молодежи.

В будущем я хочу поступить в высшее учебное заведение и получить хорошее образование, чтобы стать достойным гражданином Республики Казахстан. Быть полезной своей родине и честным трудом внести вклад в процветании нашего молодого государства.

Мусаева Инкар
10 класс, школа № 65
г.Караганда

О патриотизме и любви к Родине

Родина, патриотизм - эти понятия наполняются для меня смыслом фразы “Моя страна - моя родина”, когда я читаю, думаю о ее людях, творящих сейчас историю. Это политики, писатели и поэты, труженики и мудрость народа воплотилась в умении беззлобно посмеяться над собой, в умении терпеть, строить, радоваться. Эта мудрость народа позволила стране избежать кровавых боен типа, ведь по сути мы народ мирный, оседлый, любящий свою землю. И во имя этой любви готовы решать все вопросы мирным путем. Я горд, что принадлежу к великому народу, горд своей родиной, главное богатство которой - ее люди. Патриотизм - это преданность к Родине, любовь отечеству и основе патриотизма лежит, стремление отдать все силы защите Руси. Порой кажется, что эти понятия тебе очень сложными. “За что я люблю Родину?” На первый взгляд, вопрос для пятиклассника. Однако мне, всегда

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

казалось чрезвычайно содержательным, чрезвычайно важным и эта конкретная сила любви основывается на определенных началах патриотизма.

Патриот, Мне кажется, это - особенно точное, точное и величественно-прекрасное определения, когда мы говорим о творчестве писателя Паустовского. Верный сын своей Родины и любовь к Родине начинается у Паустовского с любви к природе родного края: прозрачные северные белые ночи и яркие ступеньки солнца на юге страны, богатейший, разнообразный - это степной, то горный, то приморский - пейзаж и чащи Мещерского края. И среди этой природы - человек. Писатель любит ее пылко и требовательно, он прощает ей недостатки, примечает всю своеобразность ее национального характера, но пристально присматривается к ее лицу. Он лирично романтизирует ее характер; мягкая и теплая ирония появляется на его устах, когда в том характере он видит курьезность, но он грозно осудит, когда этот человек совершает бедствие другому человеку. Возможно, музыкант скажет, что в стиле Паустовского ключ песни, а я прибавлю: он мажорный и тогда, когда в самом сюжете - минор.

Обратите внимание, как Паустовский пишет о прошлом родного края. Он осуждает уродливость социальных условий, смеется над изуверством в быту, готов иронизировать и из подмеченных в характерах людей. Он будто утверждает: без всего того, что было впереди, не было бы и того, что имеем ныне, без прошлого не пойдём и в будущее. С моим краем я всегда вместе: и в благосостоянии, и в злоключениях; счастье Родины - мое счастье, горе Родины - горе мое. Родным прошлым я горжусь.

Муталипова Ғайнел
6 сынып, №39 гимназия
Қарағанды қаласы
Жетекшісі: Нығыметова Лаура

**Мемлекеттік рәміздер - еліміздің егемендігі мен ұлттық
біртұтастығымыздың нышаны**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – еліміздің егемендігін, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын айқындайтын айшықты белгілер. Бұл мақалада рәміздердің рухани-танымдық қызметінің пайда болуы, қалыптасуы және оның құрылымының тарихи ерекшеліктеріне талдау жасауға арналған. Сондықтан

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

автор қазақ қоғамының мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен білу деңгейі бойынша жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауаптар негінде әлеуметтік бірегейлікті сақтау үшін жастар арасында отансүйгіштік сезімді оятуға бағытталған рәміздердің ғылыми тұрғыда зерделенуі мен ағарту-насихаттау жұмысын жетілдіру қажет деп санайды.

Мемлекеттік рәміздер - еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші, әрі мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, сонымен қатар халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Рәміздер тарихы алғашқы қоғамдағы төтемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Көп көлемде мемлекеттік биліктің рәміздері кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы – ұлттық идеяда көрініс табуы тиіс. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Саяси жүйенің көшбасшылары уақыт өте келе ауысып отыруы мүмкін, бірақ халық өзінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, ғасырлар бойы иемденген және жоғалтып алған ұлттық құндылықтарымен, жағымды және жағымсыз қасиеттерімен қалады, сонымен қатар өзара ұлттық менталитетті қалыптастырады. Мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымызбен менталитетіміздің көркем туындысы болу керек. Еліміздің азаматтарының рәміздерге деген қарым-қатынасы, олардың қаншалықты деңгейде өздерін осы елдің азаматы санайтындықтарының және болашаққа сенімінің, отансүйгіштіктің көрсеткіші іспеттес. Мемлекеттік рәміздерді бойтұмардай қасиет тұтқаны туралы тарихта бұған мысал боларлық оқиғалар жетіп артылады, әсіресе, рәміздердің астында қаншама қаһармандық оқиғалардың орын алғандығын, ол үшін талай рет батырларымыздың басын қатерге тіккендігі жайлы білеміз. Яғни, рәміздер соғыс және бейбіт уақытта, жалпы ұлттық мейрам кезінде де әрқашан ұмыт қалған емес.

1992 жылдың 4 маусымы Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілген күн болып тарихта қалды. 2007 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қойып бекіткен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы мемлекеттік рәміздерімізді пайдалану тәртібін нақты белгілеп берді. Мемлекетіміздің Елтаңбасы қазақ тіліне аударғанда, ол

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

«таңба», «белгі», тіпті «мұра» деген мағына береді. Бұл термин ежелгі түркі қағанаты (551-630 жылдар) кезінен бастап қолданыла бастаған. Қазақстанның қазіргі таңдағы елтаңбасы үлкен еңбектің арқасында, екі сәулеткер Жандарбек Мәлібек пен Шота Уәлихановтың шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде дүниеге келді. Елтаңбадағы шаңырақ - өз ұлтымызға ғана тән сәтті таңдалынған нышан. Шаңырақ қай кезде де қазақ үшін отбасының берекесі мен тыныштығының белгісіндей қызмет атқарып келген. Ортасындағы түндіктен көгілдір аспан көрінеді. Барлық тарабына тең тараған уықтар - өмір мен жылулықтың бастауы. Керегедегі күлдіреуіштер болса, үш жүздің басын біріктіріп тұрған белгі. Елтаңбамыз еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз Қазақстанның мықты уықтарына айналуы үндейді. Елтаңбаның келесі композициялық құрылымының бөлшегі – алтын қанатты, мүйізі ай тәріздес тұлпарлар. Жалпы мемлекеттік рәміздерде ат бейнесін таңбалау тарихтан тамыр алады. Арғымақтың бейнесі геральдистер тілінде терең мағына мен мазмұнға ие. Ол дұшпанға қарсы шыққанда қорқыныштан ада арыстанды, сұңқардың самғауын, өгіздің күшін, бөкеннің шапшаңдығы мен икемділігін, түлкінің тапқырлығын білдіреді екен. Сонымен қатар, арғымақтардың қанаттары бидайдың буылған алтын сабақтары сияқты. Бұл да еңбекті, байлық пен берекені және материалдық табыстылықты білдіреді.

Біздің Туымызға көгілдір және алтын түс таңдалып алынған. Көгілдір түс біздің халықтардың бұлтсыз келешегіне, аспан ортақ дегенге ырымдалады. Туымыздағы бұл түс ынтымаққа, ауызбіршілікке, жаһандағы халықтар бірлігіне бастап тұр. Бірегей көгілдір түс тектен текке таңдалған жоқ. Ол аспан мен өмір нәрі - судың да түсі. Халықаралық ауқымда алып қарасақ, саясатта ашық көк түсті ту көтерген халық барынша сеніммен, түсіністікпен қабылданады және таза көгілдір түс біздің халықтарымыздың этно-мәдени бірлігін білдіреді әрі бір мезетте мемлекеттің тұтастығын меңзейді. Қысқа қайырғанда, тудың ортасындағы күн өмір бастауы мен қуаттылық. Көшпенділер уақытты күннің жылжуымен белгілеген. Бүркіт те біздің халқымыз үшін көкке самғаған киелі құс. Бұл – тәуелсіздіктің символы, самғап бара жатқан сұңқарды ешкім тоқтата алмайды. Бұл идея да егемендік алған жас мемлекетіміз әлемдік өркениеттің биігіне жетсін деген мақсатпен жүзеге асты. Біздің туымыздың шетіне алтын түспен қошқар мүйізді ою салынған. Жалпы, қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар. Қазақ ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны.

Кез келген халықтың тарихында заманында сол халыққа күш-қуат берген, рухын жанып, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары бар. Ол тарихтың белгілі бір уақытында сол жұрттың әнұранына айналған. Мұндай

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

әндер қазақ халқында да көп. Соның бірі - жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні. Бұл ән жоңғар шапқыншылығынан зардап шегіп, қаңсыраған халықтың қайта ес жиып, күшеюіне әсер еткен, сол сияқты басқа асыл сезімдерді бойына жинаған керемет ән болды. Осындай бір екінші ән - «Менің Қазақстаным». Бұл шығарма Қазақстан КСРО құрамында болған тұста қазақтың намысын қайрау мақсатында өмірге келді. Ақын Жұмекен Нәжімеденов пен сазгер Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылық бірлестігінен туындаған «Менің Қазақстаным» шын мәнінде қазақ халқының рухын көтерген, келер күнге деген сенімін арқалаған бейресми әнұран болды. Ал заман талабына сай, 2006 жылғы қаңтардың 6-да Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа түзетулер енгізілгеннен кейін, яғни қаңтардың 10-да «Менің Қазақстаным» ресми Әнұран болып бекітілді. Сөйтіп, бұл күн тарихқа еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде жазылды.

Әуенін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жұмекен Нәжімеденов жазған Әнұранның сөзін уақыт өлшемімен үндестірген бірлескен автор - еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет еліміздің маңызды конституциялық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» былай делінген: «Елімізде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары жеке тұлға ретінде Қазақстан Республикасының Туын, Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, Қазақстан Республикасының Әнұранын міндетті түрде құрметтеуі керек. Осы Жарлыққа сәйкес азаматтардың оны құрметтеуі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін әлемге әйгілеу және насихаттау шаралар жиынтығы негізінде тұрақты түрде жүзеге асырсын делінген.

Қорыта келе айтатыным, еліміздің ежелден аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді қастерлеу азаматтарымыз үшін басты міндет болып табылуы тиісті. Сондай-ақ ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті насихаттау жолында және мемлекетіміздің әлемдік деңгейде танылып өзіне тән белгілерімен дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін төл нышандарымыздың атқаратын қызметі айрықша.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Мухамедина Акбота

9 класс, школа – лицей № 7 им. К.И. Сатпаева

г. Жезказган

Руководитель: Ибраева Р.

Каныш Имантаевич Сатпаев

Я стою в музее имени К.И. Сатпаева и смотрю на его портрет. Лицо его освещается огнём большой человеческой души. А особенно глаза... Они, словно горящие искры, проникают в душу. Я горжусь тем, что учусь в школе-лицее №7 имени К.И. Сатпаева. Да... Такие выдающиеся люди появляются раз в столетия. Сатпаев из той кагорты людей, чьи мысли и дела связывают века. Чтобы понять, как Сатпаев стал Сатпаевым, наверное, нужно обратиться к его корням. Габдулгани (так называли мальчика при рождении) рос любознательным и умным мальчуганом. Он постоянно задавал вопросы, а вечерами «мучал» всех, чтобы ему рассказали сказку.

Так как Каныш еще в детстве лишился матери, он оказался на попечении бабушки Нурум. Именно она сумела разжечь в душе мальчика любовь к казахским сказкам, легендам, пословицам, поговоркам, загадкам и к поэмам о батырах,

В 1911 году после окончания двухклассной русско-киргизской школы в ауле №4 Павлодарского уезда, Сатпаев поступает в Павлодарское училище, где занимается фотографией и танцами. Весной 1914 года он отправляется в известную в то время Семипалатинскую учительскую семинарию. В библиотеке семинарии юноша знакомится с произведениями русских и зарубежных писателей. Но уже в то время его больше привлекают химия, биология, география, математика. Наверное, поэтому он поступает на горный факультет Томского технологического института. И опять уже в первые годы учебы Каныш Имантаевич принимает участие в различных исследованиях: переводит на казахский язык и дополняет учебник алгебры для средней школы.

В 1926 году К.И. Сатпаев первый в Казахстане получил звание горного инженера. Тогда еще юный Сатпаев не знал о том, что он претворяет в жизнь мечту всей горной промышленности Казахстана.

Зная историю своего края, мы, молодое поколение, безмерно радуемся тому, что судьба привела Сатпаева на нашу жезказганскую землю, что для своей практической и научной деятельности он выбрал именно Жезказганское медное месторождение. Пятнадцать лет своей жизни Каныш Имантаевич посвятил выявлению рудных богатств в этом районе.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Каждый учащийся нашей школы, начиная с первого класса, знает, сколько труда и сил вложил ученый в нашу землю. Можно с уверенностью говорить, что Жезказган стал его родным детищем.

Говорят, что человек- сам творец своего счастья. Сатпаев оставил после себя три великих дела: первое-Жезказган, второе-Академия наук Казахстана, третье-Институт геологических наук.

Но мне кажется, что Каныш Имантаевич сделал безмерно много. Он всегда умел добиваться цели, доказывая свою правоту конкретными фактами и цифрами, перед высокими начальниками.

Он любил людей. На протяжении всей своей жизни Сатпаев помогал, советовал, добивался льгот для всех, кто бы не обратился к нему с просьбой. Сатпаев обладал природной скромностью: не любил громких слов и шумихи вокруг своего имени. Он умел заряжать окружающих энергией, заставляя не останавливаться на достигнутом.

Каныш Имантаевич был неординарной личностью с широко развитым кругозором. Он заботился о литературе и искусстве родного народа. Сатпаев создал эпос «Ер Едіге», создал прекрасный написанный в грамматическом стиле эссе-рассказ об озере Обаган, отмечая мировое значение эпоса «Қозы Көрпеш и Баян Сұлу».

Благодаря Сатпаеву, ученые стали проявлять интерес к историческим памятникам на территории Улытау. Им создан труд «Доисторические памятники в Жезказганском районе».

По образному выражению академика А.П. Виноградова, круг идей Сатпаева был также широк, как степные просторы, на которых он вырос.

К.И.Сатпаев был «звездной личностью нации, общества, эпохи»,- вспоминал видный деятель Ильяс Омаров. И сколько бы лет не прошло, Сатпаев продолжает жить в памяти потомков.

Глубоко символично и совпадение двух дат-дня рождения К.И.Сатпаева и Дня космонавтики. Детище ученого– город Жезказган стал космической гаванью. С нашей жезказганской земли стартуют космические корабли.

Свое сочинение я хочу закончить словами великого немецкого поэта И.Гёте, которые, на мой взгляд, отражают все, что было сказано о Каныше Имантаевиче Сатпаеве:

Прошли недаром, ясен предо мной
Конечный вывод мудрости земной:
Лишь тот достоин жизни и свободы,
Кто каждый день за них идет на бой!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Мұхамадиев Дидар Русланович

10сынып, №66 ЖББОМ

Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы

Жетекшісі: Жапабаева А.С.

Патриот болу-әрбір қазақтың парызы

Ұлтарактай емес, ұшан теңіз, ұлан-ғайыр асты-үсті қазба байлыққа толы жері бар, көз алартқанға қаймықпай қарсы тұрып, Алашын қорғайтын намысты, жүректі ері бар, күн санап көркейіп жатқан дәулетті де сәулетті елі бар, тілім-тілім болса да, табанға түсіп тапталмаған тілі бар, талай азап көрсе де, теңселмеген діңгегі берік діні бар, арқа сүйеп мақтанатын текті халқы бар, сананы сілкіндірер салты бар ақ көңіл Қазақ болып келгенім үшін, ниеті таза, пәк Қазақтың баласы болғаным үшін өзімді бақытты санаймын. Көргендер қызыға да, қызғана да қарайтын кең байтақ өрісті өлкемді әулие бабаларым білікпен, білекпен бізге мирас етіп қалдырды-ау! Неткен ғанибет! Ұлт екенімізді көрсететін тілімізді, дінімізді, салтымызды бізге үкілеп, аялап, мәпелеп жеткізді-ау! Шіркін, алғысымыз шексіз оларға! Кең далаға біз бас иеміз енді!

Мен 1996 жылы дүние есігін ашсам да, жан-жағыма саналы түрде қарағанымды еске алсам, өзімді көтеріңкі көңіл-күймен ХХІ ғасырдың өкілімін деп батыл түрде айта аламын. Үлкендердің айтқандарына құлақ түргеннен, кітаптарды парактағанымнан білгенім, КСРО кезінде көп нәрсеге шынжырлы шектеу қойыпты. Ал, мен заманымда бәрі өзгеше. Бізде еркіндік бар. Техника ғарыштап өркендеп жатыр. Бүгінгі – жаңа, ертең-ескі. Бір сәт қалғып кетсек, игіліктен мақұрым, құралақан халге жеттік. Қатардан қалмау үшін немесе ортадан озық болу үшін сергектік, ынта аса қажет қазір. «Қалауын тапса, қар жанады», - дегендей адамбойкүйездіктен арыса, арман- мақсатына міндетті түрде жетеді. «Жігітке жеті өнер де аз», «Сегіз қырлы, бір сырлы», - деген аталы сөз бізге айтылған тәрізді. Бәсекелестік дамыған бұл кезеңде білім қоржынын секунд сайын толықтырған жанның шоқтығы биік болады. Жүрегі жоқтар, жасықтар, жалқаулар жарты жолда қалады. Бүгінде өмірге көзқарас түбегейлі өзгереді. Әрбір ұлт іргесін бекем қатайтып, өз отауын тігуде.

«КСРО» атты «адуын атамыздан» енші алып, бөлек шыққалы 22 жыл болды. Тәуелсіздігіміз 22 жасқа толды. Сонау 1986 жылы марқұм Қайрат Рысқұлов бастаған аға - әпкелеріміз Алматыдағы үлкен алаңға шығып, мұз жастанып, қар кешті. Бұлқынды. Жұлқынды. Олар қазақтың бұдан әрі бодандыққа бас имейтінін көрсетті басқаларға. Содан бері оң- солымызды әлі толық білмей жатырмыз. Буынымыз енді – енді бекіп қатаюда. Осынау алма-

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ғайып қиын шақта біздің бағымызға, қазақтың маңдайына біткен данышпан Нұрсұлтан аға елін көргендікпен басқарып отыр.

«Бірлік - береке бастауы»-деген принципті ұстанған Елбасы Қазақстандағы жүздеген ұлттардың татулығын нығайтты. Айрандай ұйыған жерде жеңіс, табыс болатынын түсініп өсіп келеміз. Шекарамыз шегеленіп, алыс-жақын шетелдермен байланысымыз күшейді. Экономикамыз дамып, халықтың хал-ахуалы жақсарды. Оқушыларға білім берумәселесі тура жолға қойылды. Бұрын тұйықталып келген «Таланттың аяғынан кісен шешілді». «Қой баққаннан басқаны білмейтін –қазақ» - деген бұғау мойнымыздан алынды. Тоқтар Әубәкіров қазақтан тұңғыш рет айды шарлады. Білімді, дарынды қазақ баласы бүгінде қоғамның түрлі салаларында елеулі қызмет жасап, абыройды асқақтатуда. Бұл заманда жүрек қалаған кез-келген мамандықты игеруге, бойдағы қабілетті жан-жақты тануға толық мүмкіндік бар. Меніңше, бұл- бабалар аңсаған Тәуелсіздігіміздің, Азаттықтың айқын да жарқын белгісі. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіздігіміздің тұғырын қатайту жолында болашақтың егесі біздерге –жастарға үлкен сенім артты. Бір сөзбен қиын түйткілді шешкен Төле бидің, Қазыбек бидің, ел үшін еңіреп жауды жеңген Қабанбай батырдың, Бөгенбай батырдың, Махамбеттің, Исатайдың, халқын өрге сүйреген Абылай ханның, Әбілқайыр ханның, білімді қазына деп санаған Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсыновтың, революционерлер Мұстафа Шоқайдың, Әлихан Бөкейхановтың өлендері жанға шипа Абайдың, Жамбылдың, Мұқағалидың, Қасымның және тағы басқа бір туар кемеңгер бабалар ұрпақтары біздер –жаман болып, төмен дәрежеде көрінуге тиісемеспіз. Керісінше, Елбасы үмітін ақтауға міндеттіміз, борыштымыз. Мен орыс тілінде еркін сөйлеймін. Ағылшын тілін де әжептеуір білемін. Бірақ, маған ең ыстық тіл -қазақ тілі. Оның қолжаулық болмауына, аяққа тапталмауына, із-түссіз жойылмауына барымды саламын. Елбасының Астананы орыстанған Сарыарқа төріне салуы тілімізді өрістеуге даңғыл жол ашты. Бұл кемеңгерлік емес пе! Дегенмен, қазақ тілінің қолданыстағы қазіргі жағдайы сын көртермейді. Басқа ұлтты айтпағанда, өз қандастарымыздың кейбіреулері орыс тіліне, ағылшын тіліне жақындау тұрады. Қазақстан бойынша тіліміз үшін шырылдап жүрген жазушы М.Шахановтан, депутаттар Н.Өнербаев және Б.Тілеуханнан басқаны байқамадым. Тіл мәселесіндегі кейбір кемшіліктердің орнын толтыру үшін жауапкершілік пен сүйіспеншілікті арттырғанымыз абзал. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер», - дегендей өз қадірімізді өзіміз бағалаған өте орынды. Президентіміз айтқандай: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесу тиіс». Үкімет тарапынан тілге байланысты қарулы-қарарлар шығып жатыр. Маған ұнағаны - «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қағаз бетіндегі алтын ойларды іске асыратын біз бен сіздер.

Адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, ұлтжандылық асыл қасиеттер менің бойыма бесіктен сінді. Жасым 8-ге толғаннан әкемнің бір Аллаһқа сыйынып, Қарағанды футбол стадионының табалдырығын қазаққа тән ұяндықпен имене аттадым. Әкем: «Балам, футбол да өнер. Ол бүгінде бүкілхалықтық ойынға айналды». «Доп ойнаған тозар, бәрінен де қой баққан озар», - деген мәтел ескірді. «Талмай еңбек етсең, допты ыркыңна киіндіріп, қазақтың жақсы атын шығарып, әлемге танытасын әлі», - деп үнемі ескертіп отырады. Тілімді, дінімді, сақтай отырып футбол арқылы қазақтың атын төрткүлдүниенің түпкір-түпкіріне жеткізіп, ұлтымның абыройын асқақтатқым келеді. Елімнің көк байрағын көкке желбіреткім келеді. Біз - осы тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз. Біз үшін мұнан үлкен мақтаныш жоқ шығар. Нендей жақсылық, ерлік жасасақ, өзіміздің тәуелсіз еліміз үшін, Отанымыз үшін жасайтын, ешкімге жалтақтамайтын еркін елдің ұрпақтарымыз! Міне, оқушылық өмірді артқа тастап, ересек өмірге қадам басқалы отырған өмірлік белесімдегі үлкен арман - мақсатым - туған жерімді көрсету, елімнің баянды бақыты үшін жан аямай еңбек ету деп білемін.

Тәуелсіздік - елдігім, еркіндігім, тарихым, тілім, дінім деп, осы елде туғанымды мақтан тұтамын. Қазағым туралы ой - толғауымды бір шумақ өлеңмен аяқтаймын:

Мен, білемін, Қазақтың діні өшпейді,
Мен, білемін, Қазақтың тілі өшпейді.
Мен, білемін, Қазақтың күні өшпейді,
Мен, білемін, Қазақтың үні өшпейді.

Мұхамадиев Дидар
10 сынып, №66 ЖББОМ
Қазыбек би ауданы
Жетекшісі: Жапабаева А.С.

Патриоттық сезім - ана тілінің негізінде қалыптаспақ!

Біз – тарих пен тағдырдың бұралаңы көп жолдар мен ғасырларға созылған ұзақ уақыттағы қиыншылықтардың барлығын басымыздан өткеріп, көріп келген елміз. Бүгінгі күні тәуелсіздікке қолы жеткен егеменді елміз! Бұл бізде онайлықпен келген жоқ. Бізге берген құдайдың бағы да емес, сыйы да

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

емес. Ата –бабамыздың ұрпағым, елім, жерім деп армандап өткен сол үшін талай тер төгіп, талай қан төгіп мың өліп, мың тіріліп жүріп өзім жетпесем де ұрпағым жетсе екен деп армандап өткен еңбегінің жемісі. Мұны осы жиырма екі жыл ішінде есті адам есіне алып түсінетін тарихи даму жолы. Сол бабаларымыздың ұлағаты мен арманын жалғастырудағы, аманатын орындаудағы нақты дәлел 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы деп ойлаймын. Сол кезде жастардың толқуы басталмаса, бұл тәуелсіздік осылай болар ма еді, әлде болмас па еді? Бұл – халқымыздың ғасырдан- ғасырға жалғасқан ұл-қыздарының, асыл жүректі, асқақ рухты ақиық перзенттерінің күрес жолы.

Тәуелсіздік дегенді жыл өткен сайын терең түсініп келеміз. Өз елің, өз жерің, өз Отаның бары- бәрінен артық екен. Оны мен мына бір әңгімеден терең түсінгендей болдым. Бір күні теледидардан шет елдегі қандастарымызға барып, жолыққандағы әңгімесін естідім. Сонда шетте жүрген қандасымыз былай деді: «Біздің тұрмысымыз да жақсы, бәрі бар, бай тұрамыз. Бірақ, адамға бір ғана нәрсе қымбат, жетіспейді. Ол – Отан, туған жер. «Бұрын бізден, сендер қай елден келдіңдер, Отандарың бар ма?» деп сұрағанда сөз таба алмай басымыз салбырап төмен қараушы едік. Қазір Қазақстан тәуелсіздігін алғалы шетте жүрсек те, «Бізде Отан бар, ел бар, туған жеріміз – Қазақстан» деп еңсеміз көтеріліп еркін тұрып жауап береміз» дегенде, шынында жүрегің шымырлап айналайын «өз елім – ай», деп жұдырықтай жүрегіміз қуанышқа бөленеді. Тәуелсіздік деген осы екен ғой. Бабаларымыз тегін қан төкпеген екен.

Міне, олардың төккен қаны мен аққан тері, көз жасы, ұлағатты арманы орындалды. Тарыдай шашыраған ұрпағы жерге қарамады, бабаларымыз өмірден өзі жылап өтсе де ұрпағымның өмірі өксімесін, өгей баланың күнін кешпесін деп қалған ұрпаққа аманат етті. Ұрпақтары өзіне жүктелген аманатты орындап, егемендікке қол жеткізген ғасырдың ерекшелігі де осынау жастық кезеңнен бастау табуында деп түсінемін. Бұл міне, өзіне жүктелген аманатын орындау жолындағы бетбұрыс бүгінгі тәуелсіздік жемісі, соның айғағы емес пе?

Қадыр Мырзалиев ағамыздың мына әні:

Бұзылмас қамалы,
Батыры уақыттың.
Тербеген самалы,
Бесігін бақыттың.
Өз елім менің -
Өзегім менің,
Жырыма қосып жүремін.
Төрім деп менің,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Жырым деп менің,
Соғады мәңгі жүрегім,

- деп шырқағанда әркімнің өз жүрегінен жарып шыққандай болады.

Еркіндік үшін жеңіс – бүгінгінің жемісі! Біздің қазақ халқы өте төзімді, шыдамды, қайсар, батыл, ер халық деп ойлаймын. Біз тарихтан қарап отырсақ, қатігез толқындар біржолата мәңгі жойып жіберетіндей талай қиын кезең тұсында қиналса да, аман қалыпты. Бірақ өмірге құштарлық қайтадан жығылған еңсені көтеріп, мың өліп, мың тіріліп, тәуекелге бел буып, өздерін емес, келешек ұрпақ қамын ойлады. Өздерін ағалата алмаса да, елін табалатпады. Жері мен елін ұрпаққа тапсыруды, өмірлері өксімей өз еркімен өмір сүрсе деп еркіндікті ойлады. Міне, сол өткен күрестер жеңісі бүгінгінің жемісі болып жалғасын тапты.

Біз өткен күрестер жеңісінің арқасында міне, тәуелсіз ел болып, еркіндікте жүрміз. Елімізді бастап, ұрпаққа жол көрсетер Президентіміз бар. Президент – еліміздің, өміріміздің айнасы. Ел бірлігін, Отан тыныштығын жан-жақты қарастыра отырады. Біздің Президентіміз өте ақылды данышпан, көреген, келешекті болжағыш адам деп ойлаймын. Өйткені тәуелсіздік алған елдермен салыстырып көргенде ұлтаралық жанжал, қақтығыс, босқындық, берекесі кеткен елдер бар. Осыдан сақтасын. Бізді бейбіт тыныштық жолмен алып келеді. Бұл тыныштық Тәуелсіздік ала салысымен орнай қойған жоқ. Мұны да қалыптастыратын ақыл керек. «Жер абаттанса – ел ауқаттанады» деп Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бекерге айтпаса керек. Біздің елімізде көптеген ұлттар мекен етеді. Соның бәрінің басын қосып біріктіре білді. Тәуелсіздік алған күннен бастап ұлтына қарай бөлмей, достықпен, береке – бірлікпен Қазақстанда тұратын барлық халыққа бірдей саясат жүргізді. Барлығын біріктіре ұстап, дұрыс жолға қойып, қамқор бола білді. Асықпады да аптықпады. Елімізді әлем таныды. Міне, сол іскерлікпен тым қысқа жиырма екі жылдың ішінде әлемге әйгілі дүние жүзі таныған өркениетті ел қатарына қосылып келеді. Ел үміті-ертеңде, ертеңнің кепілі- Нұрсұлтан ағамызда. Өйткені Елбасы – тәуелсіздік тірегі. Жаңа дәуірден, қиын – қыстау тың жолдан Қазақстанды сүріндірмей, адастырмай, алып жүрер – Елбасы деп ойлаймын.

Бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңі. Біз – еліміздің төл перзентіміз. Жас мемлекетіміздің жаңа түлегіміз, жаңа тағанымыз деп ойлаймын. Туған жердің тұғырына қонар жас қыранымыз. Біз бірінші сыныптан бастап Тәуелсіз ел, Егеменді ел, Еркіндік ел, бостандық дегенді сезініп өстік, көрдік, білдік. Ұстаздарымыз, өмір көрген әке – шешелеріміз үнемі ұқтырып үйретіп келеді. Барлық әніміз де, жырымыз да Отан үшін арналып келеді. Өткен тарих беттерінен өткен өмір мен бүгінгіні салыстырып түсіне білдік. Алда әлі ұзақ

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Тәуелсіз өркениетті елімізге білімді мамандар, елі мен жері үшін тәуекелге бара алатын нағыз Отан сүйгіш адал, «желтоқсан» жастарындай азаматтар мен азаматшалар керек екенін түсіндік. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңқалатын, талай – талай жаңалық ашар білімділер керек екенін түсіндік. Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңге жалғайтын, қазақ елінің ертеңгі болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенін сезіндік.

Ендігі тілек – елдігіміз, еркіндігіміз бен тіліміз дами берсе.... Қирап қалған орынға жаңа ғимараттар тұрғызып, Қазақстанның еркіндік жолындағы батырлар қорғаған атамекенге өздері кожа екенін түсінді. Міне осының барлығын өмірлі етіп, туған жердің тұғырын нық орнатар бүгінгі бір ғана -біз. Еркіндік – ежелден ата –бабаларымыздан бастап, бүгінгі ұрпаққа дейінгі арман тілегіміз. Тілегіміз қабыл болғай!

Бұлт баспасын Күнімді,
Таусылмасын өрісім.
Биік ұстау туымды –
Қасиетті борышым,

- деп соғады менің сәби жүрегім!

Мұхаметқали Саян

А.Құнанбаев атындағы

Саран гуманитарлы – техникалық колледжі

Саран қаласы

Жетекшісі: Муфталова А.Қ.

Ұлттық патриотизм – елдікті сақтап қалудың негізі

Қазақ халқының сан ғасырларға созылған ұлт - азаттық күресінің нәтижесі – тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы. Осы жолдағы ұлы белестерде, қиын-қыстау асуларда бабаларымыз кемеңгер ақылы мен ержүрек батырлығын көрсетіп, ұлан байтақ жерімізді найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, біздерге мирас етті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: “Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз”. Сондықтан да ата - бабаларымыздың қанымен келген тәуелсіздікті сақтап қалу - қазақпын деген әр азаматтың парызы. Осы парызды білетін әр адамның патриоттық сезімі қашанда жоғары болмақ.

Осы сөздің мағынасына терең үңілсек, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: “Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Олар - өз Отанының жалынды патриоты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының озаттары.

Өз отанын, халқын шексіз сүйішілік – барша күш-жігерін отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім”, – деп анықтама берілген. Олай болса, патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік. Ал Отан дегеніміз – ол сенің отбасың, туған жерің, туған елің, ана тілің, салт-дәстүрің, әдет-ғұрпың, асыл дінің. Осы қасиетті ұғымдарды қастерлей білсең, мағынасын түсіне білсең ғана өз еліңнің патриоты бола аласың. Біздің ата-бабаларымыз өз ұрпағының бойына осы қасиеттерді дарыту үшін тәрбиеге аса мән беріп, кішкентайынан баулыған. Оған дәлел, шыр етіп дүние есігін ашқан сәбиін бес түлететін бесікке салып, аналары:

«Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?»,-

деген сынды сөздерді жастайынан құлағына сіңдіріп, бесік жырын айтып, тәрбиеге аса жауапкершілікпен қараған.

Сондай-ақ баяғыда аталарымыздың немерелерін қасына ертіп жүрудің де өзіндік мәні болған. Қасына ерте жүріп ауылдағы игі жақсылардың би-шешендердің нәрлі сөздерін естіртіп, елге келген жыршы-жыраулардың, әнші-күйші өнерпаздардың өнерін тамашалатқан. Міне, осы тәрбие арқасында сол кездегі ұрпақ құйма құлақ болып өсіп, соларға еліктеп, ұқсауға тырысқан, ел қамын ойлауға ұмтылған.

Кең байтақ қазақ жеріне көз тігіп, жаулап алуға күш салған жоңғар, қалмақ, бір сөзбен айтқан шет ел шапқыншыларынан қорғауда, ерен ерлігі аңызға айналған жаужүрек батырларымыздың шығуына себепші, осы - кемеңгер, дана халық десек артық айтқан емес. Отты да уытты, орынды да

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

тапқыр қазақ тілімен халықты бірлікке шақырып, ру-тайпаның басын қосып, қандай қиындықта да мойымауға, қайратты да қайсар болуға өлең-жырларымен рухты көтере білді. Міне, осындай жолда аянбай тер төгіп, халықтың ынтымақ, бірлігін сақтап қалуда қызмет атқарған ардақты жыраулар қатарында Бұқар, Шалкиіз, Ақтамберді, Шал т.б ақындар болғандығын бізге жеткен жырларынан оқып–біле аламыз.

Ал барша адамзаттың Абайы атанған бас ақынымыз Абай Құнанбаевтың шығармаларын зерделеп қарайтын болсақ, ұрпақты тек патриотизмге баулып, намысшыл, еңбекқор, отаншыл болуға үндейтініне куә боласыз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй – бауырым» деген бір ауыз сөзінің өзі қанша ой қалдырады түсінген адамға. Барша жұртты жауласудан, кек алу дегенді білместен тек тату – тәтті өмір сүруге шақырып, көп өлеңдерінде туған жерге адал қызмет етуді борышым деп санаған. Сондықтан өз ұлтының өзге елдерден артта қалмауын тілеп:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрсеге асық бол,
Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз,-

деп нағыз адам болудың қасиеттерін ашық көрсетеді, білім-ғылымсыз адам алысқа ұзамайтынын ашық айтады.

Отанға деген сүйіспеншілігін, ұлтына деген шынайы пәк махаббатын дәлелдеген Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Т.Рысқұлов, М.Шоқай т.б еңбектерінен кездестіреміз.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің көгіндегі көкбайрақты желбіретуге атсалысқан, рухани өмірімізден ерекше орын алған тарихымызда мәңгі есте қаларлықтай еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері, суырып салма ақындарымыз былай деген екен:

Иә, Жұбан ақын айтпақшы: «мен –қазақпын, мың өліп, мың тірілген». Сан жаугершілік заманда ерлік пен өрлік танытқан, ашаршылық пен соғыс жылдарында төзімділік пен сабырлылық танытқан, қайта құру мен тоқырау кезеңдерінде асқан көнбістік көрсетіп, желтоқсанда жай жатпай, намыс туын желбіретіп, тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ тағдыр талайын аз көрмеді. Соған қарамастан ұлттық намысын, салт-дәстүрін, діні мен тілін, ұлттық болмысын ғана емес мемлекеттігі мен жерінің тұтастығын сақтап қалған

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

кайсар да жауынгер, кемел де кемеңгер халықтың ұрпағы болғаныңа қалайша мақтанбассын?!

Бабалардың қанымен келген тәуелсіздік арқасында бүгінде Қазақстан атты қуатты мемлекет болып отырмыз. Сол мемлекетіміздің негізі – ана тіліміз – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Себебі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады».

Ал жаһандану дәуірі – ХХІ ғасырда еліміздің алдында тағы да бір үлкен сын тұр. Ол - әлемдегі озық 30 елдің қатарына ену. Ол үшін елдігімізді сақтап қалудың негізгі жолы – патриотизм, ал ол дегенің - Отаныңды, елінді, туған жеріңді, ана тілінді, салт-дәстүріңді сүю деген сөз. Олай болса, Отанға деген махаббатты тудыру үшін, өз ұлтыңның осы басты құндылықтарын жетік білуің керек, сүюің керек. Сондықтан да мен де елімнің болашақ тіл маманы ретінде өз үлесімді қосу парызым деп білемін. Тілді сақтау жолында елімізде жүргізіліп жатқан саясатты қолдай отырып, дамыту үшін, өскелең ұрпақтың бойына тілге деген құрметті, сүйіспеншілікті ояту – басты міндетім деп білемін. Өйткені озық елдер қатарына ену үшін сапалы білім, жетілген ғылымға қол жеткізуде мемлекеттік тілімізді білудің де маңызы жоғары болмақ. Өйткені басқа елдерді мойындату үшін, таң қалдыру үшін ұлтыңның өзіне ғана тән ерекшеліктері болуы тиіс. Ол – алдымен халықтың тілі, одан кейін әні, күйі, жыры, биі, жалпы алғанда мәдениеті.

Ал Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», - деуі Қазақстандағы тіл саясатының бүгіні мен болашағын айқындайды.

Осы егемен Қазақстанның тізгіні – жастар қолында. Сондықтан да қазақ елінің азаматымын деген әрбір адам өз ұлтын сүйіп, елінің тарихын біліп, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сақтап, өнері мен мәдениетін дамытып, білімін жетілдіріп, Отанына қызмет етуі тиіс. Осыны түйсініп ұғынған да ғана Қазақ елі – Мәңгілік ел бола алады. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Накупова Айдана

8 сынып, №7 орта мектебі

Сәтбаев қаласы

Жетекшісі: Бекетова С.Ж.

Елбасы – ел мақтанышы

1940 жылдың 6 шілдесінде қарапайым қазақ отбасында, бір перзентке зар болып, әулие - әмбиені аралап, құдайдан бала сұраған Әбіш пен Әлжанның шаңырағын шаттыққа толтырған періште сәби бүгінде еңселі елді басқарып, Ұлы адам боларын кім білген? Ауыртпалығы мен қиыншылығы мол сұм соғыспен тұспа – тұс келген балалық шақтың да қызығы аз болғаны белгілі. Тумысында ерекше жаратылған ұлы тұлғаның болмысы бөлек. Ерекше зейіні мен қабілеті, көрегендігі мен еңбекқорлығы – тамырын тереңге жайған бәйтеректей қазақ елін барша әлемге мойындатты. Елбасы халық арасынан шықты. Себебі ол халықтың өз қанынан жаралған бір бөлшегі және қазір де солай. Және де ол кісі қазақ жерінде туған ең дара азаматтарының бірі де бірегейі.

Қазақ халқы: «Әкеден — ақыл, анадан — мейір» демей ме. Елбасының жақсы азамат болып қалыптасуына ата – анасының қосқан үлесі шексіз.

Елбасының әкесі Әбіш Назарбайұлы – 1903 жылы Алатаудың бөктерінде, Назарбай бидің шаңырағында өмірге келген. Әбіш сауатты, қадірлі, қонақжай, қамқор адам болған. Өнерге қатты қызығушылық танытқан. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дегендей Әбіш ата ана тілінен өзге орыс, балқан тілдерінде еркін сөйлейтін болған. Тіпті ол кісі күміс көмей әнші болған деседі, яғни қазақ, орыс әндерін нақышына келтіріп орындайтын тағы да жақсы қасиеті болған екен. Сыр шерткен адамын зейін қойып тыңдап, пайдалы кеңес бере білетін қасиеті және бар.

Елбасының анасы Әлжан – 1910 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық ауылында қарапайым молданың отбасында дүниеге келген. Мейірімді, сыпайы, ақылды, кез – келген іске икемі бар пысық адам болған екен. Әлжан ана да өнерден кенде емес. Ән салу мен суырыпсалмалық өнерден оның алдына ешкім де түсе алмайтын. «Өнегелі отаудың өрісі кең» демекші Әбіш әке мен Әлжан ана балаларын үлкенді құрметтеуге, сыйлауға баулыды. Ұлттық дәстүрлерге, ән – жырларға, сылт – ғұрыптарға құштарлығын оятты.

Елбасы кітаптарды сүйсіне оқыды. Ол әсіресе қазақ ауыз әдебиетінде орнын ойып тұрып алатын ежелгі аңыздар мен ата – бабалардың наным – сенім-

дері туралы кітаптарды қызығушылықпен оқыды. Әр кітаптың мазмұнын бес саусағындай білді. Елбасы тек кітаптарды оқып қана қоймай әжесі Мырзабала

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

мен әкесі Әбіштің айтқан әңгімлерімен сусындап өсті. Мәселен әжесі Елбасының қызығушылық танытатын сұрақтарына әрқашан жауап беретін. Ал әкесі «Жеті атасын білмеген – жетесіз болады» деп жас Нұрсұлтанға жеті атасын айтып жаттады. «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң, құйып алар» дегендей Елбасының айтқан сөзді қағып алатын зеректігі ешкімді бейжай қалдыра алмады. Яғни ата – анасы балалары сөзсіз болашақта жақсы азаматтар қатарында болатынына сенеді.

Елбасы мектеп оқып жүрген кезінде жазғы демалыс күндерін де бос өткізіп көрмеген екен. Әкесіне көмектесе жүріп көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып қанағаттанады екен. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы» емес пе. Ата – анасы жұлдызды аспан астында болашақ Елбасымен жанған алау маңында жатып, аспандағы жұлдыздарды санап оларды қызықтау – олардың күндегі әдеті екен. Және де өздерінің тұрып жатқан жер жағдайын жақсы білетін ата – ана балаларына ата – бабалардың түп тамырынан сыр шертетін саликалы әңгімелер айтып, қазақтың қаймағы бұзылмаған халық әндерін шырқап, болашақ Елбасының құлағының құрышын қандыратын.

«Алдыңғы арба қайдан жүрсе, соңғы арба содан жүрер» дегендей Елбасы бала кезінен еңбек етуге араласады. Оның үлкендердің мал бағуына, бау – бақша өсіруіне, отын жаруына тырнақтың ұшындай болса – дағы көрсеткен көмегі ата – анасының жүрегін елжіретіп, оның болашағына деген сеніміне секем түсірмей күшейте түсетін. Елбасы өзінің бір естелігінде: «Біз өзіміз өсірген аз-маз өнімдерді сатып, үй – ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол станциясына баратын едік. Бұл біз үшін мереке еді» деп еске алады.

Елбасының балғын балалық шағы ұзаққа созылған жоқ. Мектепті үздік бағаға бітіріп ол кісі өз қатарластарының арасында терең білімімен, ой – өрісі

—
нің кеңдігімен ерекше сөзге түсетін. Елбасының Күләш есімді сыныптасы мынадай бір естелігінде айтады: «Нұркең мектепте жүргеннен зерек, алғыр оқушы еді. Ол кісі біздің Абай атындағы мектепке оныншы сыныпта ауысып келді. Түр десең түрі бар, бой десең бойы бар білімді бозбаланың біздің сыныпқа келгеніне барлығымыз қуандық. Барлық қоғамдық жұмыстардың алдыңғы шебінен табыла білетін. Ол уақытта әрбір оқушының сабақ үлгерімін анықтап жазатын арнайы тақта бар. Сол тізімнің жоғарғы жағында Нұрсұлтанның аты үнемі тұратын. Мен өзім де мектепте жақсы оқыдым. Бірақ, жасырмаймын математика, геометрия пәндерінен кейде үш алып қалатынымын. Бір күні Нұрсұлтан қасыма келіп, «Күләш, тригонометриядан үш алып қалыпсың ғой? Мұның қалай?» деп ұялтқаны бар. Содан кейін дәптерімді сұрап алып, есеп шығаруға көмектесті. Сол сәттен кейін бестен басқа баға алмауға тырыстым. Оныншы сыныпты ойдағыдай аяқтағаннан кейін бірнеше

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жасты Теміртауға жолдамамен жіберетін болды. Сонда арамыздан суырылып шығып, екі – үш жігіт Теміртауды бағындыруға аттанып кетті. Нұрсұлтан сол кезде – ақ өз мүмкіндігін біліп, білімі мен біліктілігіне сенген. Ол қашан да ұмтылып тұратын. Кейін еліміздің Тұңғыш Президенті болып сайланғанда бірге оқығандардан бес – алты адам құттықтауға бардық. Президенттің кабинетіне кім кіріп көрген? Алдымен кабинетінде қабылдап, соңынан дәмге шақырды. Бірге оқысақ та, жасқаншақтап, қысылып тұрмыз. Нұрекең байқап қалып: «Емін – еркін әңгімелесейік.. Сендер менің ауылды қалай сағынатынымды білсеңдер ғой. Біз мектепті қырық екі адам бітіріппіз. Солардың кейбіреуі ара –

мызда жоқ» деп толқып отырып Елбасының сырласқаны бар....».

Елбасыны ерекшелеткен басты қасиеті – пікір айтудағы және әрекет етудегі дербестік пен жетекшілікке деген тұрақты ұмтылыс еді. Ол кісі құрбы –

құрдастарымен алғаш танысқан сәттен бастап, тіл табысып кете беретін. Өз ор-

тасының ұйытқысы, ұйымдастырушысы болды. Әзіл – қалжыңға бейім, әнге жақын, елдің көңілінен шығып, өз ортасын тез үйіріп әкете білді.

«Тісі шыққан балаға, шайнап берген ас болмас» дегендей бозбала Нұрсұлтан ертерек еңсесін тіктеп, өз ахуалын жақсартып, ендігі жерде ата – ана, туған – туысқа материалдық жағынан көмектескісі келді. Өйткені, ол отбасындағы үлкен ұл еді және 18 жасқа жетіп енді ата – анасы оған арқа сүйейтін болды.

Нұрсұлтан Назарбаев үлкен құрылысқа келіп оның бұл жерде көп мүмкіндіктері бар екеніне еш күмәнсіз сенді. Ендігі жерде ол өз тағдырына, өз тіршілігіне өзі иелік етуге бел байлады.

Теміртауға келген соң, ол кісі болашақ металлург ретінде Украинаға, Днепродзержинск қаласындағы Днепр металлургия комбинаты жанындағы кәсіптік – техникалық училищеге оқуға жіберілді.

Елбасы бозбала кезінде сегіз қырлы бір сырлы жігіттердің бірі болды. Яғни Елбасы шыныққан шымыр жастардан іріктелген домнашылар тобына қосылды. Елбасы өзінің еті мен менезінің мықтылығын мықтылығын спортта, балуандардың боз кілемінде дәлелдей түсті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев адамдардың игілігі үшін жұмыс істеді, сондықтан әрдайым өзін олардың қолдайтынына сенімді болды. Металлургтер-

мен бірге ол қайнаған ыстықта жүрді, кеншілермен бірге штальняларға түсті. Сондықтан Елбасы үлкен лауазым иелері кабинетіне қаймықпай кіріп, әділдікке жету үшін «қара қылды қақ жарғандай» етіп шындықты ғана айтты. Ол кісі сонымен қатар түйткілді мәселелерді шешудің жолын ұсынды. Яғни

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

дәлел мен дәйекке сүйене отырып. Оның пікірі әрқашан мұқият тыңдалды. Басшы ретінде Елбасының беделі жоғары болу себебі, ең алдымен оның жұмысшылар қатарынан көтерілгендіктен ол кісі барлық мәселелерді түп – төркінінен танып білетін еді.

Жоғарыда айтып өткендей Елбасы еңбекқорлығының, ізденімпаздығы – ның, қажымас қайратының арқасында Қ.Р. Президенті дәрежесіне көтерілді. Ол кісінің ел дамуына қосқан үлестері шексіз. Саусақпен санарлықтай емес, ауыз толтырып айтарлықтай. Елбасы қызметіне келген соң ең алдымен өзінің тың идеялары арқылы қазақ жерінің есімін әлемге әйгілі етті. Жақында ғана Елбасының сондай бір жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы жолданды. Және өз жолдауында мақсаттарды айқындап берді. Жолдауда: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылғы қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» деді. Елбасы жолдауынан жастар мәселесі де қалыс қалмады. Солардың кейбіреулері төмендегідей: «Бала тәрбиелеу – ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек. Мен өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік туғызуға көп күш жұмсадым: «Бала

пан» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Өздеріңіз білесіз-

дер оған тек дайындығы бар және дарынды балалар ғана өте алады. Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы. «Бар жақсылық балаларға» ұраны барлық ата – ана үшін қағидаға айналуы қажет» деп атап өтті.

1996 жылы Елбасы айды аспаннан бірақ шығарды. Жаңа елорда сал бастамасын алғаш Қазақстан Президенті көтерді. Ол кезде бұл ұсыныс жүзеге асатынына көбісі күмәнмен қарады. Жаңа қала салу мен оған көшу көптеген онжылдықтарға созылады деп санағандардың қатары көп болды. Бірақ олардың бәрі қателескен еді. Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қарышты дамуының нышанына айналды. Қаланың бас сәулеткері Елбасы болды. Астана – Сарыарқаның төсінде орналасқан, Батыс пен Шығыс мәдениеті мен мен дәстүрін тоғыстырған көз тартар бірегей келбетке ие болды. «Еңселі Елорда, асқақтаған Астана» сөздерін біз бүгінде зор құрметпен, патриоттық се –

зімімізбен айта аламыз. Астана елдің ең әсем қаласына, саяси, экономикалық, мәдени, рухани орталығына айналды. Елбасының өзі «Жаңа Астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деп бағасын берді.

Қаланың көптеген ғимараттары, ескерткіштері Елбасы сурет, сызба, нобай түрінде түсірген ойдан алынды. Бәйтерек, Хан Шатыр, Отан қорғаушылар монументі, Бейбітшілік және келісім сарайы, Мәдениет

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

орталығы, Ақорда резиденциясы және өзге де сәулеті келіскен ғимараттар Елбасының ұшқыр қиялының жемісі.

Елбасының бойындағы қасиеттерге сан жетпейді. Және оның лауазымдық қызметтері дәл осындай. Мәселен Елбасы Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Жәнібек ханның ізін жалғастырушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Елбасы батыр, қолбасшы, дипломат, аса көрнекті мемлекет қайраткері Кенесары Қасымұлы, Сырым Датұлы, Махамбет Өтемісұлы, Исатай т.Айманұлы секілді ел тыныштығын ойлаған Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Бас қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы. Елбасы Үш жүздің басын қосқан Абылай ханның жасаған игі ісінің жалғастырушысы Дүниежүзі қазақтары қауымдас –

тығының төрағасы. Бұдан бөлек Елбасы Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы жанындағы кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің төрағасы, Назарбаев Университеті Жоғары камқорлық кеңесінің төрағасы.

Елбасының сүйсінерлік тағы бір қасиеті бар. Ол – қарапайымдылығы. Ол кісі өзінің бір кітаптарының бірінде: «Кейінгі кезде өзінің «пролетарлық» тегімен көкірек қағу басқа бір нәрсенің салқынымен алмасты: қайткенде де өз тегінен и» ақсүйектік» қасиет іздеп табу етек алды. Ондай біздің тұқымда болған емес. Мен – қойшылардың ұлымын, немересімін және шөбересімін. Демек, ешқандай ақсүйектер әулетінен емеспін. Менің ата – бабаларымның бәрі де Алатау баурайында өмір сүрген» деп жазады.

Елбасы әрқашан «халық» деген ұғымды мәңгі жадында ұстап, елінің ертеңін ойлады. Халық игілігі үшін жасаған істерін күнде көзімібен көріп, құлағымызбен естіп жүрміз.

Елбасы туралы айтар сөз, мақтау жетерлік. Сондықтан осы жерден тоқтайын. Ең бастысы еліміздің көшбасшысы, қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы аман болсын. Елбасының аман – саулығы біз үшін асылдан да қымбат!

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Нұрасылова Камшат

10 сынып, № 15 орта мектебі
Балхаш қаласы

Ертеңге - Елбасымен

«Ер- ел тірегі» деген қанатты сөздер бар. Айтса, айтқандай-ау!.. Бейбіт күнде дүйім халықтың ішер ас, киер киімін қамдау сияқты материалдық сұраныстарынан бастап, олардың тамырын тереңге тартар рухани қажеттіліктерін де орнына келтіре білген, ал қиын-қыстау замандарда түтеген борандардың өтіне шығып, еліне ықтасын бола білген қаншама ардақты ата-бабаларымыздың есімдері тарихта қалды десеңізші. Сөйтсек, тұтас әлемге тұтқа болған сол бір пәруана жандар ең әуелі өз Отанының мызғымас тірегіне айнала білген екен ғой. Ақтығында біздің батырларымыздың көзінің тірісінде, қайта құру дәуірінің бізге берген бақыты- Азаттық, Еркіндік, Егемендік тұсында тағы да сол халық ортасынан тағы бір азамат шығарды. Ол- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Н.Ә.Назарбаевтың біз үшін, қазақ үшін қадірі осынау бір кездегі күдіретті мемлекет, қазіргі тілмен айтқанда- империя ыдырай сөгіліп, «балапан басына, тұрымтай тұсына» болған берекесіз де иесіз жағдайда, «ау, ел басқарар кім бар?» дегенде суырып шыққан даралығы. «Е, ел, бұл халық әлі иесіз емесекен» дегізгендігі.

Қазақстан, оның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өткеннің есесі, бүгіннің есендігі үшін қазіргінің де, таяу және алыс келешектің де тағдыры тебіреніп, түн ұйқысын төрт бөлгені әмбеге аян. Аланның жағасынан алған азуы алты қарыс державаның шаңырағы ортасына түсіп, мәңгілік делінген идеялардың астан-кестені шыққанда, қоғамдық сананың безбенінде үміттер мен күдіктер кезек теңселді. Дәл осы тұста, қазақ есімді халыққа сын сағаты туғанда – ұлттық даналық пен қаһармандықтың асқақ рухы сол халықтың тағдырына жауапты азаматының ерік жігерінде қайта жаңғырықты. Тұңғыш Президент болу қашанда қиын. Істің бәрін жаңадан бастауына тура келеді. Бұл дегеніңіз мемлекетті қайыра құру деген сөз. Елбасының сол кездегі ой-тұжырымдарына үңілсек, ата жұрты үшін қабырғасы қайысқан, туған жері үшін жанын шүберекке түйген ұлдың жүрек лүпіліне тебіренесіз...

Саясаткерлік, менеджерлік, ұстаздық, дипломатиялық, психологиялық әзірліктер керек. Саяси басшыға ойшылдық, мәселенің шешуші түйінін дөп басу, күнделікті өмір көріністерінен ой қорыта білу, өзіндік шешім қабылдауға батылдық, оқиғаның алдын ала білетін көрегендік, әлеуметтік талдауға

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

бейімділік қасиеттері керек. Жеке мамандық иелерінде кездесе бермейтін бұл қасиеттерді Елбасы бойынан көреміз. Қоғамды басқару жөнінде көне дүниеден бері айтылып келеді. Ежелгі грек ойшылы Аристотель қоғамды философ басқаруы керек деді. Француз О.Бальзак болса, ақын-жазушыларға артықшылық берді. Суреткерлерсіз бірде-бір король, бірде-бір патша тарихта қалмас едідеді. Яғни, қоғамның шешуші тұлғасы- ақын- жазушылар деп түсінді. Марксистер болса, тарихтың тегершігі, тұтқасы, қозғаушы күші- халық деді. Ал Францияның королі Людовик XVI-ші болса: «мемлекет дегеніміз мен»- деді. Орыс социал-демократы Плеханов тарихта жеке тұлғаның беделі де көп рөл атқарады деді. XX ғасырда коммунистер: мемлекет-біз деді. Қытай көсемі Мао: халық – тобыр деді. Гитлер: әлемді таза, ақсүйек ұлт-арийліктер басқаруы керек деді. Гогольдің бір геройы патшалық Ресейде сословиелік артықшылық, дворяндар тұқымы- қоғамның тұтқасы деді. А.С.Пушкиннің Дубровский: государь справедлив, я буду просить его. Он нас не обидит. Мы все его дети-деді.

Н.Ә.Назарбаев туа ойшыл, туа күрескер, туа еңбекшіл, туа бейнетқор, туа өршіл, туа көсем болған жоқ. Елбасы жетістігі уақыттың, тарихи үдерістің жемісі. Ғасыр бойы өмір сүріп, ғасыр бойы үйренуден жалықпаудың нәтижесі. Қазақстанның атақ- даңқын паш еткен, ТМД-ның, Еуропаның көптеген елдерін басып озып, Шығыс Азияның көптеген азуын айға білеген мемлекеттеріне теңескен Қазақстан десек, Елбасы- Ұлт көшбасшысы қатар тұратыны сөзсіз. Кім не айтса да, қалай айтса да бәрібір, домна пешінің ып-ыстық отына қақталып, мәңгілік шыңдалған, қазақтың ардақты ұлдарының бірі атанған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың идеясын енді ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды. Оның есімін ешкім де тарихтан сызып тастай алмайды. Нұрсұлтан Назарбаев – Абылайхан да, Әбілқайыр хан да, Вашингтон да , Кемал Ататүрік те, Фидель Кастро да , Рузвельт те, Махатма Ганди де, День Сяопин де емес. Ол- дара тұлға. Тарихи тұлға.Ешкімді қайталамайтын, қайталанбайтын Президент.

XXI ғасырдың жаһандық алааманына ат қосқан жампоз елдің еңсесі биік, мерейі үстем болғай! Ал, Айбыны асқақ, Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстанымыздың елі аман болсын, елі үшін туған ері аман болсын!

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Нұрбопаев Еркебұлан
8 сынып, № 15 орта мектебі
Балхаш қаласы

Табиғатты аяла да бағала

Көкше көлдің теріскейінде тербелген Балқаш қай уақытта болмасын еңбек бақытына бөленген жандар мен мыс бұлағын ағызған металлургтер қаласының қала күніне орай «Гүлстан» журналының PR-менеджері, Республикалық «Гүлзар» қоғамдық бірлестігінің директоры, өсімдіктер әлемі оқу-әдістемелік кешенінің жауапты редакторы Қабдолданова Батима Әскербекқызы және Алматы облысы, Талғар ауданы №35 мектеп гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы, зейнеткер Нұхаева Шарбану мектебімізде болып қайтты. Табиғаттағы өсімдіктер әлемін сақтау, көгалдандыру мәдениетін дамыту және жасөспірімнің қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 2009 жылдан бастап мектебіміз Республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік «Гүлстан» журналы және "Гүлзар" қоғамдық бірлестігімен тығыз байланыста жұмыс жасауда. Сондықтан адам мен табиғат егіз деп бекер айтылмаса керек, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру мәселесіне елімізде үлкен көңіл бөлінген, кемел келешекке көз тіккен қаламыздың гүлденген өңірге айналдыру мақсатында 18-19 қыркүйек аралығында Республикалық «Гүлзар» қоғамдық бірлестігінің директоры, «Гүлстан» журналының PR-менеджері, өсімдіктер әлемі оқу-әдістемелік кешенінің жауапты редакторы Қабдолданова Батима Әскербекқызының қолдауымен мектебімізде «Жасыл мектеп» бойынша іс-тәжірибе алмасу шараларына арналған семинар-тренинг өткізілді.

Семинарға Алматы облысы, Талғар ауданы №35 мектеп гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы, зейнеткер Нұхаева Шарбану «Жасыл мектеп» бойынша өзінің іс-тәжірибесін ортаға салды.

Семинар-тренингті мектеп директоры Қ.Ш. Дүбірбекова кіріспе сөзбен ашып, «Гүлстан» журналының құрылтайшы-директоры халықаралық көгалдандыру тәжірибесін еліне дамытқаны үшін Ұлыбританияның «Королева Виктория» сыйлығының иегері, көгалдандыру, жасыл желекпен гүл өсіруді үйретуге бағытталған бастауыш сыныптар мен балабақшаларға арналған 100 кітап шығару идеясын қаржыландырып, жүзеге асырушы кәсіпкер Гөзел Әліпбекқызы Құлжабаеваның халықаралық деңгейде өткізген тәжірибесін слайд арқылы таныстырылды.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Семинарда мектебіміздің 2,3 сынып оқушылары гүлдер шеруін жасаса, мектепалды даярлық тобы бүлдіршіндері «Гүл болып өсіп келеміз» атты ертеңгілігін ұсынды.

Нұхаева Шарбану «Көгалдандыру- баршамызға ортақ іс» атты мәжіліс залында шебер класс өткізді. Онда жылыжай, оқушыларды ғылыми-жоба жұмыстарына бағыт-бағдар беру жұмыстарын түсіндіріп өтті. Бейнелеу пәнінің мұғалімі Ж.К.Адайбекова «Табиғат – ұлы суретші» 6,7,8 сынып оқушылары арасында сурет салу шеберлеріне арналған пленэр – шебер класс өткізді. Ал мектебіміздегі экологиялық бағытта атқарылған жұмыстар барысында презентациялақ слайд арқылы 8а, 9а сыныптар арасында география пәнінің мұғалімі С.К.Сатбек және биология пәнінің мұғалімі П.Бақытқызы дөңгелек үстөл өткізсе, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.К.Қойшығарина, Б.К. Аблайхановтардың ұйымдастыруымен «Балқашым бағым» атты мектеп оқушыларының өнерін тамашалап, мектеп кітапханасында кітапханашылар Г.Т.Башарова мен Б.Б.Тойшыбековалардың ұйымдастыруымен мектепішілік «Жас өркен» баспасөз орталығының тілшілерінің қатысуымен брифинг өткізіліп, «Жарқын іс жалғасын табуда» атты кітап көрмесімен Е.Нұрбопаев 8ә, Б.Өзбеков 8ә М.Серік7в, З.Садырбаева 8ә, Б.Оңғар 7б сынып оқушылары таныстырып өтті. Семинардың жалғасы мектебіміздің ата-аналарына арналды. зейнеткер Нұхаева Шарбану «Жасыл мектеп» бойынша өз ауылындағы ата-аналармен жасап жатқан іс-тәжірибесімен бөлісті. Онда батыр аналарға арналған бақтың ашылғандығы, ұлттық нақышта өсірген гүлдері жайлы ой өрбітті. Қорытындылай келе мектебіміздің ата-аналар қамқоршылығының кеңесі сайланып, осындай теңдесіз жұмыстарды, оқушыларды ғылыми жобалар жазуға дайындауға мектебіміздің ата-аналары бірауыздан шешім қабылдап болашақта қаламыздың гүлденуіне ат салысуға уәде етті. Сондықтан табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады, қазіргі заман ағымына сай дені сау, сауатты да инабатты ұрпақ тәрбиелеу, сонымен қатар баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, әрі еңбекке баулу.

Сол себепті туған жеріміздің тамылжыған тамаша табиғатын сүю, оны қастерлеп, қадірлеу әрбір адамның азаматтық парызы.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Нұрлыбаева Ақбота
8 сынып, №10 орта мектебі
Жетекшісі: Қазангапова В.О.

Патриоттық тәрбие-отаншылдық кепілі

«Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс - қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн», -деп Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі жас ұрпаққа ең бастысы патриоттық тәрбие беру деп ұғынған. Біз өзіміздің бойымызға отаншылдық сезімі мен өз елімізге деген сүйіспеншілікті дамытуға тиіспіз. Себебі, Қазақстанның болашағы - қазіргі жас ұрпақ, яғни біз. Мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен өмірге қабілеттілігін, ұдайы өндірісін нығайтуда патриотизм маңызды рөл атқарады. Отанға деген сүйіспеншілік сезімі, қоғам дамуы мен ұрпақтар сабақтастығының маңызды құрамдас бөлігі болған және солай болып қала бермек. Дәл осы патриотизм қоғамның саяси бірлесуі мен тұтасуына септеседі немесе керісінше қоғамның ыдырауы мен бөлінуіне әкеліп соғады. Патриоттық сезім өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білуден, мемлекеттік рәміздерді білуден және оны бағалаудан басталады.

Өз тарихын білу - ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындардағы ұдайы дамуына септеседі. Жеке тұлғаның өз халқымен бірлігін сезінушілігі оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры да, олардық нақты сақтаушысы, әрі жалғастырушылығын діттейді.

Патриотизм-отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне, бауырбасушылықты білдіреді.

Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт – дәстүрімізді жатқызсақ, тіл - қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт – дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Патриотизмнің бір көрінісі мемлекеттік рәміздерге құрметтен басталады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу тек заңмен міндеттеуді ғана қажет ететін мәселе емес. Ол ең алдымен отансүйгіштіктің, мемлекетшілдіктің айнымас қағидасы болуы керек. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді. Сондықтан бойына патриотизмді дамыту үшін ең алдымен мемлекеттік рәміздерді бағалап, құрметтеу керек. Сонымен қатар жер-анамызды қастерлеп, туған жер қадірін бойымызға, санамызға сіңіру патриотизмнің бірден-бір көрінісі.

Патриотизм ортақ мақсаттар мен мүдделерге жетуде бірінші дәрежелі, басым маңызға, мақсатты сипатқа ие болады. Шынайы патриотизмді жаңғырту-Қазақстанды жаңғыртудағы жасалған қадам. Патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды.

Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Патриоттық сезім әрбір азаматтың сана-түкпірінен мықтап орын алу керек. Себебі, Қазақстанның үміт артқан болашағы-біз. Сондықтан біз артқан үмітті ақтауымыз керек. Қазақстанның келешегі –біз патриот - балалар қолында!

Омар Альмира

11 сынып, №3 ЖББОМ

Жетекшісі: Акмолдина М.С.

Сарыарқаның інжу- маржаны – Жезқазған қаласы

Жезқазған қаласы— Қарағанды облысының ірі шаһарларының бірі. Қаланың іргесі 1954 жылы қаланды. Кеңгір өзені жағасындағы Кеңгір ауылының орнында тұрғызылды. Үш мыңнан астам ғана халқы болған. Кейін Кеңгір су қоймасына жақын маңнан үлкен қаланың құрылысы жүре бастайды. Белгілі өлкетанушы С. Бүкіров: «...Жезқазғанның арғы аты – Ақжал. Кенді үңгірдің бірін қазғанда самородок сары мыс, жез көптеп табылыпты. Содан жергілікті халық өз тіліне аударып, «Жезқазған» атаса керек», – дейді.

Жезқазған қаласы орналасқан даланың тарихы біздің жыл санауымыздан арғы заманға тамыр тартып жатыр. Жезқазған – көненің бүгінгі

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

жалғасы.Себебі Ұлытауда аты аңызға айналған Абылай хан таққа отырып, бейтарап өмір кешкен қазақ халқының үш жүзі бірігіп, халқымыздың мақтанашы, белгілі академик Төрегелды Шармановтың кіндік тұсы, жүректерінен жыр төккен Болман, Тайжан ақындар, шындықты жырлаған Шынболат Ділдебаев, «Айтыстың жанашыры» атанған Жүрсін Ерманов, поэзияның бір тұяғы Сәкен Сейфуллин, өнерлерімен тәнті қылған Нұржан мен Қайрат ағаларымыздың кіндік қаны тамған жер.

Жезқазған өлкесі тағдырдан сағы сынбаған, өнердің талай наркескендерін шыңдаған. Ұлттық өнерді дәріптеген, күй құдіретін Америка мен Ресейге танытқан, кәрісі-жасы демдерін алмай тыңдатқан- Қыдырәлі Болманов, ...алтын қалам, кең далам, Жазғаннан айналам- деп әндеткен Жаксыкелді Сейіловті, талай ұрпақты, күйлерін күнірете шерткен күйшілерді, ақын-жазушыларды өсірген топырақ. Халыққа сыйлы болып ел мақтаса-оның бәрі осы топырақтың,осы елдің тәрбиесі деп есептеймін.

Жезқазғанның жерасты байлығын ашқан, Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш академигі,кенші, геолог Қ.И.Сәтпаевтың перзенті деп атауға болады.

Жезқазған-Байқоңыр атаулары – егіз ұғым. Жезқазған – ғарышқа жол тартқан ғажайып қала! Мыс шаһарында- ғарыш мекенін бағындырған талай-талай ғарышкерлердің ізі қалған. Қаламыздың басты көшелерінің бірі - «Ғарышкерлер» бульвары тарихтың куәсі. Бұл жерде ғарышкерлердің қолымен отырғызылған жасыл емендері, көшеттері әлі күнге сақтаулы.

Жезқазған – заман жаңалықтарымен жарысып келе жатқан жасампаз қала.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мыс шаһарына бірнеше рет ресми сапармен келуі, қаланың нарық жағдайында дамуына, өркендеуіне айырықша назар аударып отыруы ел экономикасы мен саяси өміріндегі Жезқазғанның тарихи орнын айшықтай түсті. Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы аясында қаламыздың «денесіне қан жүгіріп», «Бейнеу» теміржол торабы салынып жатыр.

Жезқазған – әлемге аты танымал болған өндірісті қала. Бүгінде «Қазақмыс» корпорациясы – Қазақстандағы барлық экономикалық реформа талаптарына және нарық заңына сәйкес келетін қазіргі заман үлгісіндегі кәсіпорын. Корпорация ТМД елдері арасында ірі мыс өндірушілер қатарында.

“Сары мыстың” сөлін ағызған осынау қасиетті жерде табиғаттың ыстығы мен суығана төзіп, қаншама адамдар маңдай терлерін төгіп, еңбек етуде!? Менің қалам күннен-күнге гүлденіп, көркейіп келеді. Мен- осы жаңарған өңір,гүлденген Жезқазған қаласында дүниеге келдім. «Өркімнің туған жері- мысыр шаһары», сол себепті атамекеннің орны бөлек. Неге екенін білмеймін, табиғаты қаталдау болса да, маған дүниенің төрт бұрышын қанша шарласаң да, осы Жезқазғаннан артық жер жоқ сияқты көрінетіндей.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Қаныш ата іргесін қалап, кейінгілерге аманат етіп кеткен қалада тұрып жатырмын. Қаламның болашағы үшін аянбай еңбек етемін, оқу оқып, білім аламын. Туған жерді, елді нығайту – біздің басты парызымыз деп ойлаймын.

Омарханова Роза

10 класс, школа №58,

г. Караганда

Руководитель: Дилдабекова Г. К.

Нужно ли говорить о патриотизме?

Быть патриотом своей
Родины – это носить Казахстан
в своем сердце.

Н. А. Назарбаев.

Нужно ли говорить молодежи, как хорошо быть патриотом? Хватит говорить, пора делать. Патриотизм немногословен, потому что об истинной любви молчат, но подтверждают и отстаивают ее всю жизнь, порой – ценой жизни. Патриотизм – одно из самых главных качеств, которое характеризует Гражданина. Это социальное по своей природе явление представляет собой не только грань общественного сознания, но и источник существования и развития общества. Нет нужды повторять, что воспитание патриота – одна из важнейших задач. Патриотизм как общая и неотъемлемая часть национального самосознания граждан может и должен служить возрождению духовно-нравственных устоев общества.

В конце своего сочинения я хочу сказать, что я делаю всё возможное для процветания моей Республики. Себя я считаю истинным патриотом. Сейчас, я занимаюсь волонтерскими работами, помогая людям моего города. Мне кажется, что каждый должен, что-то делать для процветания своей родины и должен быть полезен для своих соотечественников.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Ондрус Толқын

5 сынып, №76 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Сарсекеева Б.Е.

Менің отаным – Қазақстан

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары. Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Содан бері атқан оқтай зулап, табандатқан 22 жыл өтті. Қазақстанның жиырма екі жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтыра айтарлықтай, көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері бар. Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүние жүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Біріккен ұлттар ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болып дүние жүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарып жатқан қыруар істері дәлел бола алады.

Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдемін. «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Мен өз Отанымды, туған жерімді, құдіретті елімді сүйемін және мақтан етемін. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Барша Қазақстандықтарды елімнің мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, ашық аспан көгінде қалықтаған қырандай еркіндік пен даму, асқан бақыт және шексіз қуаныш, биік белес пен шығар шың тілеймін.

Өмірбаев Ясин

2 сынып, № 15 орта мектебі

Балхаш қаласы

Жетекшісі: Сатыбалдина Г.Х.

Көрікті де келбетті – Балқашым

Ерке толқыны жағаға ұрып, балығы тайдай тулағын, көкше көлдің теріскейіндегі шағын қаламыздың жетпіс жылдан астам тарихы бар. Осы жылдар ішінде талай тарихи оқиғаларды бастан кешкен Балқаш қаласы қазіргі таңда барша әлемге сары алтындай мысымен және орталық қазақстанның жауһары атанған – Балқаш көлімен де әйгілі. Жер шарындағы ішкі су қоймалары бар ең көне көл деп саналады.

Қаламыздың тарихы жайлы ата-әжемнің аңыздарынан білемін.

Тарих көшіне ілескен Балқаш қаласы Кеңес өкіметінің қарқынды бесжылдықтарының бастауында құрылып, ірі өндіріс орталықтарының біріне айналған. Балқаш өңірін игеру сонау 1928 жылы инженер, геолог И.П.Русаковтың басшылығымен Қоңырат тауларындағы геологиялық-барлау қызметінен бастау алған.

Көреген бабамыз Қараменде би айтқандай «Ойында балығы, қырында киігі» ұрпаққа азық болған қасиетті Балқаш өңірі тек қана өз еліміз емес Одақ көлеміне, шет елге өзінің даңқымен танымал.

Балқаш қаласы өзінің бай табиғи және минералдық қорларымен, өндіріс орындарымен ғасырлар қойнауына кететін тарихи дәстүрлерімен даңқты. Бірақ табиғаты қатал, сондықтан оның байлықтарын алу үшін табандылық және ерең еңбеккерлік қажет. Осының барлығы Балқашты игеруді бастаған адамдарда болды, бұл қасиеттер Қазақстанның осынау бір ғажайып та қайталанбас қаласында тұрып және еңбек етіп жатқан адамдар да бар. Балқашқа еңбегі сіңген еңбек ардагерлері, Балқаш қаласының құрметті азаматтары әрқашан біздің сынып сағаттарымыздың қадірлі қонақтары.

Көкше көлдің теріскейінде тербелген Балқаш қай уақытта болмасын еңбек бақытына бөленген жандар мен мыс бұлағын ағызған металлургтерге күш-қуат беріп келеді. Қазіргі күнде біз сол еңбек майталмандарымен мақтанамыз, шаттанамыз. Олар Көкше көлдің толқынымен кең тыныстап, қаламызды өркениет көшінен қалдырмай өркендеуіне сүбелі үлес қосқан түрлі мамандық

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

иелері қаншама десеңші... Солардың арқасында қаламыз күн санап көркейе түскенін байқаймыз.

Балқаш бүгінде ұрпақтар ұясы аңыздер мекені, Балқаштың даңқын әлем таныды. Аталарымыз бен аналарымыздың жастығы өткен мекен. Бүгінгі ұрпақ біздер ырысты өлкенің тарихын қастерлеп, ескерткіштерді құрметтеу парызым деп білемін. Атланта олимпиадасының жеңімпазы, Баркер кубогінің иегері, боксшы В.Жиров Балқаш қаласының атын әлемге тағы бір қырынан танытты. Ұшқыш–космонавт В.Ланчаков, күміс көмей опера әншісі Э.Епонешникова, ҚазКСР-і еңбек сіңірген әртісі, шертпе күйдің шебері М.Хамзин, «КСРО Халық әртісі» К. Байсейтова және басқа өнер тарландары біздің мәңгі мақтанышымыз.

Балқаш – еңбеккер қала, достық қаласы, даңқтың қаласы. Туған жерім туралы кітаптарды көп оқимын, ендігі болашақтағы арманым сапалы білім мен саналы тәртіппен оқуымды аяқтап, туған жеріме қызмет етсем деп ойлаймын. Осындай көрікті қалада туғаным мен қуанамын, өз өлкемнің тарихын мақтан етемін.

Прохорченко Ева

6 класс, гимназия имени Т. Аубакирова
г. Темиртау

Моя родина Казахстан

Я живу в маленьком городе Темиртау. Он очень красивый и спокойный. Мои дедушки и бабушки жили здесь издавна. А еще в Темиртау жил и работал наш Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев. Благодаря ему, наша страна стала очень процветающей, счастливой. Мои самые любимые города - Астана и Алматы. Эти города очень необычные, интересные. Я неоднократно была в этих городах. Астана мне нравится за ее достопримечательности, а еще за то, что это очень современный, цветной город с оригинальной архитектурой. А Алматы я люблю за ее белоснежные горы и за то, что там зимой очень тепло. Но в Астане моя семья бывает чаще, чем в Алматы. Мы любим бывать в Ханшатыре и смотреть на Байтерек, особенно ночью, когда он сияет всеми цветами радуги. В Алматы моя семья катается на лыжах и сноубордах. Я и мой брат устраиваем соревнования, кто быстрее спустится с горы, я на лыжах или он на сноуборде. Мы спускаемся одновременно быстро. А еще мой папа купил снегоход. И зимой мы гоняем на нем в степи, один раз мы застряли, но пока мы откапывались, я увидела лису, охотящуюся на беленького зайца. Это

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

было так необычно и увлекательно. Я очень много путешествую по миру, мне это нравится. Мы семьей были в Америке, Англии, Германии(в Баден-Бадене). Там хорошо. Но когда я возвращаюсь домой, сразу такое ощущение облегчения , бодрости и радости. Ведь в гостях хорошо, а дома лучше. Я люблю Казахстан за его необъятные просторы и красоту степей. У Казахстана много национальных символов. Они были приняты в 1992 году. Мой любимый символ- это флаг Казахстана. Потому что я очень люблю голубой и золотые цвета, а моя любимая птица орел, символ свободы и высокого полета. У Казахстана обширная и интересная история и очень много национальных праздников. Мой любимый праздник - наурыз. Наурыз – это очень веселый праздник, мы празднуем его со своей семьей. К сожалению, я не владею хорошо казахским языком, но многое понимаю, могу немного общаться с некоторыми одноклассниками. Казахский язык для меня не слишком легкий в изучении, но я проявляю настойчивость и терпение в овладении им. Мне нравится казахская музыка, в одном только кюекүйші мог описать все что угодно: и снежные горы, и красоту степи, и жизнь людей. Современное музыкальное творчество Казахстана очень разнообразно, но я предпочитаю песни в исполнении таких певцов, как Беркут и Аиша, Бейбут. Когда мы ездили в Америку к знакомым, мы везли для них казахские сувениры, которым они были больше рады, чем дорогим подаркам.

Мне нравится жить в Казахстане. Я считаю, что моя родина величественная, сильная, неповторимая и очень красивая.

Райым Ақерке

8 сынып, №2 ЖББОМ

Теміртау қаласы

Жетекшісі: Азирбаева Г. К.

Қазақтың салт-дәстүрлерінің маңызы

Қазақтың салт-дәстүрлері ежелден келе жатыр. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Қоғамдық ұйымдар мен адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен өте тығыз байланысты, сол себепті мәдениеті жоғары дамыған ел- дәстүрге бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, шындық озық дәстүрлерге жатады. Дағды, әдет-ғұрып деген ұғымдар адамның мінезі және қанға сіңген қылықтарды білдіреді. Уақыт өткен сайын салт-дәстүрге өзгеріс енген. Салт-дәстүр қазақ үшін бұлжымас заңға айналған.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Әдет- ғұрып. Замандар бойы сыннан өтіп келеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата бабадан әулетке мұра болып ауысып, ұрпақтан- ұрпаққа жетіп келген. Онсыз халық болымсыз тас мүсін тәрізді. Қазақтың балаларын үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарауға кішкентайынан бастап үйретеді. Қарттарға деген құрметілігі сонша – отбасында бір қиын мәселелер туындап калса, бәріде ата немесе әжелердің, жалпы айтқанда көпті көрген қарттарымызға көмегіне жүгініп, сөзіне мән беріп тындайды. Ата-аналарымыз кішкентайымыздан «егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды» деген нақыл сөзді миымызға құйып өсірді және әлі күнге дейін айтып жүреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, жас адам түрегеліп бас иеді және әзіл қалжындар тыйылады.

Ғұрып. Қазақ халқының ұлттық болмысы мен мінезінде, жадында ата-баба ұлы істерінің жақсы үрдісін сақтау және оны дамытуды көздеген, мақсат еткен. Мұны ғұрып дейміз. Ғұрыптың адам санасы мен тәрбиесіне қосқан үлесі өте зор. Ел ішінде мұны сақтап ұрпақ санасына сіңіріп отыратын аталарымыз мен билеріміз, ел ағаларымыз, молдаларымыз, шешендеріміз болған.

Салт-дәстүр түрлері:

Сәлемдесу. Әр елдің өзіне тән амандасу мәнері мен ережесі бар. Сол сияқты біздің елде сәлемдесудің өте сыпайы түрі тараған. Мысалға, жасы кіші адам жасы үлкенге «Ассаламағалейкүм!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкен кісі оған «Уағалайқұмассалам!» деп жауап береді. Тек сәлемдескеннен соң егжей-тегжейлі аман-саулық сұрасады. Осылай сәлемдесу тіпті бірін-бірі танымайтын адамдар үшін де міндетті болып саналады. Осы амандасуға байланысты қазақта өте көп мақалдар мен ырымдар бар соның бірі: егер амандық сұраған адамға, саулығын айтпай немес амандаспаған адам күнәһар болып саналады, - деген сияқты ата-бабаларымыз сәлемдесуге көп мән берген.

Той. Дүние жүзі бойынша барлық халықтар той жасайды. Қазақ халқының өмірінде «той» ежелгі заманнан бастап үлкен орын алған. Мысалы, қыз ұзату, үйлену, шілдехана, сүндет тойлары. Қыз ұзату, үйлену, сүндет тойларына балуан күрес, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық ойындар өткізеді. Тойдың жақсы дәстүрлері бүгінге дейін жақсы сақталған. Қазақтың үйлену тойында міндетті түрде жар-жар айтылады.

Айттыру - бұл салт қызға құда түсу алдындағы дәстүр. Бірінші жігіттің әкесі қыздың басы бос екенін, әке-шешесінің қарсы емес екендігін біледі. Содан соң қызды ресми түрде айттырады. Бұрынғы салт бойынша қызға жігіттің, жігітке қыздың есімін ататады. Той қамы, үлкен кісілерге беріледі.

Беташар. «Уә әлеумет! Беташарды тыңдайық!». Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі бойынша жасалмай келінді ешкім көре алмайды ғой. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс туғандар қатысады. Жас келіннің екі жағында сол отбасының екі келіндері тұрады.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

«Беташар» жыры айтылып отырғанда, келін оның атасына, енесіне, оның басқа туыстарына таныстырылып, келін оларға сәлем салады. Сәлем салған адамдар «көрімдік» ретінде ақша береді. Бет ашатын жігіт жырды желдірте, көңілді көтере жыр төгуі керек. Мысалға:

Келін келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Анау мынау деменіз,
Түсін айтып қойыңыз,-

деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл қалжындарын араластыра «көрімдік» сұрап, жұртты көңілді күлкіге қарық қылады. «Беташар» тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін салтанатты, ажарлы дәстүрлердің бірі.

Жаңа әулеттің табалдырығын аттау. Қазақтың салт-дәстүрлері бір болғанымен, Қазақстанның әр қаласында әр қилы етіп жасайды. Кейбір қалаларда жас келін жаңа отбасының табалдырығын аттағанда ол, барлық уақытта да бәйек болуы тиіс, себебі оның күйеуінің жолдастары келіп, келінді сынамақ ниетпен қалжыңдаса бастайды.

Дәстүр бойынша ол келген жолдастарымен сөйлесуі және сұрақтарына сақтықпен жауап беруі керек. Жас келін қайын атасы мен енесінің қадағалауы бойынша адамдарды жақсы ниетпен қарсы алып, қабақ шытпауы керек.

Шашу. Жаңа туған нәрестенің, жаңа түскен келіннің тойына барғанда, қуаныштың белгісі ретінде құрт, кәмпит, өрік-мейіз шашады. Шашуды жастары үлкен әйелдер, әжелер шашады да, оны балалар теріп алады. Қазақтардың ежелгі дәстүрі бойынша, қуанышты той жасаған отбасының үйіне оның жақындары «тойға шашу» деп, тәтті тағамдар әкеледі.

Бала тәрбиесі. Қазақтар бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Қазақтың тәрбиелік үлгі-өнегелері ұрпақтан -ұрпаққа ауысып отырады.

Адам жасы кіші үлкендерге бірінші болып сәлем береді. Алға келген астан алдымен жасы үлкен адам, содан кейін жасы кіші адамдәм татады. Тамақ ішіп отырғанда адам көп сөйлеуге болмайды. Бұл балаларға жақсы тәрбие, үлгі-өнеге. Халық даналығы балаларды еңбексүйгіштікке, алды-артын андап сөйлеуге, сақтыққа, адамгершілік қасиеттерге баулиды. Мәселен, «Аққа Құдай жақ», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Жақсыда жаттық жоқ», «Жаман үйді қонағы билейді», «Жақсы жігітке жеті өнер де аз» сияқты мақалдардың тәрбиелік маңызы өте зор.

Айдар. Бұл салтта ұлбалалардың төбе шашын моншақ араластырып өріп қояды. Бұл ғұрып негізінен ер балаға жасалады. Мұны «айдар» деп атайды.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Тұсау кесу . Баланың аяғына ала жіппен немесе қойдың піскен майлы ішегімен байлап, бала-шағалы, аяғы жеңіл, ақкөңіл адамға кескізеді. Тұсау кесу құрметіне тағам дайындап, көршілерді жинап, жеңіл-желпі құрмет көрсетіледі. Тұсау кескен адамға сыйлық беріледі. Негізінен бұл салтта бала 11-12 айлығында немесе 1 жасында жүре бастаған кезде жасалады.

Сүйінші - қуанышты хабар әкеліп айтушыға берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте дүниеге келгенде, келін түскенде, жоғары атақ берілгенде, үлкен сыйлық алғанда қуанышты хабарлаушы адам сүйінші сұрайды, сол кезде бағалы зат немесе ақша берілуі керек. Сондықтан бұл салтты «сүйінші» деп атаған. Сыйлық - құрмет сыйластық көрсету, ол барлық ел арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Бұрын қазақтарда мәртебелі, дарынды акын-әншілерге, құдаларға сыйлық берілген. Сыйлыққа түйеге, атқа мінгізіп, шапан жапқан немесе бағалы заттар берген. Ал қазіргі кезде озат адамдарға, үздік спортшыға ақшалай сыйлықтар беру әдетке айналған. Қазақтарға дәстүрлі қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Олардың бұл қасиеті көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Жалпы қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет екендігін айқындап тұр.

Қымызмұрындық - қымыз ашыту маусымы басталуына байланысты. Ауыл адамдары бірін-бірі шақырысып, қымыз ішер алдында дастарқаннан тамақ жеседі. Қымызмұрындыққа шақырған үй иелеріне ауыл ақсақалдары бірінші батасын береді екен.

Үйге келген қонақ оларда әрқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез келген жатжерлік адамның өзімді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз уықтай беруіне әбден болады.

Қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден орын алды. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетудің дәстүрлі әдет-ғұрпынан бас тартса, әлгі бейтаныс жолаушы үй иесінің үстінен биге барып, шағым айтуға құқықты болған. Ал би қонақжайлылық әдет-ғұрыпты бұзған үй иесіне ат-тонын алып салатын. Әдетте мұндай келеңсіз оқиға қазақтардың арасында өте сирек кездеседі.

Сыбаға - қазақтың ежелден келе жатқан кәделерінің бірі. Соғым кезінде ауыл адамдары бір-біріне сыбаға берген. Сыбаға келген үй әкелген сыбағаға көрші-қоландарын, жақын туыстарын шақырады. Сыбаға әкелген табаққа тиісті сыйлығын салып қайтарады. Көбінесе отау үйдің адамдары қара шаңыраққа немесе жасы үлкен адамдарға сыбаға береді.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Бата беру.Қазақтарда бата беру әдет-ғұрпы бұрыннан келе жатыр. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті боп саналатын. Бата поэтикалық тілмен жалпы айтқанда жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге Жаратушы Алладан жақсылық, табыс,бақытты өмір, денсаулықты тілейді. Батаны жасы үлкен адам беруі тиіс. Бата екі қолды алдыға қарай жоғары созып, екі алақанды өзіне қарата бұрып беріледі. Бата «әумин» деген сөзбен аяқталады.

Бата адамдардың лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, жақсыәрі қайырымды істерге баулиды. Қандай да бір іске кірісерде, дастарқаннан дәм татып отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда әркім ақсақалдардан бата алып жүрген. Бата шаңырақ көтерген, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, жақсы жетістікке жеткен қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты, бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезіде бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған түлектеріне де ізгі тілектер білдіріледі.

Қорыта келгенде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақ халқының салт-дәстүрі және ежелден келе жатқан ырымдардың тәрбиелік жағынан болашақ ұрпаққа маңызы өте зор.Біздің міндетіміз сонау ата-бабамыздан келе жатқан осы салт-дәстүр мен ырымдарды өз орнында орындап, насихаттап, маңызын жоғалтпай келешек ұрпаққа жеткізе білу

Рымбаева Ажар

1 сынып, Ә. Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ

Жетекшісі: Сұраған А.С.

Сүйікті пәнім - Ана тілі!

Мен алты жасқа толдым, енді мектепке барамын, мына кітаптардың барлығын оқимын деп алғашында қуанышым қойныма сыймай сол күнді қатты асыға күттім. Бірақ та кітаптарды ашып көріп, оның ішіндегі суреттерге қайта-қайта қарап, анашым мына кітаптардың барлығын оқимыз ба? Оңай бола ма? деген сұрақтар күнде мені мазалай бастады.

... Алғашқы қоңырау, қолыма бір шоқ гүл алып мектепке әжеммен бірге бардық, бәрі де қызықты, бәрі де көңілді болды. Алғашқы ұстазымды көрдім. Ұстаз маған, Қадамың құтты болсын! деп басымнан сипады. Сыныпқа келдік, қолымда әліппе кітабы. Екінші күннен бастап сабақ басталып кетті...

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Әріптерді үйрене бастадық. Күнде жұлдызшаларды алып мәзбіз. Сөйтіп жүріп әліппемен де қоштасатын уақыт келіп қалыпты. Алғашында қорыққан менің ойыма, осы уақытта әжемнің «Көз қорқақ, қол батыр» ертең-ақ үйреніп кетесің, деп мадақтау, мақтау сөздерін әлі де жиі айтады. Екі тоқсан бітіп үшінші тоқсан да басталып кетті...

Туған тілім – бабам тілі - өз тілім!
Туған тілім – анам тілі - өз тілім!
Туған тілім – далам тілі - өз тілім!
Туған тілім – адам тілі - өз тілім!-

деп ана тілі оқулығының алғашқы парқтары осылай басталған. Алғашында кітапты қолыма алып, анашым мына кітаптың барлығын оқимыз ба? Бір жылда екі кітап деп таң қалған менің ең сүйікті пәнім Ана тілі пәні болды. Себебі, ұстазымыз сабақты өте қызықты өткізеді. Оқулық ішіндегі өлеңдерді, тақпақтарды да жылдам жаттап аламын, түсінбеген сөздерімді де анам мен әжемнен сұрап отырамын. Ол кісілерде маған үйретуден жалыққан емес. Ана тілі кітабы өте қызықты. Менің бос уақытымдағы хоббиім де осы ана тілі пәніне деген қызығушылығымнан басталды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші әр елдің азаматы өз ана тілін білуі керек. «Білім инемен құдық қазғандай», «Білікті бірді, білімді мыңды жығады». Мақал- мәтелдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды, нақыл сөздерді тіпті салт- дәстүрлерді арнайы бір дәптерге жазып алып жүремін. Себебі болашақта маған қажет болады. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы біздің қолымызда. Сондықтан да Туымыз биікте желбірей берсін!

Сабырбаева Аяна
9 класс, школа №85
г.Караганда

Тебя, родной мой Казахстан, тебя воспеть хочу!

Что такое Родина для человека? Страна, государство, где он родился и вырос, где жили его предки. Родной язык, привычки, нравы. Народ, среди которого он свой. И ещё что-то большее, невысказанное... Моя большая Родина – Казахстан. Всю её узнать, увидеть невозможно, но для каждого она дорога тем, что где-то в ней есть место, где родился, узнавал мир...

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

«Человек – существо нравственно осёдлое», - в одной из статей писал Д.С.Лихачёв. Это означает, что в жизни каждого человека есть духовные корни, которые связывают его со страной, её прошлым, настоящим и будущим, не дают ему стать духовным «манкуртом». Именно поэтому уже в раннем детстве в ребёнке воспитывается чувство любви к родине.

У каждого из нас она начинается с малого: родной дом, родная улица, родной город. Моя Родина начинается с Караганды, небольшого, но самого красивого для меня города. Именно здесь проходило моё беззаботное и радостное детство. Для маленькой девчонки город казался гигантом, а сама я – маленькой частицей большой жизни. Улицы, наполненные шумом машин, аллеи, засаженные пёстрыми цветами, парк, который я больше всего любила за то, что сюда приходило много- много детей, таких же смеющихся, как и я, - всё это доставляло мне необыкновенное удовольствие.

Со временем пришло осознание того, что мой город – это частица большого государства. И сегодня я с гордостью говорю: «Моя родина – Казахстан». Я люблю его вместе с многонациональным населением, огромными богатствами, достоинствами и недостатками:

У нас с тобой, страна моя,
Одни леса и реки,
Одни враги, одни друзья,
Одна страна навеки, -

эти слова Ж.Молдагалиева созвучны моим чувствам, ведь в каждом человеке отражается жизнь его страны, которая берёт начало в далёком прошлом.

«Плох тот народ, который не помнит, не любит и не ценит своей истории», - эти слова В.М. Васнецова актуальны и в наши дни.

Книга истории моей страны богата как светлыми, так и трагическими страницами. Давайте перелистаем самые яркие из них.

VII век – начало истории Казахстана. В древности территорию нынешнего Казахстана населяли тюркоязычные племена, которые постоянно объединялись и вновь распадались, образуя раз за разом новые государства. Каждое последующее поколение, учитывая ошибки предшественников, старалось сформировать новое, единое, целостное государство. И, наконец, объединившись, все племена образовали Казахское ханство.

Не менее памятной страницей стали годы колониальной зависимости. Реформы, не всегда учитывающие специфику традиционного образа жизни, вынуждали казахов с оружием в руках отстаивать то, что было для них

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

превыше всего - свою свободу. Имена Сырыма Датова, Амангельды Иманова, Кенесары Касымова навсегда останутся в памяти потомков.

В это же время лучшие представители интеллигенции посвящают свою жизнь духовному и культурному просвещению казахского народа. В их числе Абай Кунанбаев, Ибрай Алтынсарин, Шокан Уалиханов.

Нельзя не вспомнить ещё одну дату, с которой начался новый этап в истории Казахстана - Октябрьская революция 1917 года. С этого времени история моей страны переплетается с историей всего Советского Союза. Казахстан – одна из пятнадцати республик СССР.

Годы индустриализации и коллективизации, кровавые дни Великой Отечественной войны, освоение целинных и залежных земель – всё это не допускает однозначной оценки...

Книга истории пишется и в наши дни. Летопись современной жизни начинается с 16 декабря 1991 года. В этот день Казахстан объявил себя независимым суверенным государством.

Любое государство, как и человек, имеет День рождения. Для нашей республики этим днём принято считать 16 декабря. Ежегодно по доброй традиции мы празднуем эту яркую дату. Подводя итоги прошедшего года, казахстанцы строят новые планы, стремятся к выполнению более сложных задач. И нам уже есть чем гордиться. Мы, как независимое государство, имеем собственные символы: гимн, флаг и герб, в основу которых заложены любовь и стремление к свободе. Казахстан является одним из немногих государств бывшего СССР, которому удалось избежать ужасов межнациональных конфликтов. Моя страна – это государство, где жизнь человека ценится превыше всего.

Наш Казахстан идёт по пути рыночной экономики. Правильность выбранного пути подтверждают высокие темпы развития промышленности. Большим достижением можно считать то, что основная часть пятнадцатимиллионного населения – люди среднего достатка. О многом говорят международные отношения, которые поддерживает государство с самыми развитыми странами мира: Америкой, Германией, Францией, Японией. Казахстан помнит время, когда он являлся частью большой, единой семьи, состоящей из пятнадцати республик, поэтому ведёт политику добрососедства со всеми странами бывшего СССР.

За 22 года своей независимости Казахстан прошёл путь, который другие государства преодолевали десятилетиями. Во многом это стало возможным благодаря нашему Президенту. Он оправдал доверие народа. Многие поставленные им задачи были успешно решены. Новое тысячелетие требует новых планов. Каждый человек видит будущее Казахстана по-своему. Есть своё видение и у нашего Президента. Оно раскрывается в Послании Главы

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». В нём Лидер нации поделился своими мыслями о том, какой он видит страну в будущем и какой путь предстоит нам пройти, чтобы к 2050 году успешно реализовать поставленные задачи.

По словам Президента, «Стратегия – 2050» была принята для того, чтобы казахстанцы крепко держали в своих руках штурвал будущего своей страны. Нет никаких сомнений в том, что выбранный вектор снова приведёт страну к успеху. Ведь такое постоянное, долгосрочное, преемственное планирование и разработка стратегии уже позволили достичь государству нынешних высот.

Успех этот сложился из трёх главных составляющих – единой чёткой выверенной научной стратегии, подкреплённой конкретными задачами на конкретный период. Бесспорна роль грамотного, дальновидного лидера, умного политика, глобально мыслящего стратега, который смог спрогнозировать блестящее будущее этой страны и повести народ за собою. Третьим составляющим успеха стал мудрый, толерантный казахстанский народ. Это единение основало крепкий фундамент, с которого мы сегодня уверенно смотрим вперёд – в 2050 год.

Наша задача – не менять взятого курса и всем вместе, поддерживая политику нашего Президента, продолжать строить независимый Казахстан.

XXI век – это век нового поколения, которому предстоит стать опорой молодого государства. Мы осознаём свою ответственность, поэтому сейчас уделяем большое внимание учёбе, стараемся приобрести максимум знаний. Государству нового тысячелетия необходимы квалифицированные, активные люди. Через несколько лет в наши руки передадут управление государством, от нас будет зависеть его будущее. Какая судьба ждёт нашу Родину: расцвет, процветание или что-то другое – вся ответственность лежит на поколении нового времени. И мы постараемся быть достойными детьми своей славной страны.

Родина! Настал наш черёд повторить трудовые подвиги наших отцов и дедов. Мы отдадим тебе все свои знания, свою любовь, жар молодых сердец. Я желаю тебе, моя страна, доброго и светлого пути!

Цвети, мой Казахстан, живи в мире и согласии. Новое поколение обещает тебе хранить память о прошлом своей страны, посвятить жизнь её настоящему во имя нашего общего будущего.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Сагындыков Дияр

3 сынып, №76 орта мектеб

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Киргизалина А.С.

Менің Отаным

«Отаным» деген жас жүрегімнен шыққан асыл сөзді мақтанышпен, асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында осынау арман еткен заманға тер төге, көп күш жұмсай жеткен елімді мақтаныш етемін. Талай жылғы ұлы дүбір, дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік пен теңдік есігін айқара ашты. Еліміздің күні оңынан туып, жарық жұлдыздар шоғыры ұлттық намыс пен арымызды тудай желбіретті. Әрине, бұл күн оңайлықпен келмегені белгілі. Еліміздің арыстары талай жылдар басын тау мен тасқа ұрып, тар жол тайғақ кеше жүріп, еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары. Айта берсе жалғаса берер елінің асыл ұландары, асқақ рухты азаматтарының ерен ерлігінің арқасы деп білемін. Еліміздің көгінде тәуелсіздік туы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды, өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеді, халқымыз еңсесін тіктеп жарқын болашаққа қол созды. Содан бері атқан оқтай зулап, табандатқан 22 жыл өтті. Қазақстанның жиырма екі жылдық ғұмырына көз салсақ, ауыз толтыра айтарлықтай, көкірегіңді мақтаныш сезімі кернеп еске аларлықтай жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған жаңа белестері бар. Бүгінгі Қазақстан Астанасын бас қала етіп, дамыған мәдениет пен экономиканың, білім мен ғылымның орталығына айналдыра, елінің тұрақтылығы мен бірлігін сақтап, дүние жүзіне танытуға күш салуда. Бұған мемлекетіміздің Біріккен ұлттар ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болып дүние жүзі елдерімен тығыз байланыс орнатуы және осы жолда атқарып жатқан қыруар істері дәлел бола алады. Кемеңгер Елбасымыздың «Қазақстан – 2050» бағдарламасы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте Қазақстан мемлекеті дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деген сенімдемін. «Отан - оттан да ыстық» деген дана халқымыз, адам баласының жүрегінде ең бірінші, ақ сүт берген туған анасына деген сезім орын алса, екінші, Отанға деген жалынды, ыстық сезім орын алады екен. Мен өз Отанымды, туған жерімді, құдіретті елімді сүйемін және мақтан етемін. Өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

болса да үлесімді қосамын деп ойлаймын. Барша Қазақстандықтарды елімнің мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, ашық аспан көгінде қалықтаған қырандай еркіндік пен даму, асқан бақыт және шексіз қуаныш, биік белес пен шығар шың тілеймін.

Сағындық Нұрхат

2сынып, Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектеп
Жетекшісі: Сұраған А.С.

Қазақ елі

Қазіргі қазақ елі қандай бақыттысың! Аспаның ашық, жерің байтақ. Осыншама кең жер мен алтынға теңер табиғи байлығың бар. Ешкімнен қорықпас егеменсің. Бұдан артық мен үшін мақтаныш сезімі жоқ. Әрбір адам, елін сүйген, елі үшін мақтанып, елі үшін жан күйдірген адам. Өз елі жайлы әңгіме болғанда жүрегі тебіренбей тұра алмайды. Қазақстан – Еуразия материгінің қақ жүрегінде орналасқан тамаша, бірлігі мен достастығы берік мемлекет. Қазақстан – тәуелсіздік жолында көптеген қиындықтар, ызғарлы, қара күндерді басынан өткізді. Ал бүгінгі күнде еліміз – алдағы дамушы елдердің бірі. Тәуелсіздік алғалы еліміз тез бой көтеріп, еліміздің ұлттық валютасы, әнұранымыз, байрағымыз, өз елтаңбамыз бекітілді. Сонымен қатар еліміздің бас қаласы Астанамыз бой көтерді. Дүние жүзінде елбасымыз Н.Назарбаев білікті саясатшы, ақылдылығы мен азаматтығы тең түсіп жатқан тәжірибелі басшы, халықтың болашағын болжай білетін көреген және қазіргідей алмағайып кезеңде елдің бірлігін сақтап, тұңғыықтан жарқын кезеңге алып шығар Президент ретінде бағаланады. «Сан ғасырлар бойы қазақ халқының күш жігері даму жолында емес, тәуелсіздік жолында жұмсалып келді. Мүмкіндіктер бізде әрине бар. Бүгінгі күні қазақстандықтар өз-өздерінің тағдыры мен бас бостандықтарының иелері... Жаңа ғасыр Қазақстан тарихының алды болады. Бұл ғасыр бейбітшілік пен жасампаздықтың нышаны болып біздің тарихымызға енеді.» Халқымның болашағы қалай болмақ деген ой жиі мазалайтын болар. Осындай ақылды, жігерлі Елбасы барда бойымызды тік, аяғымызды нық басуға болады. Міне бүгінгі күнде Елбасымыздың бастауымен біртіндеп елу елдің қатарына қосылудамыз. Бұл бастама жаңа жас мемлекетке үлкен жетістік.

Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен алған тәуелсіздігімізді Елбасымызға мұра еткендей. Менің ойымша Елбасымыз жасаған ерліктері мен данышпандылығын ұрпақтан ұрпаққа қалып отыратын сарынды дәстүр болып сақталатын сияқты. «Ел болғың келсе бесігіңді түзе» - деген қазақтың асыл

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

сөзін Елбасы ертерек түсінген, оған дәлел «Мен жастарға сенемін» ұраны. Елбасымыздың осындай сенімін біз келешек ұрпақ терең түсініп, өмірлік міндетіміз бен мақсатымызға алған жөн.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Бұл есімді кішісі мен кәрісінің барлығы біледі. Сеніммен, үмітпен өзінің уайымын, дауасын, қуанышын Қазақстан Республикасының халқы өздерінің көзқарастарымен білдіреді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тап осы Нұр аға біздің мемлекетіміздің және халқымыздың тәуелсіздік жолындағы жаңа жаңғыруының, тәуілсіз, зайырлы мемлекетте тұрамын деп жар салатын, болашаққа нық сеніммен дұрыс жолға бастау алып, тұғырын биік көтеріп қарайтын намысты азаматтардың куәгері мен алға бастар басшысы.

Менің ойымша, ең бастысы – бұл кең байтақ қазақ жерімізде бейбітшіліктің орнауы. Сол себепті біз достық пен түсіністікті сақтауымыз қажет. Осы мақсатта қанша күш-жігерін біздің елбасымыз сіңдірді. Нұр ағаны біздің халық мақтан етеді, аса бағалайды. Әрқашан Қазақстан халқының пікіріне құлақ шалады, халықпен үздіксіз байланыста болады. Нұр аға ұлы ойшыл, өз елінің жарқын болашағының нағыз жақтасы.

Елбасының қатты дәйекті саясатының арқасында, Қазақстан абыройлы және дамушы мемлекеттер қатарына қосылды. Біз болашаққа нық қараймыз, ал болашақ – біздің қолымызда.

Қазақстан – менің елім, ол әрдайым Қазақстан азаматтарының жүрегінде. Мен ҚазақЕлінің азаматымын!

Садирбекова Мадина

11 сынып, №68 мектеп

Октябрь ауданы, Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Әбілғазин С.И

Шарықтап шыңға шыққан Қазақстан

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!

Отан. Атамекен. Атажұрт. Тарих. Бұл қай құлаққа да жағымды естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды.

Қазақ елі тарғалаң тарихты бастан кешкен батыр халық. Оның батырлығы да, елдігі де бір күндік жеміс емес. Тәуелсіздік жолында сан қилы заманды өткерген Қазақстан-бүгінде үлкен жеңіске жетіп отыр. Еліміз

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Тәуелсіздік жолында тарғалаң тарихты бастан кешірді. Біз бейбітшілік төріне оңайлықпен шықпағанымыз айтпаса да белгілі. Қазақ- ержүрек те намысшыл халық. Ел басына қиын қыстау күн туғанда ата-бабамыз намыс отын жағып, туған топырағын шырылдап жүріп, ештеңеден тайсалмай қорғағанына өткен тарих та, кешегі сұрапыл заман да күә. Сондықтан да ержүрек ағаларымыз бен апаларымыздың рухын құрметтеу әр қазақ азаматының борышы. Жүрегі «қазағым» деп соғатын, «елім» деп тыныстайтын қазағымның ұландары барына балаша қуанамын. Оларға сенемін де!

Қазақстан-қазақ халқының ата -баба мекені, ежелгі қонысы. Қазақстан- болашағы жарқын ел. Жерімнің көркіне таңырқап, тамсана қарауға ешбір жалықпаймын. Білектің күшімен, найзаның ұшымен қасық қандары қалғанша аянбай күрескен ел жанашырлары да аз емес. Бүгінгі Қазақстан сол халық зиялылыларының, халық батырларының жемісінің айнасы.

Міне, бүгінде еліміз зор табысқа жетіп, жиырма екінші рет көк аспанымыздың төрінде тәуелсіздік әні шырқалды. Қанаты талмас қырандай уақыт ағынымен бірге жылжып, күннен күнге өрлеген - Қазақстан!

Қазағым менің өрлесін,
Жамандық енді көрмесін.
Қызықта қайнап қазаны,
Бақыт құсы төрлесін!

«Ұлтқа құрмет жөргектен» демекші, азат еліміздің асыл ұрпағы да ертеңі де біздерміз! Ертеңгі Қазақстан елінің қабырғасын қалайтын мына сен, келер ұрпақ! Қазақстан-құс ұшса қанаты талатын байтақ мекен. Күн санап елмен бірге жасап келе жатқан бақыт ошағы. Дүние жүзін дүрліктірген үлкен монархия іспеттес.

Арман, тілек айтылады бар сырым,
Өзіңменен ұштасады ғұмырым.
Мен кәдеңе жарап жатсам қазағым,
Тәуелсіздік асқақтаған тұғырым!

Осы күнге дейін жету халқымыз үшін ауыр болғаны сөзсіз. Тәуелсіздіктің мәні мен маңызы еліміздің ілгері жылжуына мол септігін тигізді. Еліміз өз алдына дербес мемлекетке айналды.

Қазақ елі тәуелсіздік күнін бақыт құсына балап, оны сан ғасырлар бойы армандап келді. Сол құс аспанымызда бүгінде қалықтап, қанатын кең жаятынына еш күмәнім жоқ. Себебі «Бірлік түбі-тірлік» демекші,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

барлығымыз да бір кісідей жұмылсақ, аспайтын асуларымыз, бағындырмайтын қамалдарымыз болмас.

Тәуелсіздік үшін арпалыста намысшыл аға-әпкелеріміздің жүрегіне батыр бабаларымыздың батыр рухы дарып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, көк темір құрсаған мыңдаған әскерлерге қарсы шығып, өр мінез танытып, келешек ұрпақ үшін талай қан майданда жанқиярлықпен күрескенін білеміз. Еркіндікке ұмтылған халық арманын ешкім де өшіре алған жоқ. Ұзақ жылдар бойы халқының еркіндігіне, игілігіне бүкіл күш-жігерін аямай жұмсаған абзал жандарымыздың есімдері қайта оралды.

Тәуелсіздік-халықтың үні, ұлттың тілі мен діні. Тәуелсіздік-халықтың тойы, елдің тойы. Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасында еркін көсілген Қазақстан- біздің мәңгілік еліміз. Біз шекарамызды шегендеп іргемізді бекіттік. Көршімен тату, алыспен сыйлас, ісі ілгері басқан жасампаз ел бола білдік. Қазақ үшін байлық та, бақ та- ынтымақта ғой. Менің ойымша, ұлтымыздың бірлігі- татулыққа, тұрақтылыққа темірқазық болып тұр. Біздің туған еліміз бейбітшіліктің бесігіне айналғанын барша ел мойындауы тиіс. Мен тәуелсіздікпен бірге түлеген төл мәдениетіміз бен туған тілімізбен мақтанамын! Азаттықпен бірге ұлттық рухымыз да асқақтады. Ата дініміз оралып, ана тіліміз төрімізге орнады. Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі ғана емес, түркі әлемінің жетекші тілдерінің біріне айналып келеді.

« Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау жиырма екі жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді»- деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, егемен Қазақстанды бүгінде бүкіл ел таныды.

Жиырма екі жыл ішінде Қазақстан таңқаларлықтай үлкен жеңіске жетті, беделді мемлекеттердің қатарына ілікті. Не бары жиырма екі жылда еліміз тіл жетпестей көркейіп, бір көруге құштар арманға айналды. Алаштың қазынасы – Астана болды. Елордамыз күннен күнге биіктен көріне береді. Бұл ешкімнің қолынан келе бермейтін осынау ерлікті жасаған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерлігі.

Елімнің патриоты ретінде бақытты өмірге халықты адастырмай апаратын, жалғыз ғана жарық жұлдызымыз, темірқазығымыз бар - ол біздің тәубе ететін, тәу ететін ұлы Тәуелсіздігіміз деп нық айта аламын. Себебі, Тәуелсіздігіміз жасампаз халқымызға сарқылмас қуат беретін, көзіне нұр, көңіліне шуақ беретін кәусар бұлағамыз. Мен кемеңгерлігі мен көрегендігі, бірлігі мен бірегей мақсаткерлігі қатар өрілген мәңгілік елімді, қазақ елімді мақтан тұтамын! Тәуелсіздіктің туын тігіп, оны баянды ету бағыты біздің маңдайымызға жазылды. Қазақ елі мәңгілік елдің іргетасын қалады, мәңгілік елдің мәңгілік жүрегіне айналған Астанамызды тұрғызды. Мәңгілік мызғымас

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

экономика қалыптастырып, өшпес мәңгілік болашаққа жол салды. Осының барлығы Тәуелсіздігіміздің тартуы, азаттығымыздың асыл қазынасы деп білемін.

Елім үшін суға түсіп, отқа күйем,
Тәуелсіздік тәу етер жалғыз киём.
Шарықтап шыңға шыққан елімді,
Қолдасыншы әрқашан Тәңір ием.

Садыкова Тоғжан

10 сынып, М.Горький атындағы мектеп-гимназиясы
Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосы
Жетекшісі: С.Д.Тажиеков

Шежіре тұнған сырлы өлкем

Қасиетті қазақ даласы! Бабамнан қалған қастерлі мұрам, кіндік қаным тамып, ес біліп етек жиған ардақты атамекенім. Мен өзіңе мәңгілік борыштармын. Осынау жер бетіне шыр етіп дүниеге келген әрбір адамзат баласының тұғыры болған, ес біліп, етек жеңін жиып, ат жалын тартып мінер азамат қылған, бұл дүниедегі мәңгілік тұрағы, туған жері өзгеден гөрі ыстық болары хақ. Сол себепті, қилы ғасырларды басынан өткерген, топырағынан елі мен жері үшін намысын найза қылып, қылышын қанға суарған текті тұлғалар түлеп ұшқан, қойнауына қазына тұнған, тарих беттерін парақтап қарасаңыз өзіндік ойып алар орны бар шежіреге толы Шет өңірі елдіктің үлгісін танытар күдіретті ордам, аяулы алтын бесігім. Ауданымыз сайын Сарыарқаның төсінен оңтүстік, оңтүстік батыс аумағынан орын теуіп 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы округінің болыстарының негізінде құрылған. Жері негізінен ұсақ шоқылы, төбелі, белесті, аласа таулы, қырлы келеді. Оңтүстігінде Балқаш көлі, шығысында Қарқаралы тауларының сілемдері, оңтүстік шығысында Қызыларай таулары мен Тоқырауын өзені, Нұра өзенінің бастауы жатыр. Ауданның орта бөлігінде ақындарға жыр жазғызып, әншілерді тандай қақтырып тебіrentкен Бұғылы, Тағылы, Қотыр, Қызылтау таулары орналасып, Тектұрмас шоқыларымен аяқталады. Қазіргі таңда ауданымыз облыс көлеміндегі 48 елді мекенді біріктіретін 25 әкімдік аумақтық бірліктен тұратын ең іргелі, ірі аудандар санатында. Жерінің қазынасына құмарта көз тіккен қаскөй жауларына жанын аямай ұрыс салған батыр бабаларымыздың ерлігі өз алдына бір төбе. Талды өзенінің бойында Сенкібай батыр, Нұра өзені

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

бойында Абылайханның ту ұстаған батыры Жидебай батыр мазарлары көздің қарашығындай қорғалуда.

Жасыл тулы Жарылғап батыр, ат көтере алмас Сазанбай, Дерібсалы батырлар туралы заманында туған тарихи жырлар ел есінде сақталған. Кенесары ханның қолбасшысы Ақжолтай, Ағыбай батыр ел мақтанышы. Ресей империясына алғаш қару көтерген Кенесары ханның ағасы Саржан Бұғылы тауының бойында жыл жарымнан аса уақыт орда тігіп, елді күреске дайындаған. Кенесарының қамалы да, Кенеханның өзі ғана су ішкен құдық та Манақа бойында Кенехан бойын сергіткен Қарасу да, атасы Абылайхан демалған орын да осы өңірде. Қазақ әдебиеті тарихында «зар заман» ақындарының айрықша танымал тұлғасы Шортанбай Қанайұлы да өмірінің соңғы сәттерін осы өлкеде өткізген болатын. Ақтентек сері серілігімен, жомарттығымен ел аузына іліккен. Атақты Қақпан ақын, Жуасбай, Дияқажы, Бабас, Оқа, Түсетай, Ғаббас, Күмісбек ақындар сөз өнерінің биік шыңы іспеттес. Дияқажы артында «Шахарбану» дастаны қалды. Оқа шежіреде «Абылайхан» атты дастан жазған. Түсетай «Сарыарқа» толғауын қалдырған. 1943 жылы алғашқы Республикалық ақындар айтысында бірінші орын алған Маясар ақын туралы сол кезде М. Әуезов деректі фильм түсірткен екен. Кешегі Кенесары ханмен үзеңгілес болған Бәйсейіт би, Дүйсенбай, Жанқұтты шешен, Қара билер туралы аңыз мол. Арқадағы шертпе күй өнерін аса биікке көтерген, шертпе күйдің бір мектебін қалыптастырған Қыздарбек күйші, оның шәкірттері Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Мақаштардан қалған күйлерге бүгінде бүкіл қазақ тамсанады. Өңіріміз көне заман суреті мен сөйлеп тұрған тарихи ескерткіштердің тілсіз мұрасына аса бай. Егіз қойтастағы үш қабат үйдің биіктігіндей жартас басына қолмен қашалып салынған 72 ұялы дойбының тақтасы әлем тарихында дойбы, шахмат ойынының шығуына жаңа көзқарас тудырады хақ. Ауданымызда осы түрлі тарихи 35 ескерткіш мемлекет қорғауында. Халықтың көңілін көтеріп, мәдениетіміздің дамуына үлкен үлесі бар орталықтағы мәдениет үйі, оның ішінде орналасқан кітапхана, өткеннен сыр шертетін аудандық этнографиялық мұражай халық игілігіне жұмыс атқарып келеді. Ауданның келбеті мен кемелденуіне айтарлық еңбегі сіңген, академик ағаларымыз бен апаларымыз Яхия Әубәкіров, Шәрбан Батталова, Баян Рақышев, Дәурен Сембаев, Жамбыл Ақылбаев есімдері алты алашқа танымал. Сонымен қатар, өмірден ерте озған айтулы ақын Дәулет Рысбайұлы, бүгінде көзі тірі кезінде ұрпақ ұлағатына айналған жазушы ағаларымыз К. Жүністегі, Т. Майбас, ақын, композитор З. Сүйіндікұлы, ақын Т. Амандықұлы сияқты т.б. ағаларымызды айта кетпесек болмас. Ұрпақты инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеп отырған ауданымыздағы жаңадан салынған «Жаңғұтты би» атындағы мешіт, бүлдіршіндердің өмірлік бет

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

алысына бағдар жасайтын, жаңа құрылыс «Нұрдәулет» балабақшасы мен жастардың спортқа бейімделуіне үлкен үлес қосқан «Спорт сарайы» ауданымыздың көркіне көрік қоса түскендей. Жалпы қай жағынан алсақ та ауыз толтырып мақтана аларлықтай ауданымыздың абыройы асқақ, мәртебесі биік. Сол себепті тәңір сиындай болған тәуелсіз Қазақстанымызда емін – еркін тамыр жайып, гүлденіп келе жатқан ауданымыздың келбеті мен керегесі кеңейіп, жылдар өте үлкен қалаға айналып, отанға пайдасын тигізер орда болғанын іштей тілеп, ерінбей еңбек етуге тырысатын боламын.

Даналықтың үлгісі болған Абай атамыз: «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деген екен. Кім білер арман орындалар. Аянбай еңбек етсек сол күннің де ауылы алыс бола қоймас. Алтын бесік атамекенім, ардақты Аюлы – Ақсуым, мен өзінді қадір тұтып, мәңгілік мақтан етем!

Санжарова Аида

3 сынып, №76 ЖББОМ

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Сарсекеева Б.Е

Қазақ жерінің хикметтері, Карлаг оқиғасы

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарның соңында Қарағанды көмір бассейні мен бірге ірге қалаған Карлаг түрмесі салынды. Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай 25 шақырым қашықтықта орналасқан.

Спасск елді мекені қазір еліміздің ішкі әскерінің бөлімшесі орналасқан маңызды нысана болып саналады.

Осыдан жарты ғасыр бұрын Спасскіде Карлагтың әскери тұтқындарға арналған арнайы түрмесі ашылды. Қарағанды көмір кеніштерімен Жезқазған, Балқаштың бай мыс қазынасын теру үшін, тегін еңбек күшімен азық-түлік базасын жасауға жоспарланып ашылған Карлагтың қақпасы Қарағанды, Жезқазған теміржолы бойында орналасқан Қарабас болатын.

30-шы жылдардан бастап Інжілдегі, Спасскідегі және осы маңдағы ондаған түрмеге, Қарабасқа пойыз арқылы жеткізілген тұтқындар қысы-жазы жалаң аяқ, жалаңаш шеру тартатын болған. Спасскіде Карлагтан бөлек «Песчаный» деген үрейлі лагерь болған. Бұл жерден ешкім тірі шықпаған. Қарабас Карлаг қақпасы болса, Спасск оның бауырлар зираты болған. Сырқаттанып қалған тұтқындарды өлу үшін сонда жіберген.

Бұрынғы қазақ «Інжіл» деп атаған, қазір ескі аты ұмытылып «Долинка» деген атауымен ел жадында сіңірілген ауыл Карлагтың астанасы ретінде тарихқа енгізілген. 1911 жылдары онда 2630 адам тұрған. Неміс, орыс, украин

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ұлттары да болған. 4 мың қазақ киіз үй құрған, 1200 неміс, орыс, украин үйлері болған. 1930-1931 жылдары халықты зорлап көшірген. Олар Тельман, Осакаров, Нұра аудандарына қоныс аударған. Халық көшірілгеннен кейін бос қалған жерлерде мыңдаған тұтқындар мекендеді. Олар лагерьдің бүкіл аумағына орналастырылды. Теміржол салды, өздеріне барактар, мал қоралар, күзет жауынгерлеріне казармалар салды, бастықтарға тұрғын үйлер салды.

Жалпы аумағы қазіргі Қарағанды облысының сексен пайызын алып жатқан Карлаг, оның Жезқазғандағы Сеплаг, Астана маңындағы Алжир бөлімшелері туралы жазу біреп
Бір ғана Қарағандының іргесіндегі Спасск әскери тұтқындар түрмесі туралы әңгіменің өзі дәуір тарих.

Сванкулова Енлик

11 класс, средняя школа №15

г.Балхаш

Руководитель: Ш.Ш. Сатенова

Моя родина – Казахстан

Моя Родина-Казахстан, и я очень горжусь этим. Независимая, свободная, наша страна смело идет вперед, расправив свои гордые плечи, навстречу своему будущему. Олицетворяя собой барса, Казахстан решителен и тверд в своей политике, но наша политика миролюбивая. Наш народ протянет руку дружбы, помощи, сотрудничества любому государству. Казахстан-государство перспективное, развивающееся. Я считаю, что в будущем он станет еще лучше, еще крепче. Миролюбивая политика государства, развитие интеллектуального и экономического потенциалов являются залогом будущего процветания.

Мы, молодое поколение, будущее Казахстана. Нам его строить и беречь, нам укреплять мир и дружбу между народами не только Казахстана, но и народов всего мира. Нам продолжать стратегию развития Казахстан-2050. И сейчас Казахстан – государство, с которым считается весь мир, государство, демонстрирующее разумную, миролюбивую политику нашего Президента.

Двадцать лет для истории, изучающей события, которые происходили на Земле миллионы лет назад, - срок микроскопический. Но ведь не скатилась наша молодая республика за это время в пропасть, не пополнила ряды стран «третьего мира», а, наоборот, - развивается, занимает достойное место в мировом сообществе. Двадцать лет - это только начало пути. Но «главное в

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

этом мире не то, где мы стоим, а в каком направлении движемся». А направление нашей страной выбрано правильное- это процветание всех нации и народностей, проживающих на территории республики, благосостояния людей, развитие экономики, образования, здравоохранения, культуры, мирное сосуществование с другими государствами.

В нашей стране есть все для успешного продвижения вперед: земля Казахстана богата полезными ископаемыми, есть народ, готовый трудиться на благо своей Родины. И если каждый из нас отдаст частицу своего труда и своей души родной стране, то рано или поздно наша Республика станет одной из богатых и уважаемых мировых держав. Я люблю свою Родину – Казахстан. Я верю в светлое будущее Республики. Каждый прожитый мною день – это прожитый день моей Родины. Мое будущее – это твое будущее, Казахстан! Прошлое – это наша история, настоящее – это претворение в жизнь идей всех казахстанцев, это общая работа над благополучием Республики Казахстан. А будущее – это 2050-ый год, в который мы верим и к которому будем идти шаг за шагом, день за днем.

Сейтбаттал Сұңқар

1 сынып, №76 Ә.Бөкейхан атындағы орта мектеп

Еліміздің мемлекеттік рәміздері

Жұмыр жердегі әрбір тәуелсіз елдің қастерлеп, құрметтейтін, мақтан етіп, асқақтата ұстайтын рәміздері бар. Мұндай рәміздер тек бертін ғана пайда болған жоқ, адамзат баласының ертедегі дүние тарихында да әр тайпа, әр ұлыстың өз таңбасының, белгісінің болғанын археологиялық қазбалардан жақсы білеміз.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа рухтағы рәміздерін қалыптастыруға, дайындап жасауға шын мәнісінде әр қазақстандық үн қостық десек, асыра айтқандық болмайды. Мемлекеттік тудың үздік жобасына бәйге барысында 600-ге тарта ұсыныс жасалынған. Солардың ішінде суретші Шәкен Ниязбековтың жобасы лайық деп танылды. Ту жобасының түпкі ойы негізінде жалпы адамзат қазыналары, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастықта атқаратын қызметі мен алатын орынын бейнелеп жатқандығы атап көрсетілді. Сондықтан әлем халықтары ұнатып, мойындаған зеңгір көк түсті таңдап алған. Бұл түс баянды бейбітшілікті, бірлікті, салауаттылықты аңғартатын мөлдір аспанды бейнелейді. Мемлекеттік жалаудың ортасында шұғылалы күн және

**Конкурс сочинений среди школьников
на патристическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

қыран бейнесі-алтын түсті. Матаның сол жағында қызыл түсті ұлттық өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Жалаудың ені мен ұзындығының қатынасы -1:2.

Егемен елдің Елтаңбасы қандай болу қажет дегенге үн қосқандарда аз болған жоқ. Байқауға 245 жоба ұсынылған. Солардың ішінен белгілі суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уалихановтың жобасы таңдалып алынды. Оның көркемдік шешімі негізінде шаңырақ, жұлдыз, сондай-ақ аңызға айналған пырақ және «Қазақстан» деген жазу бар. Мұндағы дәстүрлі қанатты тұлпарпырақ бейнесі биік самғауды, болашақ жайлы арманды білдіреді. Тұлпардың көкке самғаған қанаттары біздің ортақ отауымыз- шаңырағымыздың қорғап тұр, ширатылған мүйіз-қайсарлық, қайраттылық әрі көне тарихымызбен сабақтастық мәнісін береді.

Жаңа Әнұранның өлеңі мен сазы туралы айта кететін болсақ, 750-ге тарта жобаның М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Т. Молдағалиев тәрізді сөз зергерлерінің өлең сөзі лайық деп танылды.

Кейінірек Қазақстан Республикасының жаңа әнұраны 2006 жылы қайта қабылданды. "Менің Қазақстаным" әнұран ретінде алғашқы рет Н.Назарбаевтың иннаугурациясы кезінде орындалды. Әнұранның әуені 1950 жылдардан бері Қазақстанның бейресми әнұраны атанған Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әні болса, мәтіні аз кем өзгертілді. Мәтін авторы ретінде Н.Назарбаев өз ұсыныстарын енгізді.

Сейткамал Назерке

8 сынып, № 15 орта мектебі

Балхаш қаласы

Жетекшісі: Бақытқызы П.

Гүлдей жайнаған мектеп ауласы

Экологиялық тәрбиенің мақсат-міндеті жас ұрпақты өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін сезінуге тазалығын сақтауға қоршаған ортаға мейірімділікпен жанашырылықпен қамқор болуға тәрбиелеу

Осы бағдарлама аясында мектептебімізде «Жасыл мектеп» бағдарламасы арқылы мектеп іші мен ауласын көгалдандыру, гүл мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялап, қастерлеуге үйрету, жауапкершілікті қалыптастыру міндеті қойылған. Көктем айынан басталысымен мектеп ауласында көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар өсімдіктермен жұмыс жасай отырып оларды өсірудің қыр-сырын үйренеді. Ауламызда үйеңкілер, қарағайлар алаңы, қарағаштар қоршауы, жеміс ағаштар телімі, көпжылдық гүлдейтін ағаштар мен бозкілемдер алаңы, көгал, 14 гүлзар

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

көпжылдық және біржылдық гүлдердің түрлері егілген. Осы өсімдіктерді күтіп баптауға агроном Орлова Нина Николаевна мен гүл күтумен айналысатын ата-аналар Касибаева Сауле, Токбаева Анаргүлдің ақыл-кенестерін тыңдай отырып, оқушы мен ата-аналар ұстаздардың көмегімен ауланы гүлдендіреміз. Биылғы жылы 11 сынып түлектерінен естелік ретінде раушангүлдер аллеясы немесе ғылыми тұрғыдан розарий жасалынды. Онда 17 әртүрлі раушангүлдер егілді. Былтырғы жылы бөртегүлдер егілсе биылғы жылы дәстүрлі түлектер аллеясы раушангүлдермен толықты. Жаз айында осы егілген гүл мен ағаштардың күтімі осы оқушылар күнделік жүргізеді, соңынан ең жақсы зерттелген өсімдік бойынша зерттеу жұмысы жасалынып, оқушының өз жаз бойы жасалынған еңбегі зерттеу жұмысымен аяқталады. Оқушы өзінің өсірген гүлі мен ағашына қамқорлық жасай отырып, өсімдіктерді тани алады және бос уақытын зая кетірмейді, басқа зиянды әдеттерден өзін қорғайды және психологиялық жағынан өзіне сенімділігі молаяды. Себебі онда өзін-өзі үйрету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту арқылы балада өсімдік әлеміне қызығушылық туындайды. Мектеп ауласында былтырғы жылы егілген 7 түп раушангүлі мектеп ауласында ерекше тартымдылық береді. Себебі оны осындай аптап ыстық пен желді жерде өсіру өте қиын және көп еңбекті қажет етеді, сондықтан да бұл гүл оқушылардың мектепке деген шынайы сезімі мен еңбегінің нәтижесінде бүгінгі күнде бүр жарып тұр. Сондықтан да мектептегі экологиялық бағыттағы жұмыстарға оқушыларды жұмылдыру, гүл мәдениетін үйрету, олардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, жарқын болашағының негізі деп білемін. Жасыл желекке оранған, әсем қаламды, мемлекетімізді гүлдендіре беруге үлесімді қоса береміз.

Серік Мейрам

6 сынып, № 15 орта мектебі

Балқаш қаласы

Жетекшісі: Амирова А.А.

Б.момышұлы - әйгілі батыр

Адамзат баласы жер бетінде пайда болғалы бері көптеген оқиғаларды басынан кешті. Қазіргі біздің өмір сүріп отырған заманымызға дейін жер бетіндегі халық қалыптасу процесін басынан кешірді. Міне, осы оқиғаларды мен 5 сыныпта тарих пәнінен оқып білдім. Тарихтан қазақ елінің көптеген соғыстарды бастарынан кешкендерін білдік. Сонда мен өз Отанына, еліне адал

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

қызмет атқарып қана қоймай, қосымша жазушылықта да қабілетімен тарихта қалған Бауыржан атамyzды танып білдім.

Әлемдік тарихта Екінші Дүниежүзілік соғысқа көптеген мемлекеттер қатысқан. Олардың қатарында Қазақстанның жауынгерлері де бар болатын. Ондағы Ұлы Отан соғысына жай ғана қатысып қойған жоқ, ерлігі мен батырлығын дәлелдеген «Кеңес Одағының батыры» деген атақты қан майдандағы ұрыстардан кейін еліміздің 500 адамы иеленді. Өкінішке орай, қазақ халқының жанашыры, батырлардың бірі және бірегейі, әскери маман Б.Момышұлына сол тұста «Кеңес Одағының батыры» атағын берген жоқ. Тек 1990 жылы ғана еліміздің тәуелсіздікке қадам басқан шағында Н.Ә.Назарбаевтың тікелей араласуымен «Кеңес Одағының батыры» деген атақ берілді. Бұл заңды құбылыс еді. Себебі, кеңестік қызыл империяның әміршіл-әкімшіл басшылары ұлттар арасынан шыққан ұлтжанды азаматтарды шет қағатын немесе жалған жала жауып, тұншықтыруға тырысатын да әдіс-тәсілдері бар еді. Мұндайда қазақ: «Алтынды, құм бүркей алмас» деген ғой. Яғни, барлығына уақыт төреші екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Б.Момышұлы 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар (8-гвардия) дивизиясы құрамында майданға аттанды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына оралды. Ресейдегі Волоколамск, Грюнь, Крюкова, Бородино, Трашкова, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарға 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып, әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы - оның осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды.

Б.Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың бірі болды. Ол бұл әскер түрлерінің өзара тығыз байланыста әрекет етуіне баса көңіл бөліп отырды. Танк, артиллерия және тағы басқа әскери бөлімдерді (бөлімшелерді) полктар мен дивизиялар командирлері қол астына бере отырып, олардың (полктар мен дивизиялардың) өздігінше жауынгерлік қимылдар жүргізуіне мүмкіндік жасау тактикасын қолдады. Өзі қашан да ұрыс тағдыры шешілетін жерде болды.

Б.Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабынан оқып білдім. Б.Момышұлының

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

айтып кеткендері жетерлік. Бауыржан Момышұлының әрбір айтқан ұлағатты сөздері біздер үшін қымбат. Ең үлкен бақыттың бірі- Отанына, еліне, халқына қадірлі болу. Қай заманда болмасын, ер азаматтың қадірлі болмағы ел-жұртын жаудан қорғап, айрықша ерлік көрсетіп, халқының қамын ойлап, елі үшін ерекше еңбек сіңіріп, ерлігімен көзге түсіп, даңқ пен абыройға кенеліп, халқының сүйіспеншілігіне бөленуден көрініс табады. Ел тұлғалары- әрбір халықтың көркі, мақтанышы. Мен де Отаныма адал қызмет істеп, оның көркеюіне өз үлесімді қосып, елімнің сүйіспеншілігіне бөленуге тырысамын.

Бауыржан Момышұлының аты аталғанда, менде екі бейне көз алдыма келеді: бірі-батыр, екіншісі - жазушы. Менің де мақсаты - бойымдағы қасиеттерімді тек жақсы жағынан көрсетіп, Бауыржан атамдай жан-жақты болу, әр нәрсенің өз бағасын жақсы түсініп, шын бағасын бере білу.

Серова Александра

10 класс, КГУ «Гимназия №26»

г. Жезказган

Руководитель: Кушнир Л.Н.

Мы – будущее Казахстана

Расскажу о Сарыарке,
О желтой степи, золотом песке.
Здесь Улытау – священные горы –
Седою дышат стариной.
И здесь вольготно на просторе
Пасется лошадей табун степной...

Таким я вижу свой родной край, а он – сердце Казахстана. Застыли в степи менгиры, каменные бабы. Не одна сотня лет отделяет их от меня. И в то же время они рядом, только руку протяни. Касаясь тёплого камня, отшлифованного песком и ветрами, я чувствую, что прикасаюсь к Истории, к Прошлому. Когда июльское солнце неистовствует на степных просторах, мне слышится едва заметный шелест умирающих от зноя трав. Всё живое застывает в ожидании вечерней прохлады... В этой сухой неподвижности вдруг появляется тень орла. Смотришь в слепящее небо и видишь одиноко парящий силуэт. В потоке восходящего воздуха эта гордая птица обозревает подвластные ей просторы. Не случайно степной орёл обернулся золотым

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

образом на небесном фоне флага моей Родины. Природа, ландшафт, память слились в этом смелом и ёмком символе.

Есть в истории даты, которые поневоле заставляют оглянуться назад не только для того, чтобы вспомнить прошлое, но и для того, чтобы понять будущее и настоящее.

1991 год... На политической карте мира появилось новое государство – Казахстан. Оно только-только обрело независимость, оно словно белый лист. Я вижу, как у этого чистого холста стоит современный и деятельный политик – Н.А. Назарбаев. В нашем Президенте, на мой взгляд, удачно сочетаются твёрдость Аблай хана, мудрость и дальновидность Абулхаира и мужество Карасай-батыра. С каждым штрихом контуры на холсте становятся всё чётче и яснее. Так моё молодое государство делает свои первые уверенные шаги.

Теперь уже ясно, что Казахстан на правильном пути. На наших глазах создаётся правовое демократическое государство, строителем которого является новое поколение.

Казахстан набирает силу, становится богаче и краше. Каким верным был шаг в будущее, когда Президент страны издал указ о переносе столицы из Алматы в Астану. Выбор оказался точным и своевременным. За короткое время в степи возник красивый, современный город.

А вот и город Астана –
Столица, сердце Казахстана!
Как людям нравится она,
Вот левый берег, берег правый.
И Байтерек – он символ наш,
Он Древо жизни, вечный страж.

Сегодня я могу гордо сказать, что Астана – это город моего поколения, это столица, объединяющая всех казахстанцев. Одним из основных достижений стало возвращение забытых традиций казахского народа. А ведь в них отражен уклад жизни казахов, их привычки и национальные особенности. Наурыз – первый день нового года по восточному календарю – символ всеобщего обновления, радости, духовного подъёма, торжества добра; он способствует сближению и взаимопониманию людей. А как красива наша республика в дни празднования Наурыза, как счастливы и добры мои соотечественники! Сколько света, радости и тепла дарим мы в этот день друг другу. Издревле мой народ славился гостеприимством. Вот как сказал об этом поэт Кадыр Мырзалиев:

Будь чёрный, жёлтый, белый – всё равно:

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Казах любого к дастархану просит.
Казаху сердце щедрое дано.

Профессор М.Телемтаев в своей книге «Саф Сана – национальная идея казахстанского народа» пишет: «Что хорошо для одного, должно быть хорошо и для другого. Добро должно служить одинаково всем. Только в объединении людей на основании национальных идей, без различия национальности можно добиться хороших результатов».

Утверждается истина, что сохранить нашу независимость можно только одним путём – единством. Поэтому лозунгом для жизни нашего поколения должны быть слова: «Наша сила в единстве!»

Моё многонациональное государство напоминает мне радугу на высоком голубом небе. Трудно представить это явление природы одноцветным, так и мне сложно вообразить Казахстан моноэтническим государством. Единство и процветание страны – это реальность!

2010 год поистине стал значимым для нашей Родины. На саммите ОБСЕ, который проходил в Астане, обсуждались проблемы, касающиеся не только отдельно взятых государств, но и всего мира в целом. Можно уверенно сказать, что Казахстан вывел ОБСЕ на новый уровень.

Не могу не гордиться тем, что в моей стране состоялось самое мирное мероприятие – VII Зимние Азиатские игры. Казахстан – первая страна в постсоветском пространстве, которая организовала соревнования такого масштаба. Оригинальной идеей стало проведение Азиады в двух наших крупных городах: один из которых расположен у подножия гор, а второй раскинулся на равнине великой казахской степи. А каким невероятным стал прорыв нашей сборной на Летних играх в Лондоне! Казахстанские спортсмены завоевали семь золотых медалей. Семь раз в Лондоне звучал государственный гимн страны и поднимался наш флаг. Таковы результаты молодого государства за неполные двадцать два года Независимости. Если мы не собьёмся с пути, мы достигнем намеченной цели – войдём в число тридцати наиболее развитых держав мира. Для достижения этой высокой цели каждый казахстанец должен внести свой вклад.

Наше поколение живёт и трудится в новом тысячелетии. И если мы через всю свою жизнь пронесём любовь и тепло к дорогим нашему сердцу местам, то добьёмся ещё больших успехов.

Нашу ответственность за будущее Родины подтверждают слова поэта:

Мой Казахстан!
Ты лучше всех на свете.
Люблю тебя, как солнце на рассвете.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Ответят так и взрослые, и дети.
Наш Казахстан, мы за тебя в ответе.

Хочется верить, что наше Отечество будет по-настоящему сильным и справедливым, а люди, живущие в этой прекрасной, древней, гостеприимной стране, будут счастливыми. Как не гордиться священной землей, на которой жили МаншукМаметова, Сакен Сейфуллин, КанышСатпаев, Таир Жароков и многие, многие другие, чьи имена вписаны золотыми буквами в историю Казахстана.

Я моложе своей Родины на шесть лет. Моего будущего нет без прошлого и настоящего страны. Я стремлюсь хорошо учиться, изучаю иностранные языки, сочиняю стихи, открываю для себя много нового и интересного. Мне верится, что это и о нас писал Абай:

Острый разум чист,
Словно пласт ледяной,
В непослушном сердце – кипучий зной.

Я очень хочу, чтобы мной гордились родители, учителя, Отчизна. Я буду очень стараться. Возможно, я напишу замечательную книгу, или создам архитектурный ансамбль, или изобрету вакцину от страшной болезни. Пусть не я, мои одноклассники, моё поколение. Но наша Родина будет гордиться нами, а мы ею!

Радуюсь достижениям нашей республики, нельзя не думать и о проблемах. Большое беспокойство у нас, молодёжи, вызывает медленная гибель Арала, последствия Семипалатинского полигона, наркомания. Нужно вместе решать эти сложные вопросы.

Пришла ещё одна весна. Вокруг много улыбок, цветов, ярко-зелёных листьев. Легкий ветерок колышет наш флаг с гордым орлом, широко расправившим могучие крылья. Лучистое солнце тепло и ласково светит всем людям моей страны. Мы смело, уверенно смотрим в жизнь. Мы сильны прошлым нашего народа. Мы благодарны за настоящее. Мы верим в будущее родной Земли. Каким оно будет? Мне кажется, я вижу и слышу его. Слышу – в песнях степного ветра, в тихом шёпоте деревьев, в шуме стартующих ракет. Вижу – в пламенных зорях над моей Землёй, в мужественных лицах соотечественников. Я понимаю: судьба моей Земли – моя судьба. Ведь я маленькая частичка родной страны. А потому я точно знаю, что и на мне лежит ответственность за то, какой будет эта Земля завтра.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Тагиева Севиль

8 класс, школа №12

г.Сатпаев

Руководитель: Шеколенко Н.А.

Родина начинается с колыбели

О, Родина! Ты - мать и
колыбель.

Ты - всё! Любовь моя и
совесть...

Я родилась в Казахстане, в городе горняков Сатпаеве. Это моя родная земля, это моя Родина. Это мой дом, мой очаг счастья. Казахстан - удивительная, сказочная страна. Здесь есть всё: бескрайние степи, серые скалы, хвойные леса, спокойные озёра, высокие синие горы и золотые поля пшеницы. Здесь, как в сказке, сбываются наши мечты. Нет, наверное, в Казахстане человека, который бы не слышал о нашем городе, носящем имя первого казахского академика - Каныша Имантаевича Сатпаева. Несмотря на то, что наш город ещё молод (в этом году ему исполнится всего сорок лет), в нём приятно жить. И я думаю, что не далёк тот день, когда Сатпаев станет одним из самых красивейших городов Казахстана.

Родину мы называем матерью, потому что она кормит нас своим хлебом, поит своими водами, защищает от врагов. Родина-мать ласковая и требовательная. Она радуется нашим успехам и переживает, когда нам плохо или когда мы совершаем плохие поступки. Родину мы называем колыбелью, потому что с самого рождения она ограждает нас от всяческих бед, болезней, окружает любовью и заботой. С колыбелью у каждого из нас связаны воспоминания о детстве, о маминой любви, о её нежных песнях. Вспоминая колыбель, мы вспоминаем свою семью, свой дом, свою Родину.

Казахстан - страна, на территории которой живут представители более ста тридцати национальностей и народностей, и все они считают эту землю родной. Семья, в которой я родилась, многонациональная, в ней есть русские, украинцы, литовцы, молдаване и казахи. Мы крепко связаны друг с другом не только родственными узами, но и горячей любовью к земле, на которой родились и живём:

Моя любовь к родному краю безгранична.
И ничего нет здешних мест милей,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Ведь Казахстан - это моя Отчизна,
Я здесь живу, я поклоняюсь ей.

Богатырская сила и стать казахстанцев проявились в бессмертных подвигах Талгата Бигельдинова, Сергея Луганского, Ивана Павлова, Леонида Беды, Бауыржана Момыш-улы и многих других известных и неизвестных героев Великой Отечественной войны. Славу нашей стране принесли и олимпийские чемпионы: Серик Сапиев, Илья Ильин, Светлана Подобедова, Александр Винокуров, Ольга Рыпакова, Адильбек Ниязымбетов.

Героическое прошлое Родины, её прекрасное настоящее и величественные планы на будущее рожают у меня высокое чувство гордости. Казахстан, милая моя Родина! Ты всё испытала, ты всё можешь, тебе всё по плечу! Мы, твои дочери и сыновья, всегда с тобой. Я искренне верю, что ты станешь ещё богаче, могущественнее и красивее:

Мой Казахстан, живи и процветай.
Ты - колыбель великого народа,
Всю красоту и мудрость передай,
И сохрани для будущего рода.

Тлеуханов Бекболат

8 сынып, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп

Шет ауданы

Жетекшісі: Сагындыкова Г.А.

Бабалар мекені

Көгілдір кеңістік! Керемет ғажап дүние. Сиқырлы әлем! Самал желі сыбырлай ескен сырбаз дала! Ақ шаңқан қазбауыр бұлттар жүзген көк аспан! Бабаларымның шөгерген түйелеріндей мәңгілік ұйқыға кеткен өркеш-өркеш маңғаз таулар! Сылдырлай ағып, сыңғырлай күлген тұңғыық тұнығына ғасырлар сырын түйген күміс бұлақтар. Сымбатты қайық, құба тал, кәрі емендер осының бәрі жиылып келіп, менің көркем өлкемнің тірі картинасын құрайды.

Неге екенін кім білсін, бала кезден менің есімді, сәби санамды туған жерімнің, дархан даламның сұлулығы алатын. Осы өзімнің туған жеріме, Шет өңіріне кімдер келіп, кімдер кетпеді?! Небір жақсылар мен жайсандардың ізі калды. Қасиетті бабаларымыздың аты еш уақытта ұмытылмақ емес. Бүгінде туған өлкемде ата - бабаларымыздың атына көшелер беріліп, мешіт салынып,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ескерткіштер орнаған.

Күні бүгінге дейін ата сөзін жаттаған ақсақалдар осы өңірден шыққан батырлар мен би – шешендер туралы кезінде айтылған «Қара-шор Сеңкібай, Өлтекеде Жидебай, Тобықтыда Қараменде Жарылғап» деген мәтелді көкірегі ояу жастарға жаттатып келеді. Осы тіркес тегін айтыла салмаған сияқты.

Атақты Жидебай батыр 1731 жылы туған Дос батырдың немересі. Он жеті жасынан бастап Абылай ханның барлық жорықтарына қатысқан, хан қолының шолғыншы тобының басшысы, ту ұстаушысы болған. Әруағы түлкі екен деседі жұрт.

Жидекең сонымен қатар атақты домбырашы болған. Абылай қайтыс боларда шерткен «Қайран елім» деген күйінің шешуін айтып, ол күйді халыққа жеткізген. Батырдың мазары Ақсу-Аюлы ауылының терістік жағында жиырма шақырым жерде орналасқан.

Ел тұтқасы – әділ би, ел ырысы қайырымды бай демекші, заманда «Жақсы Жәкең» атанған Жанқұтты би қазақтың ұлттық кейпін, тәуелсіздігін сақтау үшін арпалысып, із қалдырған тұлғалардың бірі. Елді әпербақан, надан белсенді билеп кеткен заманда, ең әттеңі ол кісі туралы нақты дерек жиналмай қалған. Әйтсе де, Жақсы Жанқұтты бидің осы елдің тумасы екенін, аңызға айналған бабамыздың Ақсу-Аюлыда уық шаншып, шаңырақ көтеріп, осы жерде өмір сүріп, өз тұтастарымен бас қосқандығын кейінгі жас ұрпақ біліп өсіп келеді.

Халқын сүйген Жанқұтты би: «Бақыт-дәулет келерде ырыс қонады, ынтымағы елдің дұрыс болады»- деп, тек бірлік қана елге береке әкелерін өсиет қылған.

Жақсы Жәкеңнің шешендік сөздерін оқи отырып, ол кісінің от ауызды, орақ тілді шешен, қара қылды қақ жарған би екеніне көзім жетті. Шешенді «Жақсы Жәкең» атымен барша қазақ біледі. Өмір бойғы ізденіс Жанқұтты бойындағы Аллаға деген сенімге бастаған, табиғи тазалық, әділеттілікті бәрінен де жоғары ұстау- Жәкеңнің Алла алдындағы мәңгілік қарызын өтеуге талаптанғандығын байқататын тәрізді. Өмірінің соңында Меккеге сапар шегуі, сол жерде қайтыс болуы-бәрі бәрі Алла адамды жер бетіндегі ең саналы тіршілік иесі еткендігінде, оған ақыл, ой сипаттарын дарытқанына ризашылығы деген Жәкеңнің өмірлік мұратының шырқау шыңы деп ойлаймын. Бүгінгі күні ауылымызда Жақсы Жәкең атында мешіт «мен мұңдалап» көшенің қақ ортасында орналасқан. Қариялар, сонымен қатар жастар да имандылық жолына бет бұрған. Аппақ шатырдай кимешек киген әжелеріміз бен оюлы шапан киген ақсақалдарымыз мешітке қарай ағылып бара жатқанда қызыға қарайсың.

Өнерлі өрен, өскен өлке дегендей, туған жерімнен шыққан ақын-жазушыларды мақтанышпен айта аламын. Мысалы, атап айтар болсам, Қақпан

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

ақын, Маясар ақын, Зейнолла Игілікұлы, Ермек Мұстафин, Күмісбек ақын, бүгінде ауылдың беделді де белді азаматтары Серғазы ақын, Кәмел Жүністегі, Зәрубай ақын, Тезекбай Амандықұлы, Қоңыр Шәтекұлы тағы басқалары.

Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұхар жыраудың, Шортанбайдың, Біржан салдың, Әсеттің мұрасын молынан игерген. Ол өзіне от тілді Қақпан ақынды ұстаз тұтып, Шашубай ақынмен сан рет кездескен, Жамбылмен жүз көріскен ақын еді. Маясар ақын осы өңірдің Тағылы тауындағы Жоса бұлағында дүниеге келген. Балалық шағы, өмірі Шет өңірінде өткен.

Маясар Ұлы Отан соғысына үш бірдей баласын аттандырған. Олардың екеуінен қаралы хабар бір-ақ күнде жеткен. Қабырғасы қайысқан қарт ақын фашизмге өшпенділігін үдете түскен. «Біз жеңеміз» деген өлеңінде:

Шынжырлы иеттей жұлқынып,
Фашистер шапты халқыма.
Салтанатты елімді
Көндірем деп салтына
Ақ тілеулі адал ел
Қиыннан жол таппай ма,
Арам пиғыл сұм итті
Әділ ісім атпай ма,

- деп жырлайды.

Маясар өз жанынан терме жырлар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер де шығарған ақын.

Амандықта қадір жоқ,
Алдырған соң білерсің.
Денсаулықта қадір жоқ,
Ауырғанда білерсің,

- дейді қанатты сөзінде.

Маясар ақынның атына көше беріліп, қаз-қатар әдемі үйлер бой түзегелі де біршама уақыт болды.

Бабаларымызды мақтанышпен айта келіп, ойымды түйіндей келе, өнер иесі Зәрубай ақынның мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Бақыт деген байлық емес ұғымым,
Жыр боп шашыл, күй боп төгіл ғұмырым.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Бұлағыңнан бастау алдым бұлқынып,
Қасиетті туған жерім-ғұмырым.

Тұңғышбеков Сәбит

8 сынып, «№92 гимназия» КММ
Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы
Жетекшісі: Садвакасова К.К.

Менің отаным – Қазақстан

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Менің туып-өскен жерім - Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып- өскен.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған ауыл. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Сатпаев қаласынан басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және балабақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын. Иә, туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Балам, үйге кір» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Қазір жігіт болдым, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Мен өз әсем, көркем, көрікті, байтақ еліме, жеріме өте мақтанамын. Қазақстан азаматтары да өз елін мақтан тұтады деп ойлаймын. Мен Қазақ жерін сүйіп, мына өлең жолдарын арнаймын:

Қойнауы мол кенге тұнған,
Кең жайлауы малға толған.
Жерұйықтай жері жайсаң,

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Жаны – жомарт, елі – дарқан.

Ұшы-қиыры жоқ шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп-нәзік гүлдер бейне бір жасыл дастарқандай болып жайылады. Іле Алатауы, Ертіс, Сырдария, Амудария сияқты өзендері бар. Жерінің асты пайдалы қазбаларға бай. «Жері байдың – елі бай» дегендей, құнарлы өлкеміздің байтақ төсі – байлық пен берекенің, бақыт пен қуаныштың ұйтқысы.

Ел мен жер, оның көгілдір орманы мен мөлдір көлдері, байтақ даласы мен асқақ таулары – біздің басты байлығымыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан-ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына. Осы қазынаны сақтау жолында бабаларымыз үш жүз жылға жуық қанын төгіп, жанын пида етіп, азап пен қасіреттен құтылу үшін күресті. Бірақ аққан қан, төккен тер текке кетпеді. Қазақ халқының арманы іске асты. Бұдан 22 жыл бұрын ақ түйенің қарны жарылып, еліміз тәуелсіздігін жариялады.

Қазақстанның саяси өмірінің орталығы – жаңа Астана – Астана қаласы бой көтеріп, әрбір қазақтың көңілін марқайтып, болашаққа деген сенімін нығайтты. Бас қаламызда Ақ Орда, Қазақстан Республикасының Президентінің резиденциясы, Парламент және Үкімет үйі орналасқан. Қысқа мерзім ішінде «Думан» ойын-сауық кешені, «Аквапарк», «Пирамида», «Астана-Бәйтерек» және тағы басқа кешендер салынып, Астана сұлулығын, сәулетін, ажарын ашып, келген қонақтардың да, тұрғындардың да көңіл-күйін көтеріп, ерекше шабыт, әсерге бөлеуде.

Еліміз ұлтаралық қарым-қатынасқа аса зор мән беруде. Сондықтан да осы 22 жыл ішінде 140 ұлтпен 40-тан астам конфессияның өкілдерін мемлекет құру ісіне жұмылдырып, толыққанды қазақстандық ұлтты қалыптастырды. Елбасымыз адамзат тарихындағы ең ұлы адамгершілік қадам жасап, дүниедегі ең үлкен ядролық сынақ алаңы – Семей полигонын жапты. Осылайша мемлекетіміз әлемдегі бейбітшілік пен ізгі ниеттің үлгісіне айналды.

«Қазақстан ұлы держава болуы үшін бізге күш-қуаты, қажыр-қайраты мол, ақылды да ойлы, дарынды жастар керек», – деп Н. Ә. Назарбаев болашақ қазақ елінің азаматтары жан-жақты білімді болумен бірге, салауатты, денсаулығы мықты азамат болуына аса назар аударуда. Жастардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне, сапалы білім алуына жағдай жасалып, «Болашақ» бағдарламасы құрылды. Осы бағдарлама бойынша еліміздің талантты жастары шет елге барып білім алуда. Олар елге қайтып келген соң қасиетті қара шаңырақтың болашағы үшін еңбек етеді. Осынау береке мен байлығы шалқыған елдің халқы тату-тәтті өмір сүріп, өзге мемлекет халқының қуана да қызғана қарар алып мемлекет болатындығына сенімдімін! «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық» – деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау – әрбір

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

азаматтың міндеті. Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық.

Мен осындай еркін, азат елдің ұланы екендігімді мақтан етемін! Күн дидарлы Қазақстанның болашағы үшін аянбай еңбек етіп, кірпіш болып қаланатындығыма, келешек үшін жоба тауып, жол көрсететіндігіме уәде беремін, себебі тәуелсіздіктің туын биік ұстау – перзенттік парызымыз, бабалар алдындағы мәңгілік қарызымыз! Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным!

Федотова Мария

10 сынып, № 3 ЖББОМ

Жезқазған қаласы

Жетекшісі: Акмолдина М.С.

Дархан елім- Қазақстан !

Мен бақыттымын! Себебі, мен ынтымағы жарасқан, бірлігі ұласқан елде тұрамын. Бақыт бірлігі мен ынтымағы бар елге қонады екен. Демек, мен бақытты жерде туған елімнің бақытты перзентімін. Достығы дархан елімнің аты – Қазақстан!

Отан...Бұл сөз - әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз.

Құс ұясыз болмайтындай, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным - сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қастерлі өлке - Қазақстан.

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ халқы не көрмеді десеңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүрсілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл-тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» дейді ұлы дана халық..

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

«Тәуелсіздік - бізге тағдырдың кездейсоқ бере салған сыйы емес, қайғысыз-мұңсыз төңкерістің тартуы емес, мың өліп, мың тіріліп жүріп терген жемісіміз», - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Қарнымыздың тоқ, көйлегіміздің көк, уайым-қайғымыздың жоқ болуы – білекті батырларымыз бен жүректі аға-апаларымыздың арқасы. Қазіргі таңда тәуелсіз және егемен ел екенімізді білдіретін Елтаңба, Ту, Әнұранымыз бар. Мемлекеттік тіліміз-қазақ тілі бар. Өзге елдермен тереземіз тең, босағамыз берік. Экономикамыз да қарқынды дамыған.

Қазақстан - көп ұлтты ел. Оның құшағы кең әрі ыстық болғандықтан ешкімді де жатсынбайды. «Татулық – табылмас бақыт» екендігін әрдайым есте ұстайтын халық ынтымақпен, бірлікпен бір шаңырақ астында, бір үйдің ағайынды балаларындай тату-тәтті тіршілік етуде. Бұл қазақ халқының қонақжай халық екендігінің бір белгісі.

Қазақстанның қалалары, оның әрбір көшелері күннен-күнге көркеюде. Ресей Федерациясы десек - Мәскеу қаласын, Франция мемлекеті десек- Парижді, Англия десек- Лондонды көз алдымызда елестетеміз. Астана мен Қазақстан - егіз ұғым. Еліміздің жүрегі – Астана қаласы. Ғасырлық тарихы бар, аты аңызға айналған мемлекеттердің астанасынан кемде- кем түспейді. Қазақстанның қазіргі таңдағы беделі жаман емес. Білім, өнер, спорттан Қазақстан дүние жүзіне біршама танымал. Дәл қазіргі кездегі Қазақстанның алға ұмтылысы да адамның мерейін өсіреді.

Егемендігін алғанына жиырма екі жыл ғана толған жас Отанымның күн өткен сайын жан-жақты дамып, көркейіп келе жатқанына қуанамын. Мен ауыз толтырып мақтауға тұрарлық, мақтана аларлық мемлекет – Қазақстанда туғанымды мақтан етемін. Осының айғағы ретінде Қазақстанның ЕҚЫҰ –на төрағалығына көп елдердің бірауыздан сайлағандығын, Қысқы Азияданың, ЕХРО- 2017 халықаралық көрмесінің өтуін айтуға болады.

Елбасымыз айтқандай ХХІ ғасыр-жастар ғасыры. Мұқағали ағамыз:

« Сендердікі қоғам, өмір, заман да,
Сен түзеген қалаңменен далаң да,
Болашақта барлығы да сендердікі, жас ұрпақ,
Сендерге аманат етіп табыстаймыз, қабыл алындар!», -

дейді.

Біз - халқымыздың үміт артарымыз, өлкемізді көркейтіп жасартары да біз -жастар. Бүгінгі таңда жастарға барлық мүмкіншілік жасалған. «Болашақ» бағдарламасы бойынша дүние жүзінің түкпір- түкпірінде еліміздің жастары білім алуда. Дарынды балаларға арнап зияткерлік мектептер әр облыстарда кезегімен ашылуда.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Қорытындысында, ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екендігімізді мақтан етейік!».

Хабалхан Ляззат

10 сынып, №8 орта мектебі

Балқаш қаласы

Жетекшісі: Жұмабаева М.К.

Жетім көрсең жебей жүр

Иә, перзент-Алланың адам баласына сыйға тартқан періштесі. Қазақ - өз баласын жетіге дейін патшасындай сыйлаған, он беске дейін шаруаға салып жұмсаған, он бестен кейін ең жақын досындай сырласа білген. Жетімін жаутаңдатып көп қолына қаратпаған, жесірін қаңғыртпаған, тастамаған ел едік, қазіргі жайтпен салыстыра отырып, көне, сүрлеуі кеткен дара жолдан адаса бастағанымызға куәлік ету неткен қасірет десеңізші! Әр адам өз өмірінің қожасы, тек осынау жеке дара қожалыққа ерте бастан өзгелердің қол сұғуын қатыгездікке жатқызамыз ба, заңсыздық деп шешсек пе екен? Ащы да болса шындық, қазақ ұлтына қара таңба болып басылған бітеу жара, бабалар аманатына қиянат жасалған ұрпағын өзгеге сату болып отыр. Шындығына келгенде “тұл жетім болып жер басып жүргенше өзге елде тәрбиеленгені де дұрыс па” деп ойлайсың. Алайда, жат елдің тәрбиесін көріп өскен бала өз Отанын білген күннің өзінде ыза-кекпен өмір сүруі ықтимал. Бәлкім, өзін, осы дүниеде өз анасына да, туған әкесіне де, керек десеңіз, еңбек етер Отанына да қажетсіз адам ретінде сезінетін болар. Табиғаттың тылсым күштері, заңдылықтары мен таңғажайыптары тәрізді адамның жан дүниесі қазынаға толы алтын сандық. “Жетім көрсең жебей жүр”- дейтін қазақтың шаңырағына нәубет күннің тууына не себеп? “Неге қазағымыз тарыдай шашылып өзге қолында кете барды” дегеннен гөрі “бейкүнә сәбидің дүние есігін аша сала тағдыр тауқыметін тартуына не себеп” деген сұрақ қойған жөн сияқты.

Әлбетте, ең алдымен, жауапсыз, тасжүрек, қатыгез, көкек анадан жауап талап ететініміз сөзсіз, бірақ неліктен әке жайын сөз қылмаймыз? Отбасы, шаңырақ құру деген ұғымдар әрдайым тек екі жанның ынтымақтастығы мен сыйластығының арқасында құрылуы қажет. Әйел адам үй шаруасын, бала тәрбиесін атқарса, ер адам түзде жұмыс жасайды. “Көкек ана, көкек ана” дегенмен “көкек әкені” де талай көзіміз шалып жүр, сол себептен жауапкершіліктің барлығын қыз баланың мойнына жүктемей, ер

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

азаматтар жайында ойластырып көру керек емес пе? Адам –өз қателіктерінен сабақ ала отырып болашаққа қадам басады, өкінішке орай, жастар өз қателерін түзеуге тырыспайтын да сияқты. Оның дәлелі шет елдегі қазақ балаларының ата-анасы, яғни өгей әке- шешесі туған анасын іздеп тапқан күннің өзінде, тасбауыр ана бүлк етпеді, перзентін көруден бас тартты, қашты. Тіптен, өзінен алысырақ жерде болғанын жөн көріп те жүрген болар. Перзентінен аямай аузындағысын жырып беретін ет пен сүйектен жаратылған, мейірімді, қамқор аналар тасжүрек, көкек ана мен қайырымсыз-қатыгезге қалайша айналды екен. Көкек ана ана да – аялы алақанымен бала бесігін, бір қолымен әлемді тербеткен ана атаулыдан туғаны белгілі, тағдырға не шара, күнәсіз пәк сәбиді көргенде өзінің балалық шағы есіне түспеді ме екен «өгізге туған күн, бұзауға да туады»- демей ме, ертеңгі күні анасына қажетті болмаған, ана тәрбиесін көре алмаған бала өз ұрпағына қандай тәрбие бере алады. Қанша қамқор болса да, туғанындай болмас. Түрі, діні, тілі, ұлты басқа жандармен етене жақын болу, үйренісіп кету қиын ғой. Жатқа бала беру қаржы табудың сұрқайы, сұрықсыз жолы ма, әлде өзімізден алатын ешкім болмағандықтан ба? Не де болса, өзге жұртқа «бала сатумен танымал болғанша, ер-азаматтарымызбен, ұлттық өнімдерімізбен, экономикамызбен, Отан қорғар батырларымызбен, арқа сүйер жастарымызбен танылайық». «Көп түкірсе -көл»- мәңгілік ел боламын десек түзеуді ұмытпауымыз керек, өз перзентінен безінген ата-анадан күнәһар ешкім жоқ, сірә!

Отан-ана, сол себептен өз ұрпақтарыңның басын қос, талай тауқыметті көппен бірге көтере білдің, үш жүзге бөлінгенде де бірлік жеңіске жетіп еді, ел аман, жұрт тынышта нәубет төнуден сақтасын, осыған дейінгі балалар енді шет елдік, бірақ әлі де кеш емес, бірақ асығуымыз қажет екенін де естен шығармайық! Жұрт бірлігі –қамқорлықтан. Мысалға, Каталония аймағында тіптен «балалар үйі атымен жоқ»- деседі. Олар өз балаларын өзге тұрмақ туысқанға тастап кете бармайды, қайғылы оқиға негізінде ата-анасынан айырылып жатса, туғандары өз қамқорлығына алады. Дәл сондай заман қазақ елі үшін де өте керек, ауадай қажет. Әйтпесе, қазақты қорлау таусылар емес.

Біздің елден кеткен жетім балалардың ең көп бөлігі Америкаға кеткен. Сонда олардың өздерінде жетімдер жоқ деп ойлауға болмайды. Жетім де жесір де болса соларда болсын. Олар өздерінің жетімдерін жарылқамай отырып, қазақтың жетімдерін қалай есіркей қалды?! Мұнда нендей жымысқы ой, сұрқия сұмдықтың бұғып жатқаны бізге белгісіз. Елбасы өзінің биылғы Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын алға тартты. Оған қалай жетеміз, қалай Мәңгілік Ел боламыз? Жетімнің жаутандап жат жерде жүрсе, қабырған қайыспай қамсыз, мұңсыз боламыз ба?

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Сұрақ көп, жауап біреу. Жетімдерді шырылдатып, шетелге өткізуіміз кұдай алдында да, ар алдында да ақталмайтын күнә. Халқымыз «ішіме сыйған бала, сыртыма да сыяды» деуші еді. Көңіл тарылмаса екен...

Шакирова Ульяна

5 класс, СОШ № 17

г.Караганда

Руководитель: Савченко Н.С.

Казахская интеллигенция

Период XIX-XX веков стал новым этапом в развитии интеллектуальных сил народа в Казахстане. Шёл процесс формирования национальной казахской интеллигенции, часть которой получило европейское образование. Учёба оказала положительное влияние на национальный язык и литературу, воспитывала молодежь в духе дружбы народов. Казахи, выпускники учебных заведений в России, возвращались в родные аулы и города, передавали свои знания землякам.

Казахская интеллигенция стремилась помочь своему народу в борьбе за независимость, боролась за право каждого человека и каждого народа за свою личную свободу и свободный доступ к достижениям своей человеческой культуры. В начале XXвека культура в Казахстане получила дальнейшее развитие. Расширилась сеть начальных школ, мектебов, русско-казахских училищ. Казахская молодёжь училась в российских университетах. Создавались журналы, которые способствовали развитию литературы, языка. Начало свою работу русское географическое общество. Оно начало изучение природы страны, хозяйства, быта, материальной и духовной культуры, фольклора местного казахского населения. Казахская литература становится разнообразнее: пишутся первые романы, рассказы, критические статьи, очерки.

Казахское общество стало более активно развиваться с помощью казахской интеллигенции.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Қарагандинская область**

Шалина Айзере

8 сынып, ЖББОМ № 6

Қарағанды қаласы

Жетекшісі: Шунеева А.Е.

Менің Қарағандым!

Қарағанды маған өзінің шежірелі тарихымен, береке –байлығымен өте қымбат.

Қарағанды - өзіндік табиғи бітім-болмысымен дараланатын, кесек тарихы, оқшау ерекшелігі бар, уақытпен бірге жаңғырып-жасарған мекеннің бірі. "Өткенінді ұмытсаң, өшкеніңнің белгісі, Өткенінді еске алсаң, өскеніңнің белгісі!" - деп халық даналығы айтқандай, әлем таныған қаламыздың көне тарихын, мәдениеті мен өнерін біліп, күн санап қанат жайып, көркейіп келе жатқан әсем қаланың бүгінгісіне қуанып, келешегін оймен барлаймын.

Қарағандының әрбір тұрғыны өзін бақытты санайды. Мен де солардың қатарынан өзімді әрдайым көремін.

Кең дала, кең қала асқақтайды,
Тамсандырып күндіз күн, аспанда айды.
Ерен еңбек ордасы – Қарағандым,
Өзіңменен ұштасқан бар арманым!

- деп ақынмен қоса менің де жыр төккім келеді.

Жаңа заманның жасампаздық қуаты, халықтың жойқын күшін жақсылыққа шоғырландырар құдіреті – бір ғана осы қаланың дидарынан көрініс тапқандай. Міне, қиялға бергісіз шындық көз алдарыңызда тұр.

Бақ түнеп, қызыр қонған Қарағандым
Баянды бақытыма балағанмын.
Кен қоры қойнауында тұна қалған
Киелі, құт мекені бабалардың.

Шынында да, жарқын заманмен бірге қазыналы Қарағанды да түлеп, жаңғырып, көркейіп, өркендеген. Адамдар сияқты қалалардың да өмірбаяны бар. Қарағанды - сол жаңа заманымызды орнатушы адамдарымыздың күрес жолы, еңбек жолы, ерлік жолы туралы өзінше бір дастан сияқты. Әдетте, біз оны қысқаша ғана көмірлі Қарағанды дейміз. Кезінде қанат жайып өркендеуіне өзек болған да оның мол көмір қазынасы еді. Ал, қазір Қарағанды

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

шахтерлердің ғана емес, машина жасаушылардың, химиктердің, құрылысшылардың, ғалымдар мен студенттердің де қаласына айналып отыр. Кеншілер астанасы – Қарағанды қаласы мәдениеті дамып, саяси өмірі қайнаған ірі өндіріс орталығы ретінде бүкіл әлемге танымал.

Қазақ халқының қонақжайлылығының, кең пейілдігінің арқасында, қазақ жерін басқа да көптеген ұлттар пана етіп, біздің халқымызбен тату-тәтті өмір сүруде. Қаламызда 113-тан аса ұлт өкілдерінен құралған 471,8 мыңнан астам адам тұруы – соның айғағы.

Туған жерді Анам демей не дейін,
Туған жерді панам демей не дейін.
Туған жермен асқақ менің ән-жырым,
Туған жермен асқақ менің мерейім,

-деп ақындар жырға қосқан қасиетті өлкеде қазақтың мерейін көкке өрлеткен талай ақындарымыз бен жазушыларымыз өмірге келгені белгілі.

Қарағанды – Қазақстанның орталығы, жүрегі болғандықтан, қазақ әдебиетінде үлкен тақырыптың жыр дариясына айналған. Көптеген ақын-жазушылар көмірлі, егінді, малды құтты өңірдің жаңа дәуірдегі жаңалықтарын, халықтар достығын өздерінің повестерінде, дастандарында, жекелеген өлеңдерінде, очерктерінде, әңгімелерінде жан-жақты бейнелеген.

С.Ерубаевтың шахтерлер өмірінен жазған «Менің құрдастарым» атты романы қазақ әдебиетінің жұмысшы тақырыбына арналған елеулі шығармаларының біріне саналады.

Ал ауыл адамдарының, Қарағанды кендері мен цехтарында істеген сан ұлт өкілдерінің іс-әрекетін, мінез – құлқын, үміті мен арманын сөз жүзінде емес, қатарласа еңбектеніп жүріп іс жүзінде көрген, таныған Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романы Қазақстан келбетін жаңартып жіберген өндірістік өрлеу дәуірінің шындығына қанықтырады.

Батырлық, ерлік жырларының жаңа үлгісін жасаған, қазақ поэзиясын жаңа өреге көтеріп жырлаған танымал майдангер- ақын, жерлесіміз Қасым Аманжолов Ұлы Отан соғысында қаза болған ақын Абдолла Жұмағалиевтің жарқын бейнесін «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында мәңгілікке жыр етіп қалдырды. Ерлерді есте сақтап, ұлықтау дәстүрін бізге қалдырғанның бірі - осы ағамыз. Ақын ағаларымыз бірін-бірі дәріптеді. Өйткені атам қазақ «Өсер елдің балалары бірін-бірі батыр дейді» демей ме?

Қазақстан тарихындағы екінші жоғары оқу орны және еліміздің бұрыннан келе жатқан ірі университеттерінің бірі - академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Ебіней Бөкетов 70-тен астам авторлық куәлікке ие болған еңбекқор ғалым, белгілі жазушы әрі аудармашы.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ҚарМУ-де тек біздің елдің жастары ғана білім алмайды. Университет қабырғасында Қытай, Оңтүстік Корея, Италия, Ресей, Монғолия, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстаннан келген 200-ден аса шетелдік оқушы білім алуда.

Қарағанды өңірінде дүниеге келген С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. Жаңашыл ақын поэзия мен драматургияға көп жаңалықтар енгізді. Өлеңнің түрі мен мазмұнында түбегейлі өзгеріс жасап, қазақ халқының поэтикалық дәстүрін дамытты. Халық әдебиеті материалдарын мол жинап, зерттеулерінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жанрлық жағынан жіктеп, идеялық-көркемдік талдаулар жасайды. С.Сейфуллин қазақ әдебиетінен мектептерге оқулық жазу ісіне де қатысқан. Қазақ әдебиетінің кадрларын даярлауға, алғашқы кітаптарын бастыруға көп күш салады. Еліне сіңірген еңбегі еленіп, қаламыздағы драма театрына есімі берілген.

С.Сейфуллин атындағы қазақ мемлекеттік драма театры Бұқар жырау даңғылы бойында сұлу келбетін тік ұстап тұр. Қазақстан Республикасы ғана емес, әлемге танымал театрымыздың репертуары өте бай. Республика көлеміндегі және халықаралық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Оған театр есігін ашып кіргеннен соң-ақ қабырғадағы ілулі марапат қағаздарды көріп көзіңіз жетеді.

Қала аумағында елудей тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Соның бірі – «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», өкініш пен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде де ел мұңын «асау жүрегінен» ағыта, шабытты жыр ғып төккен алып Абай атамyzдың ескерткіші. Жыл сайын туған күнінде қала оқушылары жиналып, атамyzдың өлеңдерін жатқа оқып, ескерткішінің алдында ақын рухына бас иеміз.

... Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың,
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың,

- деп Үмбетей жырау жырлаған, аты аңызға, жыры ұрпағының рухани қазынасына айналған Бұқар жырау Қалқаманұлының ескерткіші өз есімі берілген даңғыл бойында биік тұғырдан қала жұртына ойлана көз тастап тұр.

Ешбір уақыт ұзақтығы, мерзім межесінде көмескіленіп, «көзден таса, көңілден ұмыт» қалдыра алмайтын жылдар, елеулі оқиғалар болады. Жерлесіміз Нүркен Әбдіровтің ерлігін кім білмейді?! Ұшағын жаудың аэродромына бағыттап, өз өмірін саналы түрде құрбан еткен ағамызды кейінгі

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ұрпақ ұмытпақ емес. Орталық алаңда жау төбесінен жай оғын ойнатқан ұшқыш Совет Одағының Батыры Нүркен Әбдіровтың шырқау шыңға көтеріліп алып, жауына шаншыла түйілген қырандай қола мүсінді бейнесі оның өз есімімен аталатын даңғылда тұр. Ерлігіне мың мәрте бас иеміз!

«Отан үшін отқа түс, күймейсін» деген халық мақалын мен өзімнің бойтұмарымдай қастерлеймін. Бұл сөзді өзімнің сыныптастарыма ұран қылып, гүлденген Қарағандымның құндылықтарын сақтауға, оған өз үлесімізді қосуға шақырамын. Біздің қазіргі мақсатымыз – сабақты жақсы оқып, үлкендерді тыңдап, табиғатты аялап, еліміздің гүлденуіне кішкене болса да сәбилік жүрегімізбен қолғабыс беру.

Біз - балдырған тең басқан,
Дос құшағын елге ашқан.
Тілегіміз – бейбіт күн,
Ашық болсын кең аспан,

- деп ақын ағамыз С.Оспанов айтқандай, менің де тілерім – ашық аспан, бейбіт күн! "Менің Қарағандым" деген асқақ ой, ыстық сезім жүректерінде ұялап, дүрсілдеп соққан жүрек лүпілі «Елім, Жерім, Отаным» деп соқсын! Тәуелсіз, іргесі берік елдің әрбір жас ұланы Қарағандымызбен қалай мақтанса да жарасымды.

Айтармыз талай-талай дастан әлі,
Жанымның туған ел ғой асқақ әні.
Біз үшін Отан деген ғұлама сөз,
Қарағанды құшағынан басталады.

Шапай Топе

8 класс, школа-лицей №7 им. К.И. Сатпаева

г. Жезказган

Руководитель: Махатова Б. К.

Люблю тебя, мой Казахстан!

Быть патриотом своей Родины – это
носить Казахстан в своем сердце.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Н.А.Назарбаев

Мой Казахстан – это самая дорогая, важная, драгоценная, горячо любимая страна. Это Родина моя... Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана. Многонациональна как наша страна и моя большая родня. Есть в ней и казахи, и татары, и лезгины, и русские, и корейцы. Для всех эта земля стала родной. Стремление к согласию живёт в крови каждого народа, но особенно оно развито у казахстанцев.

Щедра казахская земля, и характер у казахского народа то же щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землёй напевы домбры, украинские и немецкие песни. Пусть танцуют люди польку и лезгинку. Народ Казахстана един. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие будущего процветания.

С чего начинается Родина? На этот вопрос каждый отвечает по-своему. Но смысл каждого ответа один – любовь, патриотизм, нежность... Родина, можно сказать, начинается с малого – с детской кроватки, в которую нас клали мамы нежные руки, колыбельные песни и прочитанные сказки, весёлые игры во дворе. Со школы, где дорогие наши учителя дают нам знания. Ведь всё это тоже Родина.

Что такое Родина наша?
Солнце, лес, дыхание пашен,
Сад в цвету, где мокнут пчелы,
И твой дом, и огни твоей школы.
Наша Родина – труд и праздник,
Сто дорог для тебя самых разных,
И любовь твоя к папе и маме,
И ты сам – не один, а с друзьями.

Мы, молодое поколение – будущее Казахстана. Нам его строить и беречь, укреплять мир и дружбу между народами. Мы должны сохранить мир на древней и прекрасной земле – это важнейшее условие процветания. Каждый человек, живущий на планете, испытывает чувство гордости за свой народ, за свою страну, свою землю и историю. И нам сегодня надо помнить о прошлом, знать настоящее, чтобы построить будущее. И я призываю всех своих сверстников, всех молодых людей, посвятить себя служению Родине – Республике Казахстан.

Какого человека можно назвать патриотом? На мой взгляд, это человек, который должен почитать место своего рождения и проживания, уважать местные традиции, уважать своих предков, земляков, проживающих рядом с

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

ним, стремиться помогать людям. Работать для улучшения и развития своей Родины, ее озеленения, благоустройства. Поддерживать земляков и соотечественников, укреплять дружеские отношения с соседями, с сослуживцами, с одноклассниками. Выступать против тех, кто разрушает нашу Родину, наносит вред, угнетает сограждан. Бороться со сквернословием, с загрязнением окружающей природы, с вредными привычками. Потому, что алкоголизм, наркомания, коррупция, унижение достоинства человека - все это элементы проявления различных форм непатриотизма.

Наш президент возлагает большие надежды на молодое поколение. «Главное, чтобы у молодых, приходящих к руководству страной, было чувство патриотизма». Мысли и дела главы государства всегда устремлены в будущее. «Я часто спрашиваю себя, - заметил Нурсултан Абишевич, - каким он будет - «казахстанец будущего». Сегодня, глядя на вас, я вижу его. Его глаза должны гореть жаждой новых знаний. Его ум должен быть отточен для решения самых сложных задач. «Казахстанец будущего» - это высококлассный специалист, владеющий казахским, русским и английским языками, он социально активен, мобилен, не боится перемен. И я верю, что всегда будут с гордостью произноситься слова: «Мы, народ Казахстана», а при звучании Государственного Гимна на глазах будут наворачиваться слезы от гордости за страну.

Я люблю свою родную страну, люблю свой родной город, город Жезказган. Жезказган – это легенды и были, это герои труда и просто красивые душой и поступками люди. Растет город. Как могучее дерево. Взращаемое заботливыми, мозолистыми руками. Растет город, раскинувшись вширь ветвями улиц, чеканя памятные знаки на ладонях своих площадей и скверов, будто посылая телеграммы будущим поколениям.

Растет Жезказган, устремляясь в будущее. Крепки и надежны его корни.

Звездной скатертью небо синее:
Россыпь медная, звездостан.
К звездам катится песнь орлиная
Песнь заветная-Жезказган.

Живет на земле счастье. Оно большое и разное. Высокое счастье – увидев звезды, вернуться к родному порогу, обнять отца с матерью, посидеть с друзьями, послушать, как поют птицы, как шепчут березы родной земли. Я знаю, что я всегда буду беречь это большое счастье.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Шахиджанова Римма

10 класс, гимназия №26

г. Жезказган

Моя Родина – Казахстан

С начала существования человечества у него зарождалось чувство любви к своей земле, своему краю. Если бы человек не обладал этим чувством, он не знал бы своей истории, своего прошлого, а значит, не задумывался бы о своем будущем.

Я родилась и живу в городе Жезказгане. Здесь я произнесла свои первые слова, сделала первые шаги. Я очень люблю своих родителей. Не только за доброту и понимание, а, скорее всего за то, что они самые близкие и родные.

Родина. За что её любят? Может быть потому, что она твоя? Впервые чувство любви к своему городу я испытала в детстве, после долгого отсутствия. Стало как-то необъяснимо хорошо на душе, тепло при виде тополей вдоль дороги, ведущей к моему дому. А какую радость испытываешь при виде улыбающихся лиц знакомых и друзей!

А потом, когда я стала постарше и поехала в Астану, к безграничной любви к Родине прибавилось еще и чувство гордости за нашу страну, наш народ. Астана - это город счастливого будущего, жемчужина Казахстана! Красивые улицы, современные здания поражают своей архитектурой.

Высокие снежные горы, бескрайние степные просторы, море, реки и озера - всё это наш Казахстан.

Нурсултан Абишевич в своем послании сказал: «Казахстан XXI века – страна, созданная с «нуля» всего за два десятилетия талантливым, трудолюбивым, толерантным народом! Это наше общее детище, которым мы гордимся! Это наше великое творение, которое мы беззаветно любим!..» Действительно, весь народ, вся страна помогает держать «штурвал будущего страны». В стратегии «Казахстан – 2050» каждый может найти для себя важные приоритеты. Глава государства в качестве ведущей цели нашего движения вперед обозначил создание общества благоденствия на основе сильной страны, развитой экономики и возможностей всеобщего труда. «2050 год – это не просто символическая дата. Это реальный срок, на который сегодня ориентируется мировое сообщество». Но чтобы стать развитым конкурентоспособным государством, мы должны стать высокообразованной нацией. Наше будущее не только нефть и газ. Наше будущее – это народ. Свободное владение русским, казахским и английским языками является обязательным условием для тех, кто хочет добиться успехов в жизни и внести свой вклад в историю независимой республики.

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

Казахстан – страна больших возможностей! Развитие идёт большими темпами. Сейчас мы только дети, но уже строим планы на будущее, мечтаем, кем стать в жизни, чтобы приносить пользу государству, приумножать богатства нашей Родины. Хорошо учиться, быть добрыми и щедрыми, уважать пожилых людей и сверстников - многое должно нас интересовать, мы не должны быть «глухими» к бедам и страданиям людей. Потому что мы берем пример с Главы нашей страны!

Я очень хочу пожать руку нашему Президенту, Нурсултану Абишевичу. Но в свою очередь, я буду делать все, чтоб он захотел пожать руку мне. Я горжусь нашей землей! Цвети, мой Казахстан!

Қазақстан...Туған өлкем!
Жарқырайсың, жайнайсың
Орман, тауым, кең далам,
Жүректе ән бол сайрайсың!

Эберман Инна

7 класс, школа №12

г.Сатпаев

Руководитель: Шеколенко Н.А.

Родина начинается с колыбели

Недавно в нашей школе был объявлен конкурс сочинений на тему «Родина начинается с колыбели». Я тоже решила принять в нём участие, рассказать о своей Родине, которую очень нежно и трепетно люблю.

Я родилась в Центральном Казахстане, в маленьком посёлке Весовая. Он-то и есть моя малая Родина. Моя Весовая - это единственное, пожалуй, место, где мне спокойно, тепло и уютно, где всё хорошо знакомо, привычно и дорого до самых мелочей. Я очень сильно привязана к своей семье, друзьям, посёлку. Мне страшно представить тот день, когда придётся покинуть свой дом и уехать учиться в другой город. Незримыми нитями каждый человек привязан к тому месту, где родился, где прошло его детство. Все мы родом из детства, все мы вышли из колыбели. Качаясь в ней, мы видели удивительные сны, наполненные светом и добром, слышали певучие мамины слова, познавали мир любви:

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Спи, моя радость, усни!
В доме погасли огни;
Птички затихли в саду,
Рыбки уснули в пруду,
Мышка за печкою спит,
Месяц в окошко глядит...
Глазки скорее сомкни,
Спи, моя радость, усни!

Своими песнями мама открыла мне дверь в мир сказок и надежд, веселья и добра. В этой маленькой колыбели и зародилась связь с родной землёй, с близкими мне людьми. Родина для меня началась с колыбели, с маминых песен, с первых шагов и первых книжек. Нежные, тёплые чувства просыпаются в моём сердце, когда я смотрю на деревья, которые несколько лет назад наша семья высадила возле дома. Я вспоминаю мамины руки, которые помогали мне крепче стоять на ногах, ощущаю неповторимый запах бабушкиных пирожков. Я вспоминаю маленького игривого котёнка в нашем дворе, с которым я с радостью играла. Поверьте, это очень приятные воспоминания. Мы вырастаем, детство уходит, но не проходит привязанность к месту, откуда ты родом. Я люблю свою Родину, свой посёлок, свою улицу и дом. И с каждым днём эта любовь становится сильнее. Детская колыбель стала для меня поистине золотой.

Я считаю, что каждый человек должен любить свою Родину. Она у него одна, и он с рождения несёт свою, пусть даже самую маленькую долю ответственности за неё. Нельзя забывать о том, что жизнь и судьба каждого из нас зависят от судьбы нашей Родины. Счастлива Родина - счастливы и мы. Родная земля щедра, как мать: тому, кто о ней помнит, она отдаёт всю свою силу. Любовь к Родине не объяснить, её можно лишь почувствовать. Эта любовь захватывает тебя постепенно, проникая в самые потаённые уголки твоего сердца. Её можно сравнить с любовью к матери, она такая же сильная и глубокая. Я горжусь своей Родиной, её успехами и желаю своей стране мира и процветания:

Родина!
Это мать моя родная -
Та же мудрость, доброта...
Всё в ней сердцем принимаю,
Каждая близка черта.

Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область

Юрова Лидия

Мир моих увлечений

С книгой я открываю взрослый мир... Что такое книга? По моему мнению, книга – это не просто напечатанный текст, а огромное количество информации. Зачастую книга даже может изменить человеческую жизнь, судьбу. В наше время можно издать книгу за две-три недели, и абсолютно каждый может воспользоваться столь быстрым изданием своего творения, но далеко не все из них оказываются «съедобными». С каждым днём ценишь всё больше и больше книги, которые могут воспитать вкус, привить интерес к литературе. Лев Толстой и Александр Пушкин прославились не «пустыми» рассказами, а серьёзными произведениями. Они навсегда оставили своё имя в истории страны и мировой литературе.

Все мы в детстве слушали сказки, детские рассказы из уст родных и близких. Тогда мы даже и представить не могли, что эти самые сказки воспитывают нас, учат добру. Сегодняшние малыши чаще проводят время у телевизора, смотрят фильмы с насилием, убийствами, даже современные мультфильмы не такие добрые. Какими же вырастут наши младшие братья и сёстры?

И всё же книга с раннего детства сопровождает человека. Она становится его постоянным спутником, помогает разобраться в трудных вопросах, решить важнейшие жизненные проблемы. Книга открывает нам окно в новый неизведанный мир, бескрайний, зовущий в свои просторы. Важна любая книга. Историческая расскажет нам о наших предках, войнах, восстаниях, и с расстояния прошлых лет мы посмотрим на настоящее, лучше оценим его и поймём. Эта книга станет нам путеводителем в века, в которые только она знает дорогу. Сидя за школьной партой, мы постоянно сталкиваемся с научной литературой. Книги по физике, химии, биологии становятся нашими справочниками. Они молчаливы, но сколько тайн содержат в себе, и с радостью они делятся с нами своим содержанием! Нам только надо научиться читать их и из чтения брать всё самое ценное. Художественная книга заставляет нас совершать удивительные путешествия в свой мир. Мы переживаем вместе с героями, радуемся их счастью, страдаем вместе с ними и ждём благополучного конца. Книга учит нас быть добрее, мягче друг к другу, учит милосердию, сочувствию. Она становится нашим верным другом в сложный момент, когда надо найти то единственное решение, которое поможет выйти из сложившейся ситуации. С любым вопросом можно обратиться к ней. Я не представляю, что можно прожить без книг. Это же скучно и неинтересно! Как иногда противно смотреть на лежебок, проводящих

**Конкурс сочинений среди школьников
на патриотическую тему – 2014 г.
Карагандинская область**

своё время за телевизорами и компьютерами. Какой от них толк? А книга – это ключ к знаниям. Читая её, ты узнаёшь много нового и полезного для себя. Правы те, что говорили: «Люди перестают мыслить, когда перестают читать». Именно книга хранит в себе всё то, что накопило человечество за все века своего существования в различных областях. Чаще приходите в храм книги – библиотеку, и там вам вновь откроется прекрасный и восхитительный мир!

Книга развивает человека, расширяет его кругозор. Интересно заглянуть в неё и увидеть прошлое: сражения, царей, рыцарские турниры, походы, войны, географические и научные исследования, узнать об истории своей родины и познать культуру и религию других народов. Книга развивает мышление и фантазию. Как здорово иногда бывает представить себя греческим героем или учёным, который вот-вот откроет новый закон физики, фараоном или царицей Египта, мысленно побывать в других странах и городах, очутиться то в католическом храме, то в православном соборе! Иногда узнаёшь в героях книги себя или своих друзей. Книги помогают нам принимать правильные решения, мы учимся на чужих ошибках и стараемся их не допускать.

Я считаю, что мне очень повезло в том, что я люблю читать и, надеюсь, умею это делать. Этим я обязана своим маме и бабушке. Я постоянно видела их за чтением, а личный пример, как известно, действует лучше всего. Ненавязчиво мне предлагались новые книжки, а домашняя библиотечка регулярно пополнялась. На все вопросы, возникающие у меня при чтении, я находила ответы. И мне очень нравилось обсуждать прочитанное. Вместе с бабушкой я рассуждала о том, хороший был поступок героя или нет, придумывала другой выход из ситуации, спрашивала маму, как она поступила бы на месте того или иного персонажа. И ещё, бывало, придумывала продолжение рассказа или повести, читала его бабушке, а бабушки, как известно, самые добрые и лучшие слушатели. Любой ребёнок может научиться читать, но уметь читать может даже не каждый взрослый.

«Всем хорошим я обязан книге», – так говорил Максим Горький. Я полностью согласна с ним, ведь роль книги бесценна, а без чтения жизнь в современном мире невозможна. Только в книге ты найдёшь необходимую информацию, требующуюся в твоей профессиональной деятельности. Именно в книге найдёшь успокоение, когда тебя преследуют неудачи или сомнения. Только с ней тебе не будет скучно или одиноко. Возможно, она подскажет тебе, как обратить на себя внимание понравившегося молодого человека. Быть может, в дальнейшем тебе понадобятся её советы по воспитанию детей или укреплению семейного союза. Одно несомненно: любой читатель благодарен книгам, потому что они открыли ему дорогу в будущее, во взрослую жизнь, научили его искать, сомневаться, ошибаться и идти вперёд, дружить, любить, видеть прекрасное и не останавливаться на достигнутом.